

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) саммитіне қатысу үшін Бакуге жұмыс сапарымен келді. Жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Әзербайжан Президентімен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі қонақжайлығы мен БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) алғашқы саммитін ұйымдастырғаны үшін Ильхам Әлиевке алғыс айта отырып, Бакуді «Каспий өңірінің інжу-маржаны», әлемдегі ең әдемі қалалардың бірі деп атады.

Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, Ильхам Әлиев пен бауырлас әзербайжан халықаралық құқық және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сай елдің аумақтық тұтастығын сақтауға қол жеткізгенімен құттықтады. Президент мұның айтулы оқиға екеніне назар аударды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазақ-

стан мен Әзербайжан арасындағы өзара қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

— Жаңа жобалар қолға алынып жатыр. Біздің арасымызда ешқандай түйткілді мәселе жоқ. Біз — шыннайы стратегиялық серіктеспіз, тіпті Каспий теңізінің екі жағын мекен еткен көршілерміз. Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі бірлескен декларацияның қабылдануы, сондай-ақ Жоғары мемлекетаралық кеңестің құрылуы қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жана деңгейге көтерген тарихи оқиға болды. Мен өзімнен бірге Бакуге толыққанды делегация алып келдім. Өйткені бүгінгі кездесуде, Әзербайжан Президенті.

байжан тарапымен шын мәнінде, толық форматты, мазмұнды келіссөздер жүргіземіз деп санаймын. Бұл — өзара қарым-қатынасқа қатысты бірқатар мәселе бойынша пікір алмасу үшін жақсы мүмкіндік, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті СПЕКА саммитіне қатысуға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Біз — достас, бауырлас әрі серіктес елдерміз. Соңғы жылдары ресми сапарлар аясында, екі ел үкіметтері мүшелері мен компаниялары шеңберінде өзара байланыстардың қарқынды түрде дамып келе жатқаны анық байқалады. Біз екі мемлекет арасындағы өзара ықпалдастықтың ең жоғары деңгейіне жетіп отырмыз. Бұл — тәуелсіз ел ретінде даму тарихымыздағы айтулы оқиға және халықтарымыз арасындағы байланыстардың рухы мен сипатына сай келеді. Мұның солай болатын жөні бар, — деді Әзербайжан Президенті.



Ильхам Әлиев Қазақстан Президентінің келесі жылы Әзербайжанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасына (СПЕКА) қатысушы мемлекеттер басшыларының бірінші саммитінде сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы, ең алдымен Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтып, Орталық Азия елдері басшылары мен жиынаға қатысушы құрметті қонақтарға ілтипат білдірді.

— Қазақстан 1997 жылы БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасын құруға бастамашы болды. Қазіргі уақытта бұл бағдарламаның өңірлік ынтымақтастықты кеңейту және жаһандық экономикалық процестерге қосылу тұрғысынан

тиімді платформаға айналғанын ерекше атап өткім келеді. Арнайы бағдарламаның 25 жылдығына орай ұйымдастырылып отырғандықтан, бүгінгі кездесуіміздің символдық мәні зор. Былтыр Қазақстанның төрағалығы аясында біз Бағдарламаның негізгі бағыттары жөніндегі ықпалдастықты нығайтып, оны жүзеге асыру үшін маңызды шаралар қабылдадық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан СПЕКА-ны дамытуға, сондай-ақ Орталық Азия мен Кавказ өңірінің ынтымақтастығын нығайтуға Әзербайжан Республикасының қосқан үлесін жоғары бағалайды. СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының бүгінгі тарихи әрі тұңғыш саммиті атқарылған ауқымды жұмыстың түйіні болмақ.

— Бүгінгі кездесу нәтижесінде біздің ашықтық, өзара құрмет пен сенім қағидаттарына негізделген көпжақты ынтымақтастығымыз-

дың көкжиегі кеңейетініне сенімдімін. Геосаяси тұрғыда бөлшектену белен алып, жаһандық экономиканың конъюнктурасы құбылып тұрған қазіргі жағдайда Арнайы бағдарламаның мән-маңызы арта түседі. Ортақ мүддені ескере отырып, СПЕКА-ны одан әрі дамыту жөнінде өз көзқарасымды ортаға салуға рұқсат етіңіздер. Орнықты даму қағидаттары мемлекеттеріміздің ұлттық стратегиялары мен бағдарламаларының өзегіне айналды. Бүгінде Қазақстанда мемлекеттік бюджеттің 80 пайызы орнықты даму мақсаттарына сәйкестендірілді. Үкіметіміздің ең басты міндеті — сапалы білім беру мен денсаулық сақтау ісінің баршаға қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Жұырда күшіне енген жана Әлеуметтік кодексте әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарды қорғау тетіктері жетілдірілді, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

АҒАЛЫҚ ҚЫЛҒАН АБЫЗЫМ



Нес-ағамның аққуға айналған жаны жеті қаттан асып ұшып, мәңгілік мекеніне қанат қағып кеткеніне де қырық күн толыпты. Қазанның қара аспанын қақыратып, жай түскендей болған суық хабарға илана алмай, жақсы ағаның арамсыздан аттанғанына сенгіміз келмей есеңгіредік.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ




Елімізде соңғы уақытта креативті индустрия туралы жиірек айтылып, бұл салаға мемлекет те аса мән беріп келеді. Бұл өз кезегінде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, өмір сүру сапасы мен өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға көп үлесін тигізеді сөзсіз.

ЗОРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

25 қараша – гендерлік зорлық-зомбылықпен күрестің халықаралық күні. Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысанын жою туралы конвенцияға сәйкес әйелдер мен қыздарды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғау демократиялық ұстанымдағы мемлекеттің, азаматтық қоғамның жоспарлы стратегиялық міндеті саналады. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, бүгінде әлем бойынша сексуалдық зорлық-зомбылықтан 1,3 миллиард әйел зардап шеккен және әрбір үшінші әйел өз өмірінде физикалық немесе сексуалдық зорлық-зомбылыққа тап болады. Ал гендерлік теңдік, нәсіл, этникалық тек пен ұлт, дін тағы басқа әралуандыққа қарамастан, тең қарым-қатынас орнату, тең құқылы қоғам құру – адамзаттың негізгі міндеті.

9»



«ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ»: РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НАУҚАН БАСТАЛДЫ

Құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, вандализммен күрес. Осындай мақсатпен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, «AMANAT» партиясының мүшелері, Ішкі істер министрлігінің және өңірлердегі Полиция департаменттерінің қызметкерлері «Қауіпсіз қоғам» деп аталатын қоғамдық ауқымды науқан бастады.

3»

ЖҮРЕГІҢ ЖАУРАМАСЫН...



Соңғы үш жылда Атырауда 500 грамм мен 2 келі арасындағы салмақпен 1 200-ге жуық нәресте перзентханадан шығарылған. Шала туған нәрестелерді аман алып қалуда медициналық көмектен бөлек, таза жүннен тоқылған киім-кешектердің де маңызы зор. Атыраудағы 50-ге жуық еріктіні біріктіріп отырған «28 ілмек» клубының нәрестелерге арналған киім-кешек тоқып келе жатқанына 11 жылдан асты. Біз осынау ерекше клубтың үйлестірушісі Валентина Верцанға хабарласып көрдік.

16»



БАУЫРЛАС ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы елдің барлық азаматы әлеуметтік, технологиялық және экономикалық прогрестің пайдасын тең дәрежеде көре алатын инклюзивті келешекті қамтамасыз ету мақсатында бұл бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыруға ниетті екенін атап өтті. Қазақстанның Алматыда Орталық Азия елдері мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның орнықты даму жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы бастамасы осы мақсаттың үдесінен шығады.

— Сауда мен өзара тиімді кооперацияны кеңейтуге елдеріміздің мүмкіндігі мол. Қазірдің өзінде Қазақстан мен СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы тауар айналымы қарқынды түрде өсіп келе жатқаны байқалады. Былтыр өзара сауда көлемі үштен бір есе артып, 10 миллиард долларға жуықтады. Тауар келешекте бұл көрсеткішті екі есе арттыруға толық мүмкіндігіміз бар деп санаймын. Біз бір-бірімізді бәсекеге қабілетті бағаға сай түрлі тауармен қамтамасыз ете аламыз. Осы арқылы өзге елдерден келетін импортты қысқартуға болады. Қазақстан СПЕКА елдеріне жалпы сомасы 2,3 миллиард доллар болатын 175 шикізаттық емес тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын. «Жасыл» дәліздер жасау, түрлі кедергіні алып тастау саудасаттық жөніндегі ынтымақтастығымызға, соның ішінде құрылыс, химия және тамақ өнеркәсібі салаларындағы ықпалдастығымыз-



ға тың серпін береді. Сонымен қатар біз серіктестеріміздің тиісті ұсыныстарын қарастыруға дайынбыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев СПЕКА аясында елдеріміздің өнеркәсіп кооперациясы саласындағы әлеуеті жоғары деп санайды. Бұл ретте энергетика, көлік-логистика, ауыл және су шаруашылығы салаларына арналған техника мен құрал-жабдықтардың инновациялық үлгілерін әзірлеу және оларды өндіру үшін машина жасау компанияларының тәжірибесі мен күш-жігерін біріктірудің келешегі зор. Президенттің пікірінше, өндіріс саласында тең негізде ауқымды жобаларды жүзеге асыру аймақ мемлекеттерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін нығайта түседі.

— Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуға ұмтылыс жасап отыр.

Соңғы бес жылда біз ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін екі есе арттырдық. Қазір 80-нен астам елге өнім экспорттаймыз. Біз СПЕКА елдерімен осы бағытта белсенді жұмыс істеуге ниеттіміз. СПЕКА елдері арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты ынталандыратын құралдарды ойлап табуға айрықша мән берген жөн. Осыған байланысты экономикалық даму мен интеграцияға ықпал ету үшін БҰҰ аясында СПЕКА арнайы қорының (trust fund) негізін қалау аса өзекті деп ойлаймыз. Арнайы бағдарламаның маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Қорға қаржылай үлес қосуға әзір, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аймақ бүгінде халықаралық көлік-транзит бағыттарын дамыту және әртарапандыру

ісінде өте маңызды рөл атқарады. Шын мәнінде, СПЕКА елдері Еуропа мен Азия арасындағы құрылыстарының көпшілігін қамтамасыз етеді.

— Бұл — орасан зор мүмкіндік. Оны дамыта түсуіміз керек. Бұл ретте халықаралық Транскаспий көлік бағытын өркендетуге үлкен үміт арттымыз. Орта дәлізді «Бір белдеу, бір жол» жобасымен, сондай-ақ Трансеуропалық көлік желісімен (TEN-T) және Global Gateway стратегиясымен ұштастырудың әлемдік саудаға мультипликативті әсері зор болатынына сенімдімін. Бұған қоса Қазақстан «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізін дамыту үшін белсенді ынтымақтастыққа дайын. Соңғы 15 жылда еліміз көлік инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Алдағы үш жыл ішінде 1300 шақырымнан астам теміржол салуды жоспарлап отыр-

мыз. Бұл Қытай, Оңтүстік Азия, Ресей және Еуропа бағыттарына жүк өткізу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Барлық серіктесті Каспий теңізіндегі порттардың қуатын арттыру, сондай-ақ жүк кемелерін бірлесе өндіру үшін ынтымақтасу жұмыс істеуге шақырамын. БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы мен ЭСКАТО тарапынан техникалық және сараптамалық тұрғыдан белсенді қолдау күтеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті экология және климат проблематикасы, сондай-ақ трансшекаралық су ресурстарын басқару жөніндегі бірлескен ғылыми-зерттеу және қолданбалы зерттеу жұмыстарын бастау маңызды деп есептейді. Оның айтуынша, бұл мәселенің СПЕКА елдерінің бәріне де қатысты бар. Бұл ретте бір ғана мемлекеттің жалғыз өзі табысқа жетуі мүмкін емес. Арал қасіреті — соның айқын дәлелі. Оның ауыр салдарын Орталық Азия елдері ғана емес, одан тысқары жерлер де сезініп отыр.

— Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде бір кездері әлемдегі ең ірі тұйық су айдындарының бірі болған Арал маңындағы қоршаған орта деградациясының алдын алу жұмыстарын күшейтуге ерекше мән бермек. Каспий теңізіндегі күрделі экологиялық ахуал да алаңдаушылық туғызады. Теңіздің табаны тайызданып, оған қуатын өзен суларының мөлшері күрт азайды. Биоресурстар қысқарып, антропогендік ластануға ұшырап жатыр. Каспийді құтқару ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықтың басымығына айналуда тиіс. Барлық мүдделі тарапты осынау бірегей су айдынының жағдайын жақсарту үшін ортақ іс-қимыл жоспарын

әзірлеуге шақырамын. Біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыз Каспийдің бейбітшілік және мүмкіндіктер теңізі ретіндегі мәртебесін нығайта түсетініне сенімдімін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2060 жылға қарай Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді мақсат етіп отырғанын мәлімдеді. Осы ретте Президент СПЕКА мемлекеттерінің басшыларын баламалы энергия көздеріне көшу мәселесінде бірлескен іс-әрекетті жандандыруға және Алматыда Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кеңесін құру бастамасын қолдауға шақырды.

Президент сөзін қорытындылай келе, бұл Саммит Арнайы бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін нақты механизмдер әзірлеуге мүмкіндік беретініне, сондай-ақ елдеріміз арасындағы достық және стратегиялық серіктестікті нығайта түсетініне сенім білдірді.

Саммит барысында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Грузия Премьер-министрі Ираклий Гарибашвили, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Ходжамурад Гельдымурадов, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы Татьяна Молчан, Азия және Тынық мұхиты өңірлеріне арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Атқарушы хатшысы (ЭСКАТО) Армида Салсия Алишахбана, сондай-ақ Шығанақтағы араб мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің Бас хатшысы Джасем Әл-Будайви сөз сөйледі.

АЙМАҚТАРҒА МОЛ ҚАРАЖАТ БӨЛІНЕДІ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының тиісті ұсынымына сәйкес, Жоғарғы сот судьясын қызметтен босату туралы мәселені қарады. Отырыс барысында сенаторлар 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет және Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы заңдарды да қарап өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Палата отырысында Мейрамбек Таймерденов Жоғарғы сот судьясы қызметінен босатылды. Сенаторлар тиісті шешімді ел Президентінің ұсынымын қарау нәтижесінде қабылдады. Аталған кандидатура Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және Құқық қорғау органдары комитетінің отырысында алдын ала талқыланғанын атап өткен жөн.

Сенат отырысына елдің Премьер-Министрі, Ұлттық банктің төрағасы, Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы, Үкімет мүшелері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заңда жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке 2 трлн теңге трансферт қарастырылған. Бұл республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және Ұлттық қордың тұрақтандыру функциясын іске асыруға мүмкіндік береді. Құжатты қарау нәтижесінде, сенаторлар заңды мақұлдады. Енді аталған заң қол қою үшін Мемлекет басшысына жіберіледі.

Сенат Төрағасы атап өткендей, қаралған «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда әлеуметтік бағытқа басымдық берілген. Мемлекеттік шығыстардың шамамен 40 пайызы осы салаға бағытталмақ.

«Адам капиталды дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіру, бизнес пен агроөнеркәсіптік кешенді қолдау үш жылдық бюджеттің маңызды басымдықтары екенін атап өткен жөн. Бюджетте аса маңызды инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қажетті қаражат та қарастырылған. Өңірлерді дамытуға 7 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалды. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік бастамаларды қолдау үшін келесі жылы 100 миллиард теңге бөлінеді. Осындай мақсат-міндеттерді іске асыру экономиканың өсуін және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бүгін сенаторлар инфляцияны тежеу, шағын және орта бизнесті қолдау, инфрақұрылымды дамыту сияқты бірқатар маңызды бағыттарға қатысты өзекті мәселелерді көтерді. Осы орайда Үкімет мүшелерінен депутаттар назар аударған барлық мәселені алдағы

жұмыста ескеруді сұраймыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенаторлар республикалық бюджет жобасын концептуалды тұрғыдан мақұлдады. Алайда Сенат құжатқа 180 түзету енгізіп, оны Мәжіліске қайтару туралы шешім қабылдады. Палата депутаттары бірқатар негізгі бағытты қаржыландыруды ұлғайтуды ұсынып отыр. Атап айтқанда, ауылдың дамуын қолдау үшін «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасын іске асыруға қосымша 18,1 млрд теңге бөлу ұсынылды. Таза ауызсумен қамтамасыз етуге қатысты проблемаларды шешу бағытында осы салаға тағы 19,8 млрд теңге бөлу керектігі айтылды. Бұл қаражат қазақстандықтардың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қалайды — 99,5 пайызға дейін, ауылдық жерлерде 97,8 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сенаторлар өңірлерде жергілікті тұрғындармен кездесу барысында газдандыруға қатысты мәселе жиі көтеріледі. Осы саладағы жағдайды да жақсарту үшін депутаттар қосымша 5,1 млрд теңге қарастыруды ұсынды. Бұл тәсіл газдандыру деңгейін 61 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Еліміз үшін тағы бір өзекті проблема жол мәселесі екені белгілі. Сенаторлар көлік инфрақұрылымын дамытуға қосымша 13,3 млрд теңге бөлуге ұсыныс жасады. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша, республикалық маңызы бар жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автожолдардың үлесі — 43 пайызға, жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 89 пайызға дейін жеткізілмек.

Сондай-ақ сенаторлардың республикалық бюджетке енгізген түзетулерінде 55 жастан бастап зейнеткерлік жасқа толғанға дейін зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар көзделген. Оған 25,9 млрд теңге бөлінеді. Одан бөлек, депутаттар бюджет қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға қосымша 4,9 млрд теңге бағыттауды қолдап дауыс берді. Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджеттік сала қызметкерлеріне ең төменгі жалақы мөлшерін арттыруды тапсырған еді. Бұл өсім ел бойынша әлі де 85 мың теңгеден төмен жалақы алатын 354 мың адамға әсер етеді.

Сонымен қатар Палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

«МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына «Масс-медиа туралы» және оған ілесіп заң жобаларын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Заң жобасы осы саладағы барлық қатысушылардың мүдделері мен қоғамның суранысын ескере отырып, БАҚ туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Алдағы жалпы отырыста Мәжіліс білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу заң жобасын да қарайтын болады.

Сонымен қатар депутаттарға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы

ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау және Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын екінші оқылымда ұсынылады.

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері бірқатар заң жобасын жұмысқа алады. Олар: құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысында үлестік қатысу мәселелері бойынша, мемлекеттік статистика және деректерді басқару туралы, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы қаттаманы ратификациялау мен оған ілесіп заң жобалары.

48 МВТ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесін ұлғайту туралы тапсырмасын орындау мақсатында Қостанай облысында 2024 жылы қуаты 40 МВт құны 20, 1 млрд теңге болатын газ поршеньді электр стансасының және қуаты 22 МВт, инвестициясының жалпы көлемі 13,4 млрд теңге болатын өңірдегі алғашқы күн электр стансасының құрылысы басталады. Орталық коммуникациялар қызметінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндаған аймақ әкімі Құмар Ақсақалов осындай жоспарды таныстырды.

Сондай-ақ Биыл Арқалық қаласының маңында құны 24 млрд теңгеден асатын 48 МВт жел электр стансасы пайдалануға беріледі.

«Аталған нысандарды пайдалануға беру облыстың меншікті электр энергиясын өндіруді 110 МВт-қа немесе 32%-ға ұлғайтады. Жаңартылатын энергия көздерін енгізу энергиямен қамтамасыз етудің сенімділік деңгейін арттыруға оң әсерін тигізеді, қоршаған ортаға көмірқышқыл газының шығарындылары қысқарады, сондай-ақ жаңа жұмыс орындары ашылады», — деп атап көрсетті спикер.

Жалпы алғанда, жақын келешекке деп облыста 11 мыңнан астам жұмыс орнын аша отырып,

шамамен 3 трлн теңге сомасына 47 жобалан тұратын пул қалыптастырылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптің жалпы көлемі 10-15%-ке артады деп күтілуде.

«Ел Президенті атап өткендей, «инвестиция тартудың тиімді жүйесін құру қажет». Есепті кезінде облысқа 7,4% өсіммен 393 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 80,0%-ы — жеке инвестиция. Биыл шамамен 216 млн доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін біз инвесторларды қолдаудың өндірістік, көліктік және сервистік инфрақұрылымын жетілдіруді жалғастырамыз», — деп қорытындылады Қ.Ақсақалов.

«ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ»: РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НАУҚАН БАСТАЛДЫ



Құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, вандализммен күрес. Осындай мақсатпен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, «AMANAT» партиясының мүшелері, Ішкі істер министрлігінің және өңірлердегі Полиция департаменттерінің қызметкерлері «Қауіпсіз қоғам» деп аталатын қоғамдық ауқымды науқан бастады.

Заннның үстемдігін қамтамасыз ету — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі. Құжатта: «Ел тұрғындары мен қонақтары өзін қала мен ауылда бірдей жайлы сезінуі үшін көше қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз» делінген. Осы мақсатта «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Полиция департаменттерімен бірлесіп ел аумағында 20 қарашадан бастап заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, құқықтық Әділетті мемлекетті нығайтуға және құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған осы іс-шараны бастады. Бүгінде дейін 120-дан астам рейд жүргізіліп, оған 1,6 мыңға жуық адам қатысты. Атап айтқанда, ойын-сауық орындарын, саябақтарды, тұрғын үйлердің аулаларын аралау, жол ережелерінің сақталуын бақылау, көріз қақпақтарын тексеру және т.б. «Жастар Рухы» төрағасының орынбасары Акерке Искандерованың айтуынша, ойын алаңдарын тексеруден бастап түнгі клубтардағы қауіпсіздікті бақылауға дейінгі іс-шаралар жүріп жатыр.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Респонденттердің 96%-ы Мемлекет басшысының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін, сондай-ақ көмекке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың көз келген түріне қатысты жазаны күшейту жөніндегі бастамаларына қолдау білдірді. Бұған «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері дәлел бола алады.

Осы аптадан бастап «Жастар Рухы» еріктілері қоғам белсенділерімен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен және сарапшылармен бірге әлеуметтік зерттеу жүргізуге кірісті. Көшелерде, вокзалда, сауда нүктелерінде және өзге де қоғамдық орындарда азаматтардың отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабардар болу деңгейі, көмекке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық себептері, зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау іс-шаралары, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің тиімділігі туралы және тағы басқа сұрақтар қойылды. Атап айтқанда, сауалнама Семей, Атырау, Көкшетау және Ақтөбе қалаларында жүргізіліп, онда 125-ке жуық респондент сұралды. Олардың 120-сы немесе 96%-ы жазаны күшейтуді және зорлық-зомбылыққа қарсы қатаң шаралар қабылдауды жақтады. Сауалнамаға қатысушы, Семей қаласының тұрғыны Қаламқас Марағатының әрбір адам қорықпай өмір сүруі керек деп есептейді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық біздің қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі екені сөзсіз. Көптеген отбасы оны жасырып жабуға тырыса да, бұл — мыңдаған адамның басында бар жағдай. Біздің қоғамымызда да бұрыннан бар екенін бәріміз білеміз. Дегенмен қазір осы мәселеге ерекше назар аударылғаны қуантады. Жеке өзін зорлық-зомбылықтың көз келген түріне қарсымын», — деді ол.

Статистикаға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің көпшілігі — әйелдер. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Сайиева атап өткендей, елімізде күн сайын балаларға

«Күнделікті іс-әрекетімізде мейірімділік пен адалдықты, тәртіп пен тәрбиені басшылыққа алып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтау — дамыған қоғам қалыптастырудың негізі. Біз үшін «Қауіпсіз қоғам» қағаздағы міндеттердің тізімі ғана емес, бұл — ең алдымен болашаққа камкорлық. Біздің әрекетіміз қазақстандықтардың өмірін жақсы жаққа өзгерте алады деп сенемін. Бәріміз жұмылып, мұқтаж жандарға ұйымдастыру, волонтерлік, қайырымдылық көмек көрсетуге дайынбыз», — деді ол.

«Қауіпсіз қоғам» науқаны — азаматтық қоғамның, саяси құрылымдардың және құқық қорғау органдарының «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасына сәйкес жаңа құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы әріптестігінің жарқын көрінісі», — деп есептейді ІІМ Әкімшілік полиция комитеті басқармасының бастығы Ғалым Сарғұлов. Министрлік жастарға зан және тәртіп туралы дәрістер өткізіп, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырады, әлеуметтік маңызы бар орындарда рейдтер жүргізеді.

«Зан мен тәртіпті сақтаудың алдыңғы шебінде тұрып, біз полиция қызметкерлері өз міндетімізді орындап қана қоймай, қоғам тыныштығын қорғауды өмірлік мұратымызға айналдырдық. Біздің жұмысымыз — құқықтық тәртіпті сақтау, заңбұзушылықтарды анықтау ғана емес, сонымен қатар көпшілік күн сайын кездесетін қиындықтардың алдын алу, қоғамда сенімді қарым-қатынас орнату. Қиындыққа тап болғандарға көмектесу, түрлі дау-жанжалдың алдын алу — біз үшін жай

ғана міндет емес, үлкен абырой. Отандастарымызбен бірге қауіпсіз, үйлесімді қоғам құрып жатырмыз деп сенеміз», — деді Ғалым Сарғұлов.

Мәселен, Ақмола облысында полиция қызметкерлері «Жастар Рухы» белсенділерімен бірге арнайы есепке алынған 1 мыңнан астам адамды тексерді. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 34 құқықбұзушылық анықталды. Ұсақ бұзақылық, ішімдік ішу немесе қоғамдық орындарда мас күйінде жүру сияқты 564 әкімшілік құқықбұзушылық фактісінің жолы кесілді. Патрульлік нарядтар 250-ден астам жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайды анықтады.

Жезқазған қаласында Ұлытау облыстық Полиция департаменті «Құқықтық тәртіп» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, оған «AMANAT» партиясының өкілдері, педагогтер мен қоғам белсенділері қатысты. Олар көмекке толмағандарға қатысты қараңғы уақытта бақылауды күшейтуді, сондай-ақ спирттік ішімдіктерді сату мониторингін қатаңдауды ұсынды.

Петропавлда ювеналды полицейлер, учаскелік инспекторлар мен «Жастар Рухы» белсенділері қатарындағы мобильді топтар қаланың бірқатар мектебінде «дабыл түймелері» мен күзеттің бар-жоғын тексерді. Сонымен қатар тәртіп сақшылары қолайсыз отбасыларды тексеру үшін рейд ұйымдастырды.

«Бүгінде облыста «қолайсыз отбасылар» санатында 150-ге жуық отбасы есепте тұрса, олардың 110-ы есепке биыл қойылды. Қантардан бастап 62 заңды өкіл ата-ана құқығынан айырылды, 727 адам ата-ана міндеттерін орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ювеналды полиция қызметкерлері жиі кездестіретін құқықбұзушылық — жасөспірімдердің түнде заңды өкілдерінің үйден тыс жерде жүруі. Жыл басынан бері осындай 2 358 дерек анықталды», — деді СҚО ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Айдын Байматов.

Есірткінің таралуына қарсы күреске бағытталған «Есірткіге жол жоқ» акциясы туралы да жеке айта кеткен жөн. «Жастар Рухы» белсенділері жарнама мен есірткі граффитин бояп жатыр. Мәселен, Өскемен қаласында бір күнде осындай 30-ға жуық хабарландыру жойылды. Жыл басынан бері еліміздің барлық 20 өңірінде 5 мыңнан астам хабарландыру боялған.

Айта кетейік, «Қауіпсіз қоғам» қоғамдық науқаны осы жылдың соңына дейін жалғасанды.

ЖОЛ АПАТЫНА ҚАРСЫ РЕЙД

Оралда жол апаты азаяр емес. Жыл басынан бері 349 жол-көлік оқиғасынан 84 адам мерт болған. Оның жетеуі — бүлдіршін. Ал жарақат алғанғандар саны — 426.



Осындай қайғылы жағдайдың алдын алу үшін «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері полициямен бірлесіп, қала мектептеріндегі қауіпсіздікті күшейтуге кірісті. Жастар мектеп оқушыларына арнайы ескерту парақтары мен жарық шағылыстыратын жолақтар мен жапсырмаларды таратты. Сонымен қатар ата-аналар мен көлік жүргізушілеріне барынша сақ болуды ескертті. Бүгінде «Құқықтық тәртіп» желел-профилактикалық іс-шарасы ел аумағында өткізіліп жатыр.

«Облысымыз бойынша 361 мектептің аумағында мониторинг жұмыстарын жүргіздік. Сол жерде біз ашық люктер, ашық трансформаторлар немесе тағы да басқа балалар өмірі үшін қауіпті аумақтарды кездестіріп, ашық люктерді жауып, ашық трансформатор мен ток соғу қаупі бар жерлерді арнайы құзыретті органдарға хат жазу немесе тапсырма беру арқылы оқшауландырып, қауіпсіз ету мақсатында жұмыстар жүргізілді», — дейді «Жастар Рухы» ЖК БКО филиалының төрағасы Архат Исламғали.

Қарағандыда да құқық қорғаушылар мен аманаттық белсенділер рейд-ке шықты. Бірлескен акция барысында барлық түнгі клубтар мен компьютерлік ойын алаңдары қамтылды. «Мұндай мекемелердегі жарк-жүрк еткен бейнелер мен көңілді әуендер жасөспірімдерді тартады», — дейді партия мүшелері. Келушілердің құжаттарын тексеру бірқалыпты өтті. Көмекке толмағандар анықталмаған. Олардың мұндай жерлерде кешкі сағат 10-нан кейін жалғыз жүруіне болмайды. Өйткені ересектердің қарауынсыз қалса, жасөспірімдер қылмыстың құрбаны болу қаупі жоғары.

«Бұл рейдтер бізге жастар ғана емес, түнгі демалыс орындары мен ойын кафе-лерінің қожайындары да әлеуметтік жауапкершілік таныту керекін көрсетті. Біз Қарағанды облысының Полиция департаментімен бірлесіп отырып, апта бойына рейд өткізуді жоспарлап отырмыз», — дейді «Жастар Рухы» ЖК Қарағанды облысы филиалының төрағасы Асқар Оразбеков.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА ҚАРҚЫНДЫ ОРЫНДАЛУДА

Бір жыл бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті лауазымына өз кандидатурасын ұсынып, «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын жария етті.

Осы бағдарламада Мемлекет басшысы республиканың жаңа тарихи кезеңдегі дамуының негізгі бағыттарын белгіледі. Атап айтқанда, құжатта экономикадағы, әлеуметтік саладағы және өңірлік саясаттағы түбегейлі өзгерістер жөніндегі жоспарлар көрсетілген. Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында денсаулық сақтау саласына ерекше назар аударды. Мәселен, соның аясында осы жылы Ақмола облысына 116 дәрігер мен 140 орта деңгейдегі медицина қызметкері тартылды. Жыл сайынғы скрининг жүргізу бойынша жоспарлы көрсеткіш орындалды. Бүгінде Ақмола облысының денсаулық сақтау жүйесінде 8,7 мыңға жуық медицина қызметкері жұмыс істейді.

2023 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша дәрігерлердің тапшылығы 54 дәрігерге (22%) төмендеді, нәтижесінде Ақмола облысында дәрігер кадрлардың тапшылығы — 190 (ауыл — 49, қала — 125) маманды құрайды. Медициналық кадрларды ынталандыру мақсатында биыл ауылдық өңірлерге келген 59 медицина қызметкеріне медициналық ұйымнан тұрғын үй және көтерме төлемдер бөлінді. Қалаға келген 31 дәрігер тұрғын үйімен қамтамасыз етілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша медицина қызметкерлерін ынталандыру үшін дәрігерлердің жалақысын жыл сайын арттыру бойынша шаралар қабылданды. Қашықтағы ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту үшін көліктік медицина ұйымдастырылды. Облыста 11 жылжымалы медициналық кешен (ЖМК) жұмыс істейді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы диагностикалық қызметтер кеңейтуін және заманауи шифрлық шешімдерді

пайдалануды қоса алғанда, телемедициналық қызметтер көрсету жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз етуді тапсырды. Телемедицинаның енгізілуімен қалыптастырылған ауылдардың тұрғындарына облыстық және республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдардың мамандары ұсынатын білікті медициналық көмек қолжетімді болды. 2023 жылдың 10 айында 797 консультация өткізілді, оның ішінде 130-ы бейне-режимінде. 2023 жылда 109 бірлік медициналық техниканы сатып алу үшін 5,3 млрд теңге көзделген, оның ішінде 2,2 млрд теңгеге 5 компьютерлік томография аппараты, 1,3 млрд теңгеге 2 ангиографиялық қондырғы бар.

Президенттің Жаңа Қазақстанды құру бағытындағы сайлауалды бағдарламасы бүгінде сәтті жүзеге асып келеді. Елдің дамуы үшін бағытталған бастамаларының бірі ауыл тұрғындарының тұрмыстық табысын арттыратын «Ауыл аманаты» бағдарламасы. Жобаның негізгі мақсаты — ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігіне және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу. Біржан сал ауданында «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыруда несиелік комитет 60 млн 520 мың теңге сомасына 15 өтінімді мақұлдап, 13 өтінімге 58 млн 520 мың теңгеге несиелік берілді. Бұл жаңа 13 кәсіпкерлік іс ашуына ықпал етті және жаңа жұмыс орындары ашылды. Бағдарлама аясында жыл сайын еліміздің барлық өңірінде жобаны іске асыруға бюджеттік кредиттер берілетін болады. Жоба 2023 жылы басталып, 2025 жылға дейін жалғасалды.



Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ



ЖАРАСТЫҚТЫ ЫРЫСҚА ҰЛАСТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФОРМУЛАСЫ

Көк түріктің Күлтегін жазуында: «халықтың аты, даңқы өшпесін деп түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым» делінген. Ата-бабамыз ұлы даланың кейінгі билеушілеріне мемлекеттілікті нығайтудың, елді өркендетудің қағидасын, өсиетін өстіп тасқа қашап кеткен. Өйткені көшбасшысы түнде көз ілмей, күндіз байыз тауып отыра алмай, үнемі ізденіс, талмай талпыныс танытса ғана мемлекеттің абыройын асқақтатып, беделін биіктетеді. Елінің бейбітшілігі мен бақуатын бекем етіп, тұрақтылығы мен тәуелсіздігін нығайтады.

Айхан ШӘРІП

ЕЛ ТІЛЕГІН БАСШЫЛЫҚҚА АЛҒАН КӨШБАСШЫ

Осыдан тура бір жыл бұрын, 2022 жылғы 26 қарашада, елдің төрі елордалағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстанның жаңа сайланған Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың салтанатты ұлықтау рәсімі өтті.

Бұл шындығында, қазақ тарихының алтын қорына қосылған ірі оқиға болды. Өйткені дәл осы күні Қазақстан тарихында тұңғыш рет «7 жылдық мерзімге халықпен өзара келісімшартқа отыратын менеджер» мәртебесіндегі Президент қызметіне кірісті.

Содан бергі өткен 1 жылда халқымыз басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен бас тартып, мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшкен жаңа Қазақстанда өмір сүруде. Қ.Тоқаев Қазақстанның кейінгі лидерлері санасына сіңіріп, құлағына құйып алуға тиіс жаңа қағиданы тарихқа «қашалды»: «Президент әулие емес, ол ел мен жердің киесі — халыққа қалтқысыз қызмет ететін мемлекеттік басқарушы».

Мемлекет басшысы кейін, 2023 жылғы 17 маусымда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында қазақ елінің бұдан былайғы билеушілерінің мәртебе-миссиясын тұжырымдап берді.

«2022 жылы жасалған реформалардан кейін Қазақстан Президенті мемлекеттік басқарушы, яғни Конституцияда көрсетілген 7 жылдық мерзімге халықпен өзара келісімшартқа отыратын менеджер ретінде қызмет ететін болады. Президент — әулие емес, халықтан биік тұлға емес. Алайда қоғамымыз Мемлекет басшысына құрметпен қарауы, саяси көзі ашық, жауапкершілігі жоғары азаматтар ретінде оған ой-пікірін, ұсыныстарын айтып отыруы қажет», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Басшы білікті болса, заман ағымынан озық қызмет етсе ғана еліміздің ертені жарқын болмақ. Сонымен бірге Президент алдағы әрбір әрекетін, атқарар шаруаларын халқымен өзара ақылдаса отырып, жүйелі жүргізуі тиіс. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы ұлағатты үлгі көрсетіп отыр.

Мысалы, быттыр Қазақстан Үкіметі атом электр стансасын тұрғызу мәселесін пысықтауға білек сыбана кіріскелі солтүстік көрші АЭС салу қызметін тықпалай бастады. Түрлі саммит-форумда РФ басшысының өзі қазақстандық атом стансасын Ресей салса, мұның екі елдің ынтымақтастығын күшейтер жобаға айналғанын бірнеше рет нықтады. Қазақстан Президенті бұл мәселеде ешбір сыртқы күштің жетегінде кетпейтінін, тек өз халқының пікірін ұлық тұтатынын ашық білдірді.

«Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру

ұсынысын жоғары бағалаймыз. Әйтсе де, АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қарашада ресейлік «Известия» газетіне берген сұхбатында.

Ол 2019 жылғы сайлауалды бағдарламасында бұдан былай аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешімді референдум арқылы қабылдауға үде берген еді. Сол сертін сақтап, сөзін берік ұстанып келеді. Осы орайда Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында: «АЭС салу немесе салмау мәселесі — еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпұлттық референдум арқылы шешкен жөн», — деп жариялады.

ҚАЙҒЫДА ДА, ҚУАНЫШТА ДА — ХАЛЫҚ ОРТАСЫНДА

Көшбасшы жалқау болып, кежегесі кейін тартып тұрса, ұлттық мүддені ілгерілету, елді өркендету жолында саусағының ұшын да қимылдатпаса, мемлекеттің соры сол. Бұл ретте Көк түрік бабамыздың өсиетіне адалдық танытқан ел Президенті осы өткен бір жыл ішінде әлемнің біраз елін өзі аралады. Төл сарайында қаншама шет мемлекеттің делегацияларын ұдайы қабылдады. Сағаттарға созылған, тағатты таусылған, жан жүдетіп, тән шаршатқан күрделі, күрмеулі келіссөздерде ұлт ұпайын түгендеу үшін тынымсыз еңбек етті.

Нәтижесінде, Президенттің жұмыс кестесі тығыз, жұмыс тәртібі қауырты болды. Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық дерлік облысқа сапарлады. Оның барысында ауыл-аймақтың қордаланған мәселелерін шешу жайы пысықталды, жаңа жоба-жоспарлар түзілді, тың міндеттер қойылды.

28 қазанда Президент Қарағанды облысының Теміртау қаласына арнайы барып, «АрселорМиттал Теміртауға» қарасты Костенко атындағы шахтада болған апат салдарын жою жөніндегі жедел штаб отырынын өткізді. Құтқару жұмыстарын, қаза тапқан шахтерлердің отбасыларын әлеуметтік қолдау, зардап шеккен азаматтарға медициналық көмек көрсету, апат салдарын жою мәселелерін жеке бақылауына алды. Шахтадағы жарылыстан 46 адам мерт болды, тағы 24 адам жараланды.

Биылғы маусымда Президент Абай облысындағы алапат өртке қатысты жағдайды да өз бақылауына алды. 11 маусым күні Қ.Тоқаевтың өзі облысқа жұмыс сапарымен барып, өртеніп жатқан орман алқабын тікұшақпен аралап шықты. Үкіметке және аймақ әкімдігіне қаза тапқан адамдардың отбасыларына барлық қажет көмекті көрсетуді жүктенді. Апат салдарынан 14 орманшы және бір тракторшы қайтыс болды. 60 мыңдай гектар орман өртеніп кетті.

Екі қайғылы оқиғаға байланысты Президент елде Аза тұту күнін жариялады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ТІЛДЕСУДЕН БАСТАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бір жыл ішінде АҚШ, Қытай, Түркия, Сауд Арабиясы, Вьетнам, Ресей, Орталық Азия республикаларына және әлемнің өзге де елдеріне сапар жасады.

Қазақстан лидері шетелдік әрбір сапарында тек ресми бағдарламасымен шек-

телмей, сол елдің бизнес өкілдерімен, ірі инвесторларымен, беделді компанияларының басшыларымен кездеседі. Бизнес форумдар, іскерлік топтардың дөңгелек үстелдерін, жеке жездесулерді өткізеді. Бұл — елге инвестиция тартудың, сол арқылы елдің әл-ауқаты арттырудың қамы.

Қ.Тоқаев 28 қыркүйекте Берлин қаласында Еуропаның лидері саналатын Гер-

маньяның канцлері Олаф Шольцпен кездесті, сонымен қоса лидер «С5+1» форматындағы «Орталық Азия мен Германия» саммитіне қатысты. Германияның Орталық Азиямен жалпы сауда-саттығы қарқынды дамып келеді және 2022 жыл қорытындысында 11 миллиард долларды құрады. Оның 80%-дан астамы Қазақстанға тиесілі. Сапар нәтижесінде Қазақстан ГФР-ға жалпы сомасы 850 миллион доллар болатын тағы 100 шикізаттық емес тауар түрінің экспортын ұлғайтуға уағдаласты. Бұл жерде мұнай химиясы, металлургия, тамақ өнеркәсібі өнімдері туралы сөз болып отыр.

3 қарашада Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға келген Түркия президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесті. Соңыра бауырлас қос мемлекеттің көшбасшысы Түркі мемлекеттері ұйымының Х саммитін өткізді. Мына ғажапқа назар аударыңыз: Қазақстан мен Түркияның екіжақты тауар айналымы 2022 жылы бірден 54 пайызға өсіп, 6,3 миллиард долларға жетті. Осы көрсеткішті қос президент 10 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отыр. Бұрын ондықтан ары аулақтап жүретін Түркия енді еліміздің негізгі сауда серіктесінің төрттігіне еркін кірді.

Мұнымен тоқтап қалмай, өзара жан-жақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін елдер саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, аграрлық және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды тереңдетуге баса мән береді.

Жалпы, осы кезеңде түркі әлеміне жататын елдердің ықпалдастығы да қарқынды түрде артқанын айтуға болады. Түркітілдес мемлекеттердің басшылары жиі басқосуды дәстүрге айналдырды. Кейінгі жылдары ішкі саясатымен тұйықталған Ғүнгерия (Hungary) басшылығы Көк түріктен тараған төркіні бір елдердің қатарына қайта тартылды. Мұны да Қазақстан лидерінің дипломатиялық жетістігі санауға болады. 2 қарашада Мажарстан Премьері Виктор Орбан Қазақстанға сапарлады.

«Қазақ пен мадияр — ежелден сыйластығы жарасқан туыстар, достас халықтар. Екі елдің тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті ұқсас. Орта ғасырларда Торғай даласынан Еуропаға қоныс аударған қыпшақ тайпаларының ұрпақтары бүгінде Мажарстан аумағында өмір сүріп жатыр. Біз мұны мақтан тұтамыз», — деген Қ.Тоқаев екі елдің тарихи тамырластығы және тығыз байланыстары бүгінде қарым-қатынастарды тереңдетуге негіз болғанын атап өтті.

Қазақстан мен Мажарстан (Венгрия) өзара тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін жеткізуге келісті. Тараптар энергетика, көлік, логистика, металлургия, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі, туризм салаларындағы байланыстарды дамытады.

Еліміздің сыртқы саясатындағы биылғы жылдың басты бір жаңалығы — Еуропалық одақтың тағы бір лидерінің басшысының 1 қарашада елімізге сапарлауы болды. Франция президенті Эммануэль Макрон қазақ еліне тұңғыш рет келді. Қ.Тоқаев айтқандай, бұл алғашқы ресми сапары өзара қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік жасады. Өткен отыз жылда Франция қазақ экономикасына 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция салыпты. Алда бұл сома екі еселенуі мүмкін.

Тараптар жасыл энергетика, соның ішінде уран, логистика, транзит, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, цифрландыру, білім беру салаларындағы алдағы ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындады. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақ-француз университеті өз жұмысын бастайды. Францияның Шығыс тілдері мен өркениеттері ұлттық институты (IN-ALCO) қазақ тілін оқытуды қайта жандырады, Қазақстан оның қазақ тілі мен мәдениетін ілгерілету жоспарларын қолдамақ.

Мұның сыртында Қ.Тоқаев биыл Корея Президенті Юн Сок Ёльмен, Кения

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға ресми сапары аясында Үрімжі қаласына келіп, ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Ма Синжуймен кездесті. Мемлекет басшысы сауда, өнеркәсіп, көлік, логистика, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты көптеген бағыт бойынша өзара қарым-қатынастың нәтижелерін жоғары бағалады.

Қазақстан бұл аймаққа сағатын металлургия, мұнай химиясы, машина жасау, тамақ өнімдерін, құрылыс материалдарын, сондай-ақ агроөнеркәсіп және азық-түлік өнімдерінің экспортын ұлғайтуға дайын. Қазақстанның құрылыс материалдарын, сондай-ақ агроөнеркәсіп және азық-түлік өнімдерінің экспортын ұлғайтуға дайын. Қазақстанның құрылыс материалдарын, сондай-ақ агроөнеркәсіп және азық-түлік өнімдерінің экспортын ұлғайтуға дайын.

Қазақстан Президенті 18 қазанда Бейжінге өткен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысты. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, Қазақстан соңғы 15 жылда осы мақсатта 35 миллиардтан астам доллар құйды. Ляньюньгандағы қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа-Батыс Қытай магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Нәтижесі ғаламат: бүгінде Қытайдан Еуропаға қарай жүретін транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы өтеді.

Яғни, бұл істе шың елі ұлы дала еліне тәуелді. Сондықтан Қытай Қазақстанда тұрақтылық пен бейбітшілік болуын қалайды. Сол себепті сапар аясында биік мәртебелі мейманына барлық қошеметін көрсеткен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин: «Қытай Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларды толықтай қолдайды», — деп жариялап, көпшілік берді.

Осы бір жыл ішінде қос көрші арасында ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығы» басталды. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық табысты дамып келеді. Инвестицияның жалпы көлемі 21 миллиард доллар болатын 52 бірлескен жоба жүзеге асырылып жатыр. Қытаймен алыс-берісті арттыра түсу үшін Қазақстан 3 жыл ішінде 1 300 шақырым жаңа теміржол жол салуға, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуға, «Бакты» және



“

Геосаяси ахуалы ушығып, шиыршық атып, ширяққан әлемде қазақ елінің ешкіммен дауласпай, жауласпай, алыс-жақын елдермен тату көршілікте, жарастықта тұруының өзі жетістік.

Президенті Уильям Рутотен, Моңғолия президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен, Португалия президенті Марселу Ребелу де Соузамен, Черногория президенті Яков Милатовичпен, Румыния президенті Клаус Йоханниспен, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесіп, келіссөздер жүргізді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Тоқаев Сауд Арабиясының Так мұрагері Мұхаммед бен Салман Әл Саудпен, Кувейттің Так мұрагері шейх Мешал әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабахпен, Албания президенті Байрам Бегаймен, Иран президенті Ибрахим Раисмен, Эстония президенті Алар Кариспен, Финляндия президенті Саули Ниинистеммен, Словения президенті Наташа Пирц-Мусармен, Орталық Азия елдерінің және басқа мемлекеттердің басшыларымен жүздесіп, елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін пысықтады.

2023 жылғы 20 қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясындағы Жалпы дебатта сөз сөйледі. 2023 жылғы 24 тамызда БРИКС саммитіне қатысты.

КӨРШІЛЕР ТАТУ БОЛСА, АЙМАҚТА БАҚ ОРНАЙДЫ

Мемлекет басшысы Батыс державаларымен бірге, көрші Қытаймен арадағы ынтымақтастықты дамытуға да баса көңіл бөліп келеді. Соның ішінде Қазақстанның, мысалы, қазағы қалың тұратын Шыңжаң өңірімен ықпалдастығын өрістетуді назар аудартады. Мысалы, биылғы 18 қазанда

«Қалжат» жаңа құрғақ порттарын салуға ниетті. Тараптар сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, қаржы, көлік-транзит, атом өнеркәсібі, машина жасау, туризм, электрондық коммерция және жоғары технология салаларындағы жан-жақты ықпалдастықты дамытуға уағдаласты.

Батыстық ақпарат құралдары мен сарапшылары осы бір жыл ішінде Қазақстан Президентінің Ресей басшысы В.Путинмен бес рет кездескеніне танданады. 7 қазанда Мемлекет басшысының Қазақстан аумағы арқылы Ресей газын Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатысуы атаулы оқиғаға айналды. Бұл жоба барлық қатысушы тараптың мүддесіне сай келеді. Қазақстан өз аумағындағы магистралды газ құбыры арқылы өзбек ағайындарға жылына 3 миллиард текше метрге дейін ресейлік көгілдір отынды айдап, транзиттен табыс табады. Көршінің арзан газын өз экономикасы мен бизнесін дамытуға пайдаланады. Бұл Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға септігін тигізеді.

Қоныс қонған ел — ресейлік пәтердегі көрші емес: қалаған кезде түп көтеріліп көше алмайсың. Қазақ мұны «Құдай қосқан көрші» атайды. Қ.Тоқаев Батысқа тісі батпай, аласұрып, көршілерімен қан майданда арпалысқан Мәскеуді сабағына түсіріп, қазақ елімен татулыққа иліктіре алды. Қазақстан және Ресей ортақ тарихқа, берік достыққа, өзара құрмет пен сенімнің құндылықтарына сүйене отырып, көптеген сала бойынша өзара мүддені жүзеге асырудың тиімді жолын таба алды.

Геосаяси ахуалы ушығып, шиыршық атып, ширяққан әлемде қазақ елінің ешкіммен дауласпай, жауласпай, алыс-жақын елдермен тату көршілікте, жарастықта тұруының өзі жетістік. Қазақстан көшбасшысы бұған тоқмейілісіміз, күрделі заманда әр елмен ынтымақтастығын өрістетудің, өрге сүйреудің де жолы мен жөнін таба білді.



ТОЛЫҚ ТОПТАМАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АВТОӨНДІРІС

Қазақстанда KIA автокөліктерін шығаратын зауыттың құрылысы басталды. Бұл жобаның негізгі ерекшелігі – өндірістің толық топтамасын (цикл) қамтитын кәсіпорын болуында. Оның үстіне, оңтүстіккореялық KIA компаниясы алғаш рет өз елінен тыс жерде бірлескен кәсіпорын мен зауыт салуға тікелей инвестиция салып отыр.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

11 қараша күні Қостанайдағы зауыт құрылысын ресми бастау салтанаты рәсімі жасалды. Оған Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов қатысты.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының айтуынша, осындай негізгі инвесторы бар зауыттың пайда болуы отандық өнеркәсіпті дамытудың маңызды кезеңі, экономиканың барлық саласында Оңтүстік Кореямен болашақ бірлескен инвестициялық жобалар үшін айқын үлгі болмақ.

«Қостанайда KIA автомобильдерін шығаратын толық топтамадағы зауыт салуды машина жасау саласы үшін шын мәнінде серпінді жоғары технологиялық жоба деп атауға болады. Бұл жоба инженерлік және техникалық кадрлардың жаңа буынын даярлау деңгейін артты-

руға, сондай-ақ локализациялаудың келесі кезеңіне көшуді айтарлықтай жеделдетуге мүмкіндік береді», – деді Роман Скляр.

Зауыттың ресми ашылу салтанатына KIA Согрогация президенті әрі бас директоры Хо Сун Сон бейнебайланыс арқылы қосылып, құттықтады.

«Бүгінде KIA үшін Қазақстан экономикасын дамытуға үлес қосу мүмкіндігіне ие болу – үлкен құрмет пен мақтанш. Қостанайдағы жаңа зауыт азаматтар, университет тұлғалары мен инженерлерге жоғары деңгейдегі тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін бірегей жұмыс орындарын ұсына отырып, маңызды рөл атқаратынына сенімдімін», – деді ол.

Осылайша, Үкімет ел Президентінің Жолдауында айтылған экономикалық реформалардың мақсаттарына сәйкес келетін экономикалық ынтымақтастықты іс жүзінде дамытуға кірісіп кетті. «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз

ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беріміз қажет», – деген болатын Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында. Қ.Тоқаев Жолдауда айтылған жоба-жоспардың бәрі нақты зерттеліп, есептеліп жасалғанын ескерткен. «Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға өсіру», – деді Президент.

Айта кету керек, Оңтүстік Корея біздің елдің экономикасындағы ірі инвесторлардың ТОП ондығына кіреді. Соңғы 18 жыл ішінде Қазақстанға 9,2 млрд долларға жуық инвестиция тартылды. Ал былтыр Кореядан келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі – 1,5 млрд долларға жетті, бұл рекордтық өсім (+85%) ретінде тіркелді. Бүгінде Қазақстанда 700-ден астам корейлік кәсіпорын жұмыс істейді, олардың ішінде KIA, Hyundai, Samsung және LG секілді ірі компаниялар бар.

Қостанайдағы толық циклді автоөндіріс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Оңтүстік Корея компаниясының басшылығымен уағдаластықтары нәтижесінде қолға алынып отыр. Еске сала кетейік, биыл 21 қаңтарда Қостанай облысына жұмыс сапары барысында Президент Allur автомобиль зауытында KIA автомобильдерінің шағын тораптық өндірісін іске қосу рәсіміне қатыса отырып, өнеркәсіп кооперациясын одан әрі кеңейту және инженерлік базаны қалыптастырудың маңызын атап өткен.

KIA автомобиль зауытының құрылысы 2024 жылы аяқталып, жабдықтары орнатыла бастайды. 2025 жылдың бірінші тоқсанында зауыт пилоттық режимде іске қосыламыз, ал екінші тоқсанында өндірістің толық циклі ашылады. Жоғары жалақы төлететін жаңа зауыттың өндірістік қуаты жылына 70 мың автокөлік болмақ. Жобаға шамамен 250 млн доллар тікелей шетелдік инвестициялар салынады.

Жалпы, Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық серпінді даму үстінде. Бұған тауар айналымының өсуі дәлел, мәселен былтыр сауда айналымы 2,3 есе өсіп, 6,1 млрд доллардан асса, биылғы жылдың 8 айында көрсеткіш 11%-ға артты. Таңғы шық елі біздің мұнаймызды көбірек сатып ала бастаған. Ресми дерекке сүйенсек, 2023 жылдың қаңтар-тамызында Оңтүстік Кореяға 3 млрд долларға 4,6 млн тонна мұнай экспорттаппыз. Бұл қара алтын саудасы көрсеткішінде Италиядан (15,7 млн тонна – 9,2 млрд доллар) кейінгі орын. Ал Қазақстан Оңтүстік Кореядан автомобильге қажет бөлшектер сатып алады. Биыл қаңтар мен сәуір айлары аралығында 18,4 мың дана шамамен (270 млн доллар) әкелсек, осы кезең ішінде 9,1 мың тонна көлікке арналған қосалқы бөлшектер, 21,6 мың дана іштен жанатын қозғалтқыш импорттаппыз.

Енді бұл көрсеткіштер азаймақ. Оңтүстік Корея компаниясы автомобиль жасаудағы жергілікті қамту деңгейін арттыру бойынша Қазақстанның өнеркәсіптік саясатына толық қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. KIA Қостанайда локализациялау орталығын ашу бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіп жатыр. Мұнда шағын және орта бизнестің қатысуымен құрамдас бөліктер өндірісі жүргізілмек.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов машина жасау саласын дамыту өңірдің да-

муына мультипликативтік тұрғыдан әсер ететінін айтады. «Мәселен, автоөндіріс саласында бір жұмыс орнын құру басқа салаларда бес-алты жұмыс орнын құрылуына септігін тигізеді. Өндірістерді локализациялау деңгейін арттыру үшін жаңа зауыттың айналасында құрамдас бөлшектер жеткізушілері ретінде шағын және орта бизнес белдеуі құрылады», – деді әкім.

Қазір облыста озық әлемдік тәжірибелерге сай заманауи жоғары технологиялық кәсіпорын желісін салу жобасы пысықталып жатыр. Ең бірінші кезекте автокомпоненттерді оқшаулау орталығы салынады. Қостанай облысы әкімдігіне қарасты инвестициялық жобалар және инновациялық қызмет бөлімінің басшысы Наурыз Байжановтың айтуынша, KIA зауытының құрылысы басталуына байланысты жеңіл автомобильдік көліктерге арналған автокомпоненттерді шығаратын бірнеше шағын кәсіпорын ашылады деп көзделуде. «Кіші өнеркәсіптік аймақтарды құру тұжырымдамасы шеңберінде ауданы 30 мың шаршы метрді құрайтын өндірістік кешен салу көзделген, онда 500-ден астам жұмыс орны ашылады деп жоспарланған, ал жобалық қуаттылығы жылына шамамен 70 мың жиынтықтаушыға жетеді», – деді ол.

Жобаны іске асыру, ең алдымен, қазақстандық автомобиль зауыттарының конвейерлеріне, атап айтқанда KIA автомобильдерін шығаратын болашақ зауытқа, сондай-ақ Қазақстан мен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің қайталама нарығына жеткізілетін автокомпоненттер өндірісін орналастыру қажеттілігіне негізделген. «Мұндай автокомпоненттерге автомобиль конвейерінің жанында қажетті тораптар мен бөлшектерді (орындықтар, пайдаланылған газдарды бұру жүйесі, шамақтың пластик элементтері, электр байламдары) өндіруге мүмкіндік береді. Әйтпесе, оларды шетелден тасымалдауға уақытты, қаржыны шығындайтынбыз. Ендігі жерде қаржыландыру тетіктері шешілсе, шағын және орта бизнес субъектілерін көбейтуге мүмкіндік береді», – деді Наурыз Байжанов.

Бүгінде әкімдік тарапынан аталған жобаны индустрияландырудың бірыңғай картасына енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар Қостанай қаласының индустриялық аймағы аумағында жалпы ауданы 9,9 гектар жер учаскесі бөлінген.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Қазір Қазақстанда инфрақұрылымды жаңғырту және өңірлерді дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Бұл тұрғын үй құрылысы, ТКШ желілерін жаңарту, республиканың көлік-логистикалық әлеуетін нығайту және жаңа өндірістік кәсіпорындарды іске қосуға қатысты.

Бұл бағыттардың барлығы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында белгіленген.

«Мемлекет жаңа тұрғын үйлер салуды, барлық өңірдегі жергілікті инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды жаңартуды. Біз сапалы жұмыс орнын қамтамасыз етеміз, әр азаматтың өзін дамытуына тең мүмкіндік жасаймыз. Мұның бәрі өңірлерді тұрғындар мен инвестициялар үшін тартымды етеді», – делінген бағдарламада.

Сонымен қатар бұл құжатта Қазақстан экономикасы көлік дәліздерін кеңейтуді қажет ететіні туралы жазылған.

«Бұрыннан бар жаһандық тауар жеткізу жүйесінің бұзылуы біздің болашақ транзиттік мүмкіндігімізді күшейтті. Біз жаңа сапалы жолдар, қоймалар салып, аймақтардың әлеуетін арттыруымыз керек, саланы локомотивтермен, жүк көлігімен, контейнерлермен қамтамасыз етуіміз қажет. Мемлекет транзиттік дәліздердің жүк айналымы мен өткізу қабілетін арттырады. Сол арқылы ел экономикасына мол инвестиция тартуға тың серпін береміз», – деп атап көрсетілген құжатта.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ІС ЖҮЗІНДЕ: ӨНІРЛЕР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

2023 жылғы 10 айда **13 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды**

ӨНІРЛЕРДЕ ИНЖЕНЕРЛІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫН САЛУҒА **5,4 млрд теңге бөлінді**

«ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ БЕКІТІЛДІ

3 мың ауылда талшықты-оптикалық желілерді монтаждау → 400 мыңға дейін үй шаруашылығы → 487 антенна-дигитті құрылысты орнату

ҚР КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ

2023-2025 жылдары **1,3 мың шақырымнан астам** теміржол салынады | 2030 жылға дейін **11 мың шақырым** теміржол жөнделеді

• ТХКБ бойынша жүк тасымалдау **2 есе өсті**
• 2030 жылға қарай ҚР порттарының қуаты **30 млн тоннаға дейін өседі**
• Жаңа газ өңдеу қуаттарының құрылысы жалғасуда

АУЫЛ-АЙМАҚТЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БАСЫМДЫҒЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында Үкіметтің алдына еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша бірқатар жаңа міндеттер белгіледі.

«Ауыл шаруашылығы экономиканың жаңа қозғаушы күшіне айналады. Алдағы жылдарда ауыл-аймақты өркендетуге басымдық береміз. Біз ауылдық жерді жұмыспен жаппай қамту үшін жағдай жасаймыз, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдаймыз. Тұрғындарға жер қолжетімді болады. Ол үшін ірі жер иелерінен пайдаланылмайтын жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жандандырамыз», – делінген сайлауалды бағдарламада.

Мемлекет басшысы атап өткендей, су үнемдейтін тиімді технология енгізіп, мелiorация және суару жүйесін қалпына келтіру керек. Сонымен қатар мемлекет ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру бойынша кең ауқымды жобаны іске асыруда.

«Кооперативтер егістіктен дүкен сөресіне дейін өнімді тікелей жеткізуші болады. Тиімсіз делдалдардан арыламыз», – делінген құжатта.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ: АУЫЛДЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

8 млн га пайдаланылмай жатқан ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЛИЗИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ

- 40 МЛРД ТЕҢГЕГЕ
- 1053 КОМБАЙН МЕН ТРАКТОР САТЫП АЛЫНДЫ
- 2,8 МЫҢ БІРЛІК МАЛ АЗЫҒЫН ЖИНАУ ТЕХНИКАСЫН АЛУҒА
- ТАҒЫ 20 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН: 1 ТРЛН ТЕҢГЕ → 1 МЛН НАН АСТАМ АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ → 350 МЫҢНАН АСА ЖҰМЫС ОРНЫ

2023 ЖЫЛЫ 17 МЫҢ ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ ҮШІН 100 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ 18 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

ЖАҢА СУ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН **ЖАҢА 9 СУ ҚОЙМАСЫ** | **ЕКІНШІ КЕЗЕҢ 11 СУ ҚОЙМАСЫ**

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ 15 СУ ҚОЙМАСЫ МЕН 3,5 МЫҢ КМ СУАРУ ЖЕЛІЛЕРІН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНҒАН

СУАРМАЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫНЫҢ АУДАНЫ 1,8-ДЕН 2,5 МЛН ГЕКТАРҒА ДЕЙІН ҰЛҒАЙТЫЛАДЫ



КЕТКЕН КАПИТАЛДАН ҚАЙЫР БАР МА?

тылады. Ал Transparency International халықаралық ұйымы 2013 жылы ұсынған дерегінде соңғы 20 жыл ішінде 123 млрд доллар заңсыз әкетілді деп мәлімдеген. Екі жыл бұрын (2021 ж) Tax Justice Network ұйымы офшордағы қазақстандықтардың байлығы 45,7 млрд доллар деп болжады.

*Global Financial Integrity ұйымы:
2004-2013 ж.ж. – 167,4 млрд доллар
Transparency International ұйымы:
123 млрд доллар
Tax Justice Network ұйымы:
45,7 млрд доллар*

келеді екен. Бір ғана мысал, көршіміз Ресейдің Орталық банкінің дерегінше, 1994 жылдан бүгінгі күнге дейін федерация аумағынан 1 трлн 250 млрд доллар капитал сыртқа шығарылған. Бұл деректі биыл 2 наурызда Мемлекеттік Дума отырысында коммунист депутат Николай Арефьев көтерген болатын.

Бұрнағы жылдары біздің елде де офшорға шығарылған қаржының дерегі там-тұрмап айтылып қалатын. Әсіресе, Ескі Қазақстан тұсында «саяси қудалауға ұшырап кеттік» деген тұлғалар есе қайтарғандай жасырын қаржының құпия мәліметтерін ұсына бастаған. Ал алғашқы ресми деректер осыдан он жылдай бұрын айтылды. 2014 жылы 16 шілдеде өткен Үйлестіру кеңесінің отырысында сол кездегі Бас прокурор Асхат Дауылбаев республикадан офшорға он жыл ішінде 140 млрд доллар кетті деп мәлімдеген. Яғни, жылына 14 млрд доллар жылыстап отырған.

Елден сыртқа шығарылған қаражатты қайтару ісі Президенттің былтырғы сайлаулы бағдарламасының бас тақырыбының бірі болған-ды. «Заңсыз алынған шетел асырылған активтерді елге қайтару жұмысын жандандырамыз. Оның игілігін бүкіл халқымыз көретін болады», – деген

еді К.Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: Біріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты елге мәлім бағдарламасында. Кейіннен Президент болып сайланысымен 26 қарашада өткен ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде осы уәдесіне қайта оралған Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сайлауды бағдарлама – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегіңнен шықты десем, артық айтқандық емес. Тұғырнанами әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын», – деді. 2023 жылғы 12 шілдеде Мемлекет басшысы «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңға қол қойды. 5 қазан күні Президент Жарлығымен Бас прокуратураның жанынан Активтерді қайтару жөніндегі комитет құрылды. Осылайша, аталған жұмыстың заңды күші бекітендей.

Аталған заң қабылдағаннан кейін құзырлы органдар да құлшына кіріскендей көрінген. Биыл 2 қарашада өткен Бас прокуратураның активтерді қайтару жөніндегі комиссияның кезекті отырысында 2023 жылдың бес айында жалпы сомасы 630 млрд тенгелен астам активтер қайтарылғаны айтылды. Оның ішінде шамамен 400 млн доллар алыс шетелдерден әкелінген. Ал Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 7 қарашадағы мәліметіне сүйенсек, бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 857 млрд тенге сомасындағы мүліктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды. Оның ішінде 159,8 млрд тенгесі шетелдік юрисдикциялардан түскен ақша. Мәселен, Аустриядан 36,8 млрд тенге, Лихтенштейннен 116,7 млрд тенге, Біріккен Араб Әмірліктерінен 6,3 млрд тенге, Түркиядан 253 млн тенге қайтарылды.

Бауыржан БАЗАР

Премьер-Министрдің айтуынша, активтерді қайтару жұмысы заңға сәйкес жүріп жатыр. «Бұл қадамдар Мемлекет басшысы жүргізіп жатқан реформа аясында жалғасып жатыр. Бүгінде шамамен 1 трлн теңгенің активтерді қайтарылды. Оның ішінде шамамен 600 млрд доллар шетелден қайтарылып отыр. Бұл жұмыс жалғасуда», – деді ол.

Сонымен, сыртқа шығарылған қаржының нақты саны қанша? Әдетте әлемдік нарықта заңсыз айналымда жүрген, болмаса офшорларда орын тапқан активтердің есебін халықаралық ұйымдар тұрақты түрде анықтап отырады. Ерік-кеңнен емес, әрине. Олардың қызметі қаражаттың заңды жолмен жұмсалудың қадағалау. Десек те, аталған зерттеу ұйымдарының өзі әркілі мәлімет ұсынады. Мәселен, Global Financial Integrity ұйымының зерттеуінде 2004-2013 жылдары аралығында (9 жылда) Қазақстаннан 167,4 млрд доллар шығарылғаны ай-

байқасаныз, көзіңіз түгілі санаңыз сүрінетін сандар. Оның үстіне, бұл миллиардтардан бөлек, қымбат үйлер, жылжымайтын мүліктер, яхталар және басқа да мүқамалдың толық есеп-қисабының түбіне толық жету үшін біраз уақыт керек секілді.

Айта кетейік, байлығы заңды-заңсыз шекара асыратындар жалғыз біздің елде ғана емес. БҰҰ дерегінше, жемқорлық қылмыстардың кесірін әлемдік экономика 2,6 трлн доллар жоғалтады. Одан бөлек, жыл сайын әлемде ұсынылатын параның көлемі 1 трлн долларға тең

Марат БӘШІМОВ,

Парламент Мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі:



Дүниежүзіндегі заңдылық бойынша айналымдағы қаражат болсын, мүлік болсын, барлығы заңды, дәлелденген болуы керек. Бұл – бұлжымас талап. Осыз өркениетті қоғам жоқ. Ал бізде дәлелденбеген актив өте көп. Сыртқа кеткен капитал туралы әртүрлі дерек айтылады. Таяуда Бас прокуратураның жанынан Активтерді қайтару жөніндегі комитет құрылды. Осы комитет барлығын анықтап, ақкарасын ажыратуы керек. Келесі жылдан бастап дүниежүзі бойынша жүргізілетін декларациялау ісіне кіреміз. Осы декларациядан қандай активке иелік етесін, түгел көрсетіп, заңмен дәлелдеуің қажет. Егер дәлелдей алмасаң – заңсыз. Мемлекетке қайтаруға тиіссін. Жемқорлыққа қарсы агенттік активтердің 78%-ы заңсыз, құжаты жоқ екенін анықтаған.

Бұл масқара ғой. Осының барлығы келесі жылы дәлелденуі тиіс. Бұл процес дамыған елдердің барлығында ашық жүргізіледі. Еуропадағы конвенцияларда анық жазылған, егер сен иелік ететін мүлкінді заңмен дәлелдей алмасаң, онда мемлекетке қайтарасың, ол халықтың меншігі. Азаматтық конфискации институттары арқылы, сотпен қайтарылады. Президентің бастамасымен Конституцияға жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген қағида енгізілді. Осыдан кейін халық оянып, өз құқығын білді, сезінді. Енді қарап отырмайды, сұрау салады. Құзырлы органдар қайтарған мүлікті жіліктеп, жіктеп, халыққа ашық түрде жеткізуді үйренуі қажет. Жасырып, жұмбақтап жеткізетін мәліметтердің кезеңі өтті.

Қанат ҚОЖАБЕК,

заңгер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті:



Активтерді қайтару жөніндегі жұмыс күрделі, көпдеңгейлі, кешенді сипатта жүреді. Өйткені осы уақыт ішінде заңсыз шығарылған активтер туралы жүйелі түрде зерттеу жүргізілмеді. Сонау 90-жылдардан бастап орын алған Екібастан ЖЭО-на, «Трактель» компаниясына қатысты және басқа да атышулы оқиғалардан бөлек, заңсыз жүргізілген келісімдер өте көп болды. Енді соның есесін қайтаратын уақыт келді. 2023 жылғы 24 шілдеден бастап Заңның барлық басқа нормалары, оның ішінде активтерді заңсыз иемденуге, шығаруға және қайтаруға қарсы іс-қимыл жасау үшін ақпаратты мониторингілеу және талдау жөніндегі ережелер қолданысқа енгізілді.

Бұл заңда «заңсыз иемденілген активтер», «активтер», «әкімшілік-билік ресурстары», «адал иемденушілер», «адал кредиторлар», «үстемелік» және тағы басқа ұғымдар айқындалды. Дегенмен заң адал инвесторларға, оның ішінде шетелдік инвесторларға қарсы бағытталмаған. Өзге жағдайлар болмаған жағдайда құны 13 млн АЕК (44,8 млрд тенге немесе \$100 млн) асатын активтердің болуы адал инвесторларға аталған заңның нормаларын қолдану үшін дербес негіз болып табылмайды. Заңда көзделген ережелер – Қазақстан Конституциясының, Азаматтық кодексінің, басқа да заңдары мен халықаралық келісімдерінің жоғарыда аталған және өзге де нормаларын толықтырады және нығайтады.

Кеш Президентінің Орталық коммуникация қызметі алаңында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев «Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» баяндама жасады.

Жетісу облысында мал шаруашылығын дамытудың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлының айтуынша, Жетісу өңірінің табиғи-климаттық жағдайы туризмді дамытуға да қолайлы. Мәселен, өткен 10 айда облыста 2 млн турист келсе, соның 1,5 миллионы Алакөл жағалауына барған. Туристерге қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру бағытында жұмыстар жүзеге асып жатыр. Алакөл мен Балқаш жағалауына апаратын «Талдықорған – Өскемен» жолының 287-615 шақырмы, «Үшарал – Достық» жолы, «Лепсі – Балқаш жағалауы» жолының 27 шақырмы, «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» 110 шақырмының құрылысы келесі жылдың соңында толық бітеді. Сонымен қатар келесі жылы Балқаш көлі жағасында инженерлік-коммуникациялық желілердің құрылысы басталады.

– «Экологиялық туризмді дамыту үшін биыл «Алтынемел» ұлттық паркі аумағында құны 2 млрд тенге тұратын визит-орталығы салында. Шаңғы-биатлон кешенін тұрғызудың, Бұрханбұлақ сарқырамасына дейінгі жолды жөндеудің жобалық құжаттамасы әзірленуде. Шоқан Уәлиханов мұражайына баратын 6,8 шақырым жол орташа жөндеуден өтті, мұражайды қайта жаңғырту аяқталды. Сарқан ауданында Жасылкөлге дейінгі жолға орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде 2024-2025 жылдары облыс аумағында туризмді серпінді дамытудың мүмкіндігі артады, – деді Бейбіт Исабаев.

Спикердің баяндамасынан байқанымыз, Жетісу облысы өз алдына отау құрып жеке шыққалы бері өңірдің экономикасы өсіп, халықты жұмыспен қамту мәселесі біршама шешімін тауып отыр. Жетісу облысы құрылғаннан бері 23 жаңа кәсіпорын іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 5-еуі кеңейтілген, 759 жаңа жұмыс орны ашылған. Ал биыл құны 39 млрд тенге болатын 12 кәсіпорын іске қосылып, 500-ден астам жұмыс орны ашылыпты. Өңірде өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі өңдеу секторының үлесі 80%-ға жеткен.

– «Қорғас-Шығыс қакпасы» арнайы экономикалық аймағы мен «Қорғас» ХШЫО – облыстағы даму нүктесінің бірі. Мұнда қазір 2030 жылға дейін жалпы инвестиция көлемі 622 млрд тенге болатын 52 жобаны іске асыру жоспарлануда. Тау-кен саласын дамыту шеңберінде құны 1,3 трлн тенге болатын, 2 мыңнан астам жұмыс орнын ашатын металлургия



ӨҢІРДЕ ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

комбинатының құрылысы жүргізіле бастады. Оның қуаты жылына 860 мың мыс концентратын өндіруге жетеді. Қазір құрал-жабдықтар мен тауарларды сақтайтын қоймалар мен басқа да техникалық ғимараттар салынып бітті. Комбинаттың құрылысы 2025 жылы басталып, 2027 жылы аяқталады деп жоспарланған, – дейді спикер.

Жалпы облыстың 2030 жылға дейінгі инвестициялық портфеліне құны 2,2 трлн тенге болатын, 9 мыңнан астам жұмыс орнын құратын 184 жоба енгізілген. Нәтижесінде, биылғы 10 айда экономиканың өсуі қарқыны 112,9 пайызды құраған. Экономиканың өсуі нәтижесінде бүгінде өңірде жеңіл өнеркәсіп дамып, шаруаның еңбегі еселеп өсіп келеді. Қазак үшін «Жер жұмағы – Жетісу» деп танылған өңірде дөңді дақыл өсіру, қызылша шаруашылығын дамытудың маңызы зор. Дөңді дақыл көлемі жағынан Жетісу облысы алғашқы төрттікке енсе, қант қызылшасын субсидиялау нәтижесінде қызылша алқабын 2 есе көбейтіп, 8,5 мың гектарға дейін жеткізуге мүмкіндік туып отыр.

– Агроөнеркәсіп кешенін тиімді дамыту – Жетісу облысында басым бағыттардың бірі. Осы ретте биыл облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 31,9 млрд тенге бағытталған, соның 80%-ы, яғни 25,4 млрд тенгесі – субсидиялар. Осы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 324 мың гектарға себіліп, 870 мың тонна

астық жиналды, орташа өнімділігі гектарына 27 центнерден айналды. Облыста 120 ауыл шаруашылығы өнімін өндіетін кәсіпорын жұмыс істейді. Олар 10 айда 70,2 млрд тенгенің азық-түлігін өндірген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23%-ға артық, – деді Бейбіт Өксікбайұлы.

Ал үш жыл тоқтап тұрған Аксу кант зауыты толық жөндеуден өтіп, биыл қайта жұмыс істей бастаған. Нәтижесінде, биыл аймақта жалпы көлемі 71 мың тонна кант өндіріледі. Осы орайда облыс әкімі өңірде агроөнеркәсіпті дамыту үшін су шаруашылығының сумен қамту мүмкіндігін арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы да айтып. Оның айтуынша, өңірде су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде. Тағы 16 нысаннан жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр, оның 7-еуі – жана су қоймасы. Соның нәтижесінде алдағы 2-3 жылда 48 мың гектар жерді сумен қамту жақсартылып, тағы 20 мың гектар жана суармалы жер айналымға енгізілімек.

Экономиканың құретамыры саналатын көлік-логистика және энергия өндіру бағытында да бірқатар жоба қолға алынған. Апат айтар болсақ, облыстың көлік-логистика саласына ірі инвесторлар тартылуда. Әкімнің айтуынша, бұл жоба өңірдің транзиттік әлеуетін дамытуға зор серпін береді деп күтілуде.

– Достық стансасында құны 12 млрд тенге, куаты 150 мың контейнерлік ЕТТ

Dostyk ЖШС-ның мультимодальды көлік-логистикалық орталығы салынды. Тағы екі – Dostyk Trans Terminal және DAR RAIL Infrastructure көпфункционалды жүк тиеу терминалы перспективалы жобаларын жүзеге асыру жоспарланған, – деді Б. Исабаев.

Сондай-ақ ол «Достық-Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып жатқанын айтып. Спикердің сөзінше, темір жол тармағының 836 шақырмының 451 шақырмы Жетісу облысының аумағынан өтеді. Осы жоба негізінде өңір экономикасына қосымша 293 млрд тенге инвестиция тартылады, 2 мың жаңа жұмыс орны ашылып, онда жергілікті тұрғындарға басымдық беріледі. Бұл ретте негізінен өңір кәсіпорындарының өнімдері пайдаланатын болады.

Ал Жетісуда қуаты 1 ГВт жел электр стансасы салынады деп жоспарлануда. Әкімнің айтуынша, өңірде баламалы энергетиканы дамытудың әлеуеті зор. Жоңғар қакпасы аумағында қуаты 1 ГВт ірі жел электр стансасын салу жоспарланып отыр. Бұл жоба үшін Сауд Арабиясынан инвестиция тартылады. Жобаның құны 883,5 млрд тенге болмақ. Жоба Алакөл ауданының аумағында іске асырылады.

Сондай-ақ өңірде әлеуметтік саланы дамыту бағытындағы жұмыстар қатарында денсаулық сақтау, білім беру саласына және халықты тұрғын үймен қамтуға ерекше көңіл бөлінген. Облыс әкімінің айтуынша, биыл облыста 323 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылады деп жоспарланған, оның 50 пайызы немесе 162,1 мың шаршы метрі – бюджет есебінен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8 есе көп. Облыс бойынша тұрғын үй кезегінде 30 мың адам тұр, соның 15 мыңнан астамы – Талдықорғанда кезекте.

«Негізгі мақсатымыз – алдағы 4-5 жыл ішінде кезекте тұрғандар санын 40-50% азайту», – деді облыс әкімі.

Қазір облыста газдандыруға жататын 192 елді мекеннің 26-сы, Талдықорған қаласын қоса алғанда 298 мың адам газға қол жеткізген. Әзірге бұл көрсеткіш – 42,6%. Соның ішінде 16 ауыл облыс құрылғаннан кейін газдандырылған. Жыл соңына дейін тағы 8 елді мекен көгілдір отынға қосылады деп жоспарланған.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың айтуынша, аймақта апатты және үш ауысымды мектептер жоқ. Дегенмен бейімделген мектептердің проблемасын шешу өзекті болып отыр. Осы жылы жоспарланған 6 мектептің 5-еуі іске қосылған, жыл соңына дейін тағы 1 200 орынды бір мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар әкім 5 мектептің құрылысы жүргізіліп жатқанын, оның 2-еуі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, 2026 жылға дейін облыста 21 жаңа мектеп салынады, оның 7-еуі «Жайлы мектеп»

ұлттық жобасы шеңберінде тұрғызылады. Қазір облыстың білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан ментор жобасы туралы сұрағанымызда әкім:

«Бұл – менің ұсынысыммен жүзеге асырылып жатқан жоба. Бұл жобаға алдамен менторлардың тізімін дайындап, 30 жас маманды арнайы оқытып дайындадық. Олар мектептің құрамына кірмейді. Облыстық Ішкі саясатпен бірлесіп оқушыларды смартфондарға тәуелділіктен арылту, әлеуметтік желідегі ақпаратты екшей білу, әсіре қызылға ұрынбау секілді бағыт-бағдар береміз. Негізгі мақсатымыз – ата-ана, қоғам және бала арасындағы ашық айтылмайтын мәселелерді ашық айту. Біз кешелен тақырыпты ұсынбаймыз, оқушылар тарапынан туындаған сұрақтарға менторларды тарту арқылы жауап береміз. Өздеріңізге белгілі, қазір елімізде балалар арасында суицид, әлімжеттік, зорлық-зомбылық және нашакорлық, синтетикалық есірткіге құмарлық секілді басқа да қоғамға жат қылмыстар асқынып тұр. Сондықтан балалармен ашық сөйлесу, сырласу, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беруге, тыңдай білуге де біреу жауапты болуы керек қой. Жоба қазір пилоттық негізде жүзеге асып жатыр. Менторлар қатарында психологтер де бар», – деп жауап берді.

Қазір, өкінішке қарай, елімізде ерекше балалар қатары артып келеді. Оларды сауықтыру, оналту және емдеу шараларын жүргізу өзекті мәселелер қатарынан саналады. Әкімнің айтуынша, биыл Талдықорған қаласында «Қамқорлық» қорымен бірлесіп аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталық және мүгедектігі бар азаматтарға арналған «Асар» спорттық-оналту кешені ашылды. Бүгінде Талдықорған қаласы бойынша 300 адамға, оның ішінде 54 балаға оналту қызметі көрсетілуде.

– Алакөл көлінің жағалауында 6-18 жас аралығындағы мүгедектігі бар балаларға арналған 35 орындық сауықтыру жазғы лагері жұмыс істей бастады. Сонымен қатар келесі жылы Талдықорғанда 150 орындық оналту орталығын құрылысын бастау жоспарланып отыр. Биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен және демеушілер көмегімен 14 инвентар сатып алынды. Сөйтіп, инвентар саны 36-ға жетті, – деді Б. Исабаев.

Брифинг барысында мәдениет және спорт салаларында атқарылып жатқан жұмыстар да назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, мәдениет пен спорт салаларында бюджет қаражатына 18 нысанның құрылысы жүргізілуде, оған 10,9 млрд тенге бөлінген, оның 8-і қолданысқа берілген. Облыс басшысы бұл әлеуметтік салаларға жеке инвестиция салып жатқан ірі кәсіпкерлер де бар екенін атап өтті.

Нес-ағамның аққуға айналған жаны жеті қаттан асып ұшып, мәңгілік мекеніне қанат қағып кеткеніне де қырық күн толыпты. Қазанның қара аспанын қақыратып, жай түскендей болған суық хабарға илана алмай, жақсы ағаның арамсыздан аттанғанына сенгіміз келмей есеңгіредік. Бір күні есікті шалқасынан ашып, «Ей, жүгермектер, не айтып жүрсіңдер? Мен Тарбағатай жаққа барып құс салып келдім емес пе!» деп кіріп келетіндей елегізіп жүрдім. Бірақ пенденің дегені болсын ба? Тағдырдың атылған оғы адырнаға қайта салынбайды. Әу баста теңселе жоқтаған қормал ел, ардақты Алаш жұртының жұбатуымен көп істің байыбына бара алмаппыз. Қаралы қауым тарап, құсалы кеуде дәтке қуат дегенде қандай асылдан айырылғаныңды білесің. Уақыт жылжыған сайын көңіл шіркін қоңылтақсып, жан дүниенің мүқамалы жоқ үйдей қаңырап тұрғаны. Бойыңды меңдеткен осы хәл – ағаның ақ дидарын көрмегеннен, етегіне оралып еркелемегеннен екен...

Берік УӘЛИ

Әлкисса, аталы сөзге әуес, өнерге үйір болған бала кезімізден-ақ Нес-ағамның есім-сойына қанық болдық. Сонау қиырдағы алақандай ғана Ойшілікке Алматының аңызға бергісіз әңгімелері емес-емес жетіп тұратын. Мұқым Шығыс өңірінен шыққан арқар мүйізді алып қаламгерлерімен қатар өрттей қаулаған қара өлеңнің иесі Несіпбек Айтұлының аты да мәшһүр болған кез. Алғашқы кітабына ақиық Мұқағали Мақатаевтың өзі ақ лебізін білдіріп, ақжол тілепті деп



Ағамның құмбатан АБЫЗЫМ

ауылдастар жыр қылып жүрді. Газет-журнал жете қалса, «Шұбартаудың шалқұйрығы өлең жазды ма екен?» деп асыға ақтаратынбыз.

Есейе келе, ертегідей Алматы шаһарына да табанымыз тиіп, білім алдық. Көзіміз көрмесе де көкірегімізде бейнесі жатталып қалған дегдарлармен дидарғайып болу бұйырды. Бірақ 2001 жылы Нес-ағамыз Қараөткелге қоныс аударып кеткендіктен етене араласа алмадық. Осы уақыт мені ағаның сом алтындай кесек туындыларына қанықтырып, рухани сырлас іні болуға дайындай түскендей.

Ақырындап ел ісіне араласып, Астанада тұрақтаған соң біздің шынайы таныстығымыз басталды. Бұрын жиын-тойларда, шығармашылық кештерде жиі ұшырасып жүрсек, енді қаршығадай қағылз аға өз бауырына тартты. Нес-ағамы арқа тұтып, өнегесін тыңдап, тауып айтатын тапқыр сөзіне сүйініп жүрдік.

2010 жылдың басы. Ағамыз 60 жасқа толған торқалы тойы қарсаңында үйіне қонаққа шақырды. Етің астырып, көңілі марқайып, жүзі бал-бұл жанып отыр екен. Дастарқан басында кенішті көкірек келісті әңгіменің тиегін ағытып, өткен-кеткенді қозғап, өлең оқып отырды. Мерейлі жасқа тың жеткенін, іштей шығармашылық зар-күйіне келіп, жана

биікке қарай ұшып бара жатқанын сездік. Ас қайырылып, аяқ жинала бастағанда Нес-ағам болмашы ырғалып қойып сөз бастады.

— Әй, Берікжан! — деді дауысы саңқылдап. — Сен бөтен емессің. Өзіміңнің екі туып, бір қалған туған бауыр, етжақынымсың. Қазір «Бетпе-бет» хабарын жүргізіп, құдайға шүкір, есіміңді ел-жұрттың біледі. Міне, биыл мына жаман аған алпыс деген арғымакқа мініп отыр. Сен ағана қолғабыс етіп, осы тойдың бір жағынан шығыс! — деп қолқа салып, тойдың тізгінін ұстатты.

Жауапкершілігі ауыр жұмыс болса да кеудемді бір жылы ағыс шарпып өткендей болды. Бостандық жырының бозжорғасы саған сеніп жүк артып тұрса, белің қайысса да көтерудің өзі ғанибет емес пе?! Дүбірлі тойға білек сыбанып, құлшына кірістік. Қолымыздан келгеннің бәрін жасауға бар күш-жігерімізді салған болдық. Ақынның ақ байрағын желбіретіп, қара өлеңінің мерейін көтерген естен кетпес той өтті.

Біздің басамыз Астанада түйіссе, аталарымыздың жолы сонау Тарбағатайдың тарғыл белдерінде тоғысыпты. Нес-ағамның да, менің де атам — құс баптап, бүркіт салған жандар. Атам Құрманғали мен Айт ақсақал үзеңгілес жолдас, асықты жілік ұстасып сыйласқан дос болыпты. Сонына нөкер ертіп, қолына құс қондырып, салтанатты саятшылық ғұмырды қатар кешіпті. 2019 жылы туған ауылым Ойшілікке барып, мектептегі үш сыныпты қажетті құралдармен жарақтандырып, игі іс жасап едік. Сондай салықалы сапардың болғанын Нес-ағана әңгімелеп берген болатынмын. Ағаның көңілі босап, қатты тебіренді. Көп ұзамай бозжорға қаламынан:

*«Айналған өз тұсында аты аңызға,
Құс салған екеуміздің атамыз да.
Шын болса атамыздың аңшы екені,
Кеміріп ақ қағазды жатамыз ба?»*

*Бар ма екен аталардан қымбат адам,
Көктемдік солар берген мың батадан.
Қондырып қолға қыран көрмесек те,
Шошайып шықпаймыз ба құрға таман?»*

деп басталатын керемет өлең туды. Осы бір ғана өлеңге атамсыздан бізге дейінгі тұтас дәуірді сыйдырып, ескерткіш орнатып кетті. Бұл өлең акеділ ағаның інісінің мойнына көзімдей көр деп ырымдап таққан бойтұмары деп білемін.

Иә, Нес-ағаммен дидарласқан әр сәтін өзі бағалауға тұрарлық. Бірде қайына-ағам Бакәділмен бірге моншаға бара қалсам, КСРО-ның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақтың аса көрнекті композиторы, профессор Еркеғали Рахмадиевті қолтықтап парға кіргізіп, ағасына інілік ізет көрсетіп, Нес-ағам да сонда жүр екен. Мені қастарына шақырып алды. Ой мен қырдан неше түрлі әңгіме қозғап, желініп отырған бір сәтте, Еркеғали аға Нес-ағамға:

— Әй, Несіпбек, ертең мен де өлермін, сайтан емеспіз ғой, сен сонда мені қалай жоқтайсың? — демесі бар ма?!
Нес-аға іркілместен:

*«Халқым деп көкіреңің қақыраған,
Өмірден сен де өттің-ау, батыр ағам.
Жұтпаған қай жақсыны сұм жалғанда,
Жалмауыз ажал деген аты жаман», —*

қордаланған көп әңгімені ақтарып отырған.

— Берікжан! — деді кенет қазан-ошақ жақта ас-ауқат әзірлеп жүрген келініне қарап, — Мына келінімің ай-күні толып отыр. Атасына шекесі торсықтай ұл сүйдірмек. Есіміне сенің атыңды қоямыз, — деді.

— Япырай, Нес-аға! Сөзіңіз аузыңызда, сауға, — дедім енді болмаса азан шақырылып кетердей абдырап. — Аға, біз әлі жаспыз, үлкендердің жалғасымыз ғой, балаға менің атымды емес, әкемнің атын қойсаңыз қалай болады?

Ағам риза болғандай басын шұлғып, осы сөзге келісіп уағдаластық. Кейін айтқандай немересінің атын Уәли қойды. Атұстарға тайымызды атап, шілдеханасына барып тағы бір арқа-жарқа болып қайтқан едік...

Осылайша, Есіл бойындағы есіл күндер бірінен кейін бірі алмасып сырғып жатты. Ағаның ақжайлаудай үйінде көсіліп жатып көңілдегі көп ойды тербейтінбіз. Былтыр «Хабар» агенттігінде жұмыс істеп жүргенімде айтқан бір сөзі



*Өткен күндерді ой елегінен өткізсем,
Нес-ағам сол кездерде өзінің кететінін білген сияқты. Соңғы жылдары әлеуметтік желіде де белсенді болып, жауһар жырларын үзбей жүктеп отырды. Өз замандастарының ішінде әлеуметтік желіні меңгеріп, жүйелі де сапалы жүргізгендер некен-саяқ. Осының бәрі ажал сағатының таяп келе жатқанын сезген ақын жанының шырқырап зау биікке самғауы сынды.*

деп суырып салды. Еркеғали аға мез болып, рахаттанып бір күлді.

Кейін Еркеғали Рахмадиев ағамыздың да кесімді күні жетіп, бакиға аттанды. Мен «Егемен Қазақстан» газетін қарап отырып, Нес-ағамның баяғы моншада айтылған бір шумак өлеңі ары қарай өрбіп, «Елінің еркесі едің, серкесі едің» деген тақырыппен, Еркеғали ағасына арнап жазған қаза жырын тауып алдым. Қазанаманы оқып болып, ағалардың тірліктегі сыйластығы мен қимастығы саналы жастарға ой салатынына көзім жетіп еді. Нес-ағам бізге аға болғанымен, өзі де біреуге іні екенін көрсете білді.

Нес-ағамның 70 жылдық мерейтойы пандемияның кесірінен уақытында өтпейтін болды. Ақын Ербол Алшынбай бауырымды жаныма ертіп, ат-шапанымызды алып үйіне құттықтай бардық. Балаша мез болып, құшақ жайып қарсы алдық. Әдетінше балдықты ет астырып, сары қымызын сапырып отыр екен. Жана жазған жырларын оқып, көк е й і н д е

енді ойласам көмейіме өксік болып тығылады.

— Әй, Берікжан, — деді мейірім тұнған үнімен. — Сен еліміздің басты арнасында жүрсін. Бізді қашанғы жүреді дейсің, мың жасайтын құзғын емеспіз ғой! Көкіректе қатталған сыр көп, бәрін сарқа айтқым келеді, мені жақсылап жазып алсаңдаршы! Көңіл түкпіріндегі көмбені өзіммен бірге алып кетпей соңғыға мұра етіп қалдырайын. Қазір көрсете алмасандар, мен қайтыс болған соң көрсетесіңдер ғой. Мен сендерге ешкім білмейтін көптеген тың деректер берем, — деді.

Мен Ербол Алшынбай бауырыма тапсырма беріп, осындай мықты-мықты тұлғалардан сұхбат алайық деп жана жобаны бастадық. Тұрсын Жұртбай ағамыздан алып, енді Нес-ағамызды түсіреміз деп жүргенде Ерболдың эфирге шығуына бір кісілер қарсы болып, жолымыз жабылып қалды. Енді көзі кеткен соң «сол жоба жарық көрмесе де, жазып алу керек еді» деп бармақ тістеп өкініп отырмын.

Өткен күндерді ой елегінен өткізсем, Нес-ағам сол кездерде өзінің кететінін білген сияқты. Соңғы жылдары әлеуметтік желіде де белсенді болып, жауһар жырларын үзбей жүктеп отырды. Өз замандастарының ішінде әлеуметтік желіні меңгеріп, жүйелі де сапалы

жүргізгендер некен-саяқ. Осының бәрі ажал сағатының таяп келе жатқанын сезген ақын жанының шырқырап зау биікке самғауы сынды. Оны өмірінің соңғы кезінде төсек тартып жатып жазған мірдің оғындай жырларынан да аңғара алдық. Жарық күнге риза-қош айтып, бұрынғылар кеткен жолға түскенімен, көкірегінде қанбаған мейір, сарғалдақ сағыныш кетті...

Алғаш қатты жығылып ауруханаға түскен жазда Ербол Алшынбай екеуміз көңілің сұрай бардық. Аз-кем әңгіме айтып, суретке түстік. Жай оғындай жарқылдап тұратын Нес-ағам қоштасқандай болып отырды.

— Бұл не жатыс, аға! Ақсуатта Дулат Тастекеев бауырыңыз өткізетін айтысқа бірге баруымыз керек. Тезірек тұрыңыз, жолға жиналамыз, — дедім қалжындап.

— Кетіп қалып жатсам, мені Ұлттық пантеонға қойындар. Осы сәлемімді үлкен кісіге жеткізерсіңдер. Егер шамаларың келмей жатса, Қабдеш ағамның қасына барып жатсам деймін, — деді.

— Ондайды айтпаңыз, аға, жазылып кетесіз, — деп біз шыр-пыр болдық.

Қазақ әдебиетінің қабырғалы қос қара нары Қабдеш Жұмаділов пен Несіпбек Айтұлының бір кездері болмайтын іске бола шекісіп қалғаны шындық еді. Бірақ өмірінің соңында кешу сұрасып, бір-бірімен татуласты. Қабдеш аға қайтыс болып, былтыр басы жанадан көтеріліп, ас берілгелі жатқан. Ақсуатта айтыста жүргенбіз. Нес-ағаға келіп:

— Нес-аға, мына асқа сіз де барсаңызшы. Көзденен көз аралары сол беті суып, өкпе-реніші әлі тарқамапты демесін, — дедім.

— Әй, Берікжан, сол күні немеремнің тойы еді, — деді.

— Аға, той күнде болады. Алас бір-ақ рет беріледі ғой, — дедім.

Кесімді сөзімді айтам деп ойланып қалды. Бір айналып келіп арқамнан қағып:

— Әй, Берікжан, сен өте дұрыс айтып отырсың. Менің барғаным оң болады. Арнауымды оқып, ағама дұға бағыштап қайтам, — деді.

Бірге асқа бардық. Нес-ағам күркіреп өлең оқыды. Абыз жазушының рухына құран бағыштадық.

Астан қайтып келе жатқанда: «Бір жеңілдеп қалдым», — деді күрсініп.

Мұны аруақтың алдындағы арылу, інілік тағзым, биік құрмет деп қабылдадым. Сол сапарда ағасының рухымен тілдесіп қайтқан секілді. Ұлттық пантеонға жатпасам тоғыз жолдың торабына барып, ағамның қасына жантайып дегенінен соны аңғардым...

Ал Тұрсын аға мен Нес-ағам ғұмырлық дос, өмірлік жан аямас серік екені баршаға мәлім. Бір-бірімен қалжындасқанда ұятты сөзіне шыдап тұрудың өзі мүмкін емес. Мені бір-бірінен қызғанған болып еркелетіп жүретін.

— Несіпбекте нең бар, сен менің бауырымсың, — дейтін Тұрсын ағам кездесе қалса.

— Иә, иә, аға, сіздің бауырыңызбын, шүбәңіз болмасын, — деймін күліп.

— Әй, сен Тұрсынға неге жолап жүрсің?! Кімнің бауырысың өзі? — дейді Нес-ағам кездесе қалса.

— Ойбай, аға, сіздің бауырыңыз екенім ай мен күндей ақиқат қой, — деймін.

Бір күні екі нар қатар кездесіп қалып, «Сен өзін кімнің бауырысың, анығын айтшы?» деп ортаға алды. Мен сасқаныман күле бердім.

— Екеуіңіздің де бауырыңыз емеспін бе?! — деп қыспақтан зорға шығып едім. Есіл ағаларым менің!

Ағамның шүлен шұақты мейірімін, жылы қамқорлығын, жарқын бейнесін ойлағанда, аңызға бергісіз есіл күндер айналып ұшқан алты аққудай көз алдына келеді.

*«Әкем де осы — қара өлең,
Шешем де осы — қара өлең.
Қара өлеңім тұрғанда...
Қалай ғана мен өлем?!»* деп жырлаған Нес-ағамыз бүгін ортамызда жоқ. «Дидарың ғайып болғанымен де, жырларыңның ажары қашанда ашық, қазақтың киелі сөзінің нысаналы ұстыны болып қала бермек» деп сонында Тұрсын досы қалды. Абзал жұрты Алашты су жорғалай тайпапалған өлеңін, дегдар тұлғасын ұмытпақ емес!

Өткенге салауат, өліге иман тілеп от орнында қалған біздің ендігі жұбаныш — жадмызды таңбалаған естеліктер. Қимас сәттерден, аялуы шактардан қалған ертегіге бергісіз естемелер жаныңды елжіретеді. Қоңыр қазақтың мінезімен басамыз қосыла қалса, аға туралы ақжайнақ күндердің таусылмас қызығын айтамыз. Рулы елдей болып ортамызды толтырған Нес-ағам барда айдынымыз шалқып, асқарымыз биіктеп жүріпті. Кеудені құсы кеткен көлде, елі көшкен белде қалғандай жалғыздық кернейді. Оның бәрінен ағамның «Аққудың көз жасындай көлге тамған» шығармалары құтқармақ.

«Мені сағынсаң, аға-бауыр болып бірге кешкен күндерді есіңе ал» деп өзі келіп жұбатардай...

Жаныңыз жұмақтың төрінде, рухыңыз бейіште шалқысын, қазақ поэзиясының дариға-дуарені!





Бауырсақ

Күнделікті әдетімше, негізгі шарадан тысқары сәтте қазақ сайттарын ақтарып отырғанда тосын бір ақпарға көзім түскені. Бауырсақ күнін атаулы тізімге енгізу туралы ұсыныс.

Міне, тамаша! Қазақтың жүз тарам дастарқанындағы қастерлі тағамдардың бірі. Бірі ғана емес, бала-шаға, үлкен-кішіге ортақ, тәбеті тартымды, таңсық ас. Қазы-қарта сияқты, ешкімге таласыз ұлттық дәм. Қазы-қарта онсыз да әйгілі, ал бауырсақ міндетті түрде назарға алынуы тиіс. Қажетті, орынды ұсыныс.

Жұмыс кабинетімен ас үйге бас сұқсам, біздің балалардың әжесі камыр илеп жатыр екен. Сірә, жанағы бауырсақ жөнімен. Столдың бір шеті, нан тақтайшасына телелес, аузы ашылған қағаз қорапша тұр: «Бүгдей ұны». Түркия болған сон, әлбетте, түрікше. Біздегідей орысша емес. Және ұлттық әлібиі — латын таңбасымен. Шамалап оқылым: «Бүгдейі» — бидай, ал «ұны» — кәдімгі ұн. Ғажап емес пе! Бұл ғажап — тілдің туыстығында емес. Ұнның — ұн аталуында.

Түрік пен қазақтың, нақтылап айтсақ, оғыз жұрты мен қыпшақ қауымының арасы біржолата ажырағаны — Х ғасыр, яғни тұпа-тура мың жыл. Біз Еуразия шегінде қалдық, ал оғыздар Сейхун — Сырдариядан ығысып, Әмү — Жейхүндариядан ары асып, Анадолыға орнықты. Мың жыл бұрынғы кеп. Яғни, біздің түрік қауымында бұдан мың жыл бұрын да дәрмен тартылған және ұн — ұн аталған. Осы ұнға жалғас бауырсақ та болуы күмәнсіз. Және айтылып отырған мың жыл — ең бергі жеке. Одан әріде тағы қаншама заман. Қазіргі түріктер ұмытса да, біз байырғы атаудан қол үзбеміз.

Байырғы дейтінім, бауырсақтың арғы ұштығын да біледі екем. Осыдан тұра жиярма жыл бұрын, бүгінгі Моңғол ұлысын аралап жүрген кезде қайран қалған жағдай.

Әлқисса, мен өмірлік мұрат тұтқан біршама жазуымды жеріне жеткізіп, енді сайыпқыран Шыңғыс хан туралы, бір-неше кітаптық, кең көлемді тарихқа жан-жақты, тиянақты дайындықтың соңғы бір қайырымы ретінде, арғы бабаларымның ата-мекені — бұрнада Ғұн, беріректе Татар даласы атанған, бүгінде Моңғол ұлысы бауыр басқан Ұлы Даланың бедер-нұсқасын нақты тану үшін, арнайы жол-сапарға шыққан едім. Бас қаған туып-өскен, күш жинап, серпін тапқан кендүние — орманды, таулы, жазан өлкені, бойым сергіп, тура бір ай араландым. Қатпары мол, тарихы толымды Ұлы Дала — мен үшін айрықша қастерлі, ал бүгінгі тұрғын халқы қандай да құрметке лайық: ақ көңіл, дарқан, меймандос. Ескілік пен жаңалық ұштасқан абат өлке. Ел-жұрттымен қоса, жүрекке соңшама жақын.

Осы толқымалы, ғаламат сапардың алғашқы бір кезеңінде, көр бетегелі қыранда қатар-қатарымен тізілген 5-6 киіз үйдін оқшауырақ тұрған, көрнекі біреуіне, ат басын деп айта жаздальым, машинамыздың тұмығын тіредік. Әлбетте, іргеден дыбыс естілген соң үй иелері, кім болса да келіп тұрған мейманды қарсы алу үшін сыртқа шығатын. Ешбір елес болмады. Енді біз, мені қостап осы сапарға алып жүрген Сұраған ақын мен тізгіншіміз, Есім дейтін ер жігіт үшеуіміз, бұрнағы қазаққа болған, бүгінгі моңғолда сақталған әдет бойынша, ешқандай сұраусыз есік ашып, ішке кіріп бардық.

Үй иесі, жасандау келіншек, қолында кәкіпі бар, орталық ошақтағы қазан басында тұр екен, қызыл шырайлы бетін бұрып, қысыла-қымытырыла сәлем қайырды. Шыға алмауы — қазанда қайнаған май, кәдімгі бауырсақ пісіп жатыр. Кәдімгі қазақтың бауырсағы. Бізде неше түрі бар ғой, соның бірі — сәл-пәл ұзыншақ, төртбұрышты. Бір жақ шетте, нан-тақтайда камыр дайындап, шикі бауырсақты кесіп отырған 12-13 жасар қыз бала да жайдары амандасты.

Төрге шықтық. Жатаған, төрт қырлы жазық үстіне жарты табақ ыстық бауырсақ қойылды. Және сары май. Және кесегімен опырылған, кәдімгі құрт. Және, ілкіде

көргем, сарлықтың қою сүтінің бетіне тұнған шынтақ елі қатырма қаймақ.

Серіктерім мән-жайды, сірә, менің құрмет-мәртебемді қоса айтты, үй иесімен моңғолша сөйлесіп кетті. Арасында әңгіме сұлбасын маған да жеткізіп қояды. Отағасы малда жүр. Қыз бала Ұлан-Баторда оқиды. Демалысқа, бірер күнге келген екен. Гимнастика ғой деймін, әлдебір спортпен айналысады екен, масаттанып, атаулы орын алған медальдары мен мактау қағаздарын көрсетті. Бұдан бұрын да түскен, тіпті қоналқаға тоқтаған барлық үйлердегі сияқты, мұнда да табиғи, риясыз жағдай. Советтік социализм бұзып үлгермеген, тәуелсіздік заманынан бері өзінің ақиқат жолын тапқан бауырлас халықты тым жақсы көріп кеткен едім.

Ашық әңгіменің қалт еткен бір тұсын да мен сыпайы келіншекке тежеусіз, мол дастарқаны үшін қазақша ризашылық айтып, мына пісіріп жатқан, енді біздің алдымызға тартылған өзгеше тағамның атын сұрадым. «Бауырсақ» деді. Мен жанылыс естілдім бе деп қайыра сұрап едім. Катесі жоқ. Бірақ нақты дыбысталуы сәл-пәл өзгеше — боорсақ екен. Есебі, біздің бауырсақтың дәл өзі — боорсақ, яғни бауырсақ.

Енді ойлап қарансыз. Бүгінгі моңғол жұрты да бауырсақ пісіреді және нақпа-нақ дерлік бізше атайды. Бауырсақ!

Өзінің «Ескілік кімі» аталатын бір өлеңінде: «Ойлансып, ойға кеттім жүз жылға өткен...» — дейтін Абай атамның жорасымен, одан да әрі — мың жылға кетіпті. Қыз балаға, оқуында, әуескoi спорттың үлкен табысқа жетуін тілеп, қазақы сувенир сыйлап, бауырсаққа той-ғызған үй иесі әйелге ықылас-пейілімізді білдіріп, жолға шыққаннан соң серіктеріме шағын тарихи дәріс айтыпты. Сол жерде қалмады, енді қағазға түсірудің орайы келіпті. Ұмытпастық үшін.

Жыл санаудан бұрынғы дәуір, бүгінгі Моңғол үстірті және терістік-шығыс Қытай шегінде баба-түрік (прототүрік) тайпаларымен қатар, баба-моңғол тайпалары іргелес жасаған. Арйда ғұн, кейінірек өйгілі қағанат түріктері өз заманының алдыңғы легінде болды. Есте жоқ ескі дәуірде жабайы ан тұқымдарын жуасытып, үй малына айналдырды, жаңа эраға дейін, шамасы бес мың жыл бұрын жылқыны қолға үйретті; тіршілікке, қош-қонға қолайлы, ағаш сүйекті киіз үй құрылымын ойлап тапты. Ал іргелес, кейде тату, көбіне қату баба-моңғолдар бұл кезде тек қана аншылықпен жан басты, ан терісі жабылған күрке, лашықтарда тұрды. Мұнда, өз заманынан тыс алабөтен кемістік жоқ, бүгінгі Еуропаның алдыңғы қатарлы саналатын халықтарының өз дәуірінде осындай, бұдан да жұпшы түрмес кешкен. Мың жыл алға кеткен ханзу текті жұртты айтпасақ, түрік қауымы бүкіл әлемнің алдында болатын.

Хош. Уақыт оза келе, манағы жаппай аншы жұрт, көршілес баба-түрік әсерімен, олар да мал ұстай бастайды. Әсері дейтініміз талассыз — бүгінгі моңғол тіліндегі мал атаулары түгелі дерлік — түрік негізді. Өзара алшақ екі тілдің туыстығы емес, ауысу, алмасу нәтижесі. Сондай-ақ салдыр-салан лашықтан киіз үйге көшеді. Және дәнді дақыл, оның ішінде бидай егуге бой ұрады.

Міне, бағзы түріктің бауырсағы — дәлме-дәл өз атауымен моңғол жұртына жү-ғысуы да осы қалым заманға сәйкеспек. Әлбетте, кейінгі қуатты қағанаттар ықылымына дейін. Ғұн дәуірі, бәлкім, одан көп бұрын.

Есебі, бүгінгі бауырсақтың кем дегенде жиырма ғасырлық ғұмыры бар. Арғы бабаларымыздан бастап, екі мың жыл бойы бауырсақ жеп келеміз. Шынында да таң қаларлық, сүйінішті жағдай.

Ендеше, кейінгі бір ақылды балалар ұсынып отырғандай, Бауырсақ күнін тойлауға немене.

Жасасын, қазақтың қастерлі Бауырсағы!

Тісі жана шыққан жас баладан бастап, азуы кетілген қартымызға дейін, бұйыртып жегізе бергеі!

Қазақпен бірге жасап келе жатқан қайран Бауырсақ!..

МҰХТАР МАҒАУИН
16-17.XI.2023
Кемер, Түркия

ОРМАН - ОТАН БАЙЛЫҒЫ

Көлсай дегенде алдымен көзімізге Жетісудың мөлдіреген жауһары және оны тамашалауға дүниенің түкпір-түкпірінен келген туристер елестейтіні хақ. Көздің сұғын алар көл айналасындағы таулары мен орманының арқасында бұл күнде ел туризімінің ауыз толтырып айтарлық бір нысанына айналып отыр. «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі — саяхатшыларға ғана жағдай жасап қоймай, өзіне тиесілі аумақтағы флора мен фаунаның сақталуын басты мұраты етіп қойған мекеме. Осы орайда орман шаруашылығының бүгінгі тынысы жайлы «Көлсай көлдері» МҰТП директорының орынбасары Мақсат Әлімқұловпен сұхбаттасқан едік.



— Мақсат Мәлімбекұлы, көрікті Көлсай өзінің әсем табиғатымен тек қазақстандықтарды ғана емес, дүйім әлем жұртшылығының назарын аударып отыр. Осы орайда сіздердің парк аумағындағы орман шаруашылығы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды бір шолып өтсек...

«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылғанына биыл 16 жыл. Ұлттық парк құрылып жұмыс істей бастағалы біршама жетістікке қол жеткіздік. Ерен еңбектің арқасында табиғатымызды қорғап қана қоймай, толағай табыс көзі — туризмнің дамуына үлес қосып отырмыз. «Көлсай көлдері» МҰТП аумағының көп бөлігі «жабайы табиғат» күйінде жақсы сақталған. Сол себепті мұндай жерлерге бүгінде дүниежүзілік қызығушылықтар артуда. Осыған орай ұлттық парктің қызметі бүлінбеген табиғи ортаны сақтауға, әлемдік маңызды бар табиғи-тарихи қадірлерді қорғауға бағытталған. Бұл болашақта ұлттық парк аумағында туристік рекреациялық қызметтің дамуына, әлемдік деңгейдегі биосфералық ғылыми тұрғыда дерттеулер жүргізуге, ғаламдық табиғи өзгерістерді бақылауға мүмкіндіктер туғызады. «Көлсай көлдері» МҰТП республикалық мемлекеттік мекемесі туристік инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарына сәйкес жұмыстар атқарады. Бас жоспарға сәйкес, ұзақ және қысқамерзімді пайдалануға берілген жер учаскелерінде глэмпингтер, кемпингтер, қазақ ауылы, автотұрақ орындары, алғашқы медициналық көмек көрсету орындары, сауда орындарын салу жоспарланған. Ұлттық парк жыл сайын туристік соқпақ бойларына абақтандыру, тамашалау, демалу алаңқайлары, шатыр тігетін орындарын, ақпараттық белгілер орнату жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді. Ұлттық табиғи парк аумағына биылғы жылы осы уақытқа дейін келген туристер саны 198 027, шетелдік саны 2 198 адамды құрады.

«Көлсай көлдері» паркінің аумағында «Қызыл кітапқа» енген флора және фауна түрлері бар ма?

— Парк аумағында «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар өте көп кездеседі. Құстардың 12 түрі, соның ішінде бүркіт, құмай, көкжүз, үкі тағы басқалары, сүтқоректілердің 7 түрі, қар барысы, Тян-Шань қоныр аюы, Түркістан сілеусіні, Тян-Шань арқары, тас суары т.б. жәндіктердің 6 түрі, өсімдіктердің 19 түрі кездеседі.

— Кеңес үкіметі келмеске кетіп, тәуелсіздігіміз енді қолға тиген токсаныншы жылдары осы ұлттық парк құрылмай тұрып, аталмыш өңірде талай ағаш ке-

сіліп, алды құрылыс материалдарына, соны отынға айналып жатты. Қазір сол орманды қалпына келтіру мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда? Жалпы, сол кездегі тұрса орман қалпына келді деп айта аламыз ба?

— Парк құрылғанға дейін 1990-шы жылдары тұрғындардың басым көпшілігі ағаштарды кесіп, құрылыс материалдарын дайындап, сатып күн көрді оны барлығымыз білеміз. Қазір заңсыз ағаш кесуді мемлекетіміз қолға алып, заң тұрғысында қатаңдатып, әрі қайта қорғалатын табиғи аумақта бір ағашқа жай ғана зақым келтірсеңіз 150 айлық есептік көрсеткіште, яғни 517 500 теңге көлемінде айыппұл төлеуге әкеліп соғалды. Оның сыртында мемлекетке келтірген шығын бар. Парк аумағында жел жыққан, қураған бір-бірінің өсуіне келдергі келтіретін ағаштарға ғана бір жыл бұрын ағаш дайындау құжаты дайындалып, оны орман шаруашылығы жануарлар дүниесі инспекциясы тексеріп, уәкілетті орган рұқсат бергеннен кейін ғана ағаш кесу жүргізіледі. Осы 17 жыл ішінде, мекеме қызметкерлері орман-тоғайымызды, жабайы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемін зиянкестерден, аурулардан, браконьерден қорғауға, орман өрттерінің болдырмауға, туризмнің дамуына бар күш жігерлерін жұмсай отырып қызмет атқарып келеді. Соның нәтижесінде, орман-тоғайымыз қайта қалпына келді деуге әбден болады. Оған дәлел ауыл шетіндегі тоғайды мысалға алсақ болады. Осыдан 15 жыл бұрын тоғайдың ішін аралап жаяу атпен жүре беретінбіз, қазір парк құрылғалы бері жас өскіндер өсіп ішкіне мүлдем кіре алмайтын жағдайға келдік.

— Орманның жауы — өрт. Биыл жазда Семей ормандарында болған тілсіз жау баршаңызға сабақ болды. Осындай келеңсіз құбылысқа қарсы сіздерде қандай алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігі қолға алынған?

— Семей орманында тұтанған өрт бақылаудан шығып, 15 өріптесіміздің өмірі қиылды. Өрт шарпыған аумақ бір аптаға жуық уақыт ішінде 60 мың гектардан асып кетті. Осы орман өрті барлығымызға сабақ болды. Біздің орманымыз таулы аймақта орналасқандықтан орман өртіне жетіп, сөндіру өте қиын. Орман өртіне тек жаяу не болмаса атпен ғана жетуге болады. Осы жағдайларды ескеріп, алдағы уақытта орталықтарымыздың диспетчерлік қызмет құрсак деп отырмыз. Тәулік бойы жұмыс істейтін орталықтан дырылған диспетчерлік қызмет қандағалап отыруы тиіс және заманауи құрылғылар орналастырсақ, олар түтін

шыққан уақытта өздері белгі береді, арнайы компьютерлік бағдарлама жасалынған. Сонымен қатар авиациялық бақылау күнделікті жүріп отырса өртті әуеден тез байқауға болады. Парк аумағына жиі рейдтер ұйымдастырып, көзбен бақылап отырамыз. Ұлттық паркте биылғы жылы орман өртінің сөндіру станциясы құрылып материалды базасы жасакталды. Өрт сөндіру құралдарын бекітілген нормамға сәйкес жабдықталды.

— Кателеспесем, сол Семейдегі өрттен кейін іле-шала сіздердің парк аумағында да шағын өрт болды, сол туралы айта кетсеңіз.

— Парктің Көлсай орманшылығына қарасты 10 орам 71 телімінде 0,08 гектар аумақта орман өрті 24 маусымда кешке қарай таудың жоғарғы жағынан байқалып, дереу мекеме қызметкерлері жиналып, орман өртінің сөндіру жұмыстарын бастады. Орман өртінің сөндіру нұсқаулығымен, техника қауіпсіздігімен таныстырылып, орман өртінің сөндіруге аттанды. Орман өртінің сөндіруге қазырылы орындарға хабарланып, 25 маусым күні таңғы сағат 04.00-де өрт сөндіруге қатысатын барлық құзырлы орындар сап түзеп, өрт сөндіру нұсқаулығымен, техника қауіпсіздігімен таныстырылып, орман өртінің сөндіруге аттанды. Орман өртінің сөндіруге «Көлсай көлдері» МҰТП бас директоры Елнұр Ахметов басшылық жасады. Орман өртінің сөндіру үшін Алматы облысы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов және Кеген ауданы әкімінің м.а. Кеңес Кабылбеков, Алматы облысының Ұйғыр, Райымбек, Кеген аудандарының Өрт сөндіру бөлімдерінің өрт сөндірушілері, Жалаңаш әскери командатура-сының шекара қызметкерлері, Алғабас, Жаланаш, Қарабұлақ, Саты ауылдық округінің әкімдігі аппаратының еріктілері, «Кеген орман шаруашылығы» КММ қызметкерлері және «Көлсай көлдері» МҰТП қызметкерлері қатысты. Орман өрті болған аумақта «Қазәуеорманқорғау» РММК арнайы тікұшағы әуеден бақылау жасады. Дереву жасалған өрекеттің арқасында орман өрті ауыздықталып, орман өрті толығымен өшірілді. Орман өртінің сөндіруге 137 адам 24 техника қатысып, орман өртінің таралуына жол бермеді. Орман өртінің сөндіруге қатысқан барлық мекемелерге, құзырлы орындарға, еріктілерге «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ұжымының атынан алғыс білдірілді.

— Қазақ жерінің бау болған төрт-ақ пайыз аумағында ғана орман бар деген мәлімет бар. Жалпы, елімізде орманды алқаптарды ұлғайту үшін не істеуіміз керек деп ойлайсыз?

— Мемлекет басшысының орман қорында 5 жыл ішінде 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау үшін, ормандарды толықтыру мен орман өсіру жөніндегі кешенді жоспарлар әзірленіп, бекітілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде, 2030 жылға қарай елдің ормандылығын 5%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Осы жұмыстардың орындалуын және отырғызылған көшеттерді күтіп баптау жұмыстарын қатаң қолға алуымыз керек деп есептеймін. Ұлттық парк Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кешенді жоспар жасап, жыл сайын орман екпелерін отырғызу жұмыстарын жүргізуде. Біздің паркте өсетін басым бөлігі Шренка шыршасы болғандықтан, Шренка шыршасының екпелерін жылына 14 гектар аумақта 56 000 көшеттер отырғызып, күтіп баптау жұмыстарын жүргізудеміз. Орман қорын ұлғайту үшін, орман өртіне және заңсыз ағаш кесуге жол бермеуіміз керек және орман екпелерін отырғызып орман қоры жеріне ауысқанға дейін күтіп баптап қолға алуымыз керек.

— Әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен
А.ХАСАН



ҚАНДАСТАР – МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында көші-қон мәселесіне көңіл бөлуі – жақсылықтың нышаны. Биыл Президент бастамасымен елімізде екінші рет өткізілген «Отандастар» форумының да маңызы зор.

Аталмыш форумда жолдаған құттықтауында Мемлекет басшысы: «Қазақта «келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Халқымыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетте мекен етсе де, қазақтың бір ғана Отаны бар – ол Қазақстан. Сондықтан біз шетелде тұратын қандастарымызды қолдауға қашанда мән береміз. Олардың тарихи Отанына қоныс аударуына толық жағдай жасалған. Қазақстан азаматтығын және қандас

мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» картасы енгізілді. Қандастармен қарым-қатынасты дамытуға бағытталған осындай жұмыстар жалғаса береді», – деген болатын.

Халық саны тығыз орналасқанына қарамастан, көші-қон мәселесі бойынша тиімді іс-шараларды жүзеге асыру барысында Шымкент қаласы да бірқатар бағыттағы жұмыстарды атқаруда. Биыл үшінші мегаполисте 766 отбасы, 1 196 адам «қандас» мәртебесін алды, ал 6 айға қандас мәртебесін ұзартқандар саны 47 отбасынан 62 адамды құрады (барлығы 1 258 адам).

Қоныс аударған қандастар ТМД және шетелдерден көшіп келген, этникалық қазақтардың басым бөлігі Өзбекстаннан келгендердің үлесінде. Өзбекстаннан келген – 1 166 адам, Қытайдан – 16 адам, Ресейден 8 адам Шымкентке біржола қоныстанып, тұрақтады. Сондай-ақ Қырғызстаннан – 1 адам, Ауғанстаннан –

2 адам, Тәжікстаннан – 1 адам, Түркиядан 2 адам атамекенге оралған.

Тәуелсіздік алғалы бері бағамдасак, елімізге 1 миллионнан астам қандаспымыз оралған. Олар атамекенде ұрпақ өрбітіп, кәсіп игеріп, мемлекетіміздің өркен жаюына үлесін қосуда. Президент атамекенді аңсап келген ағайындар мәселесін Үкіметке, Президент Әкімшілігіне шешуді жүктеп, қосымша іс-шаралар қабылдау туралы нақты тапсырма беруде. Нәтижесінде, қоныс аударған қандастардың басым бөлігі бүгінде құрылыс саласында, сауда-саттықпен және басқа да жалдамалы жұмыстармен айналысады. Шымкент қаласында қандастар мен олардың отбасыларына 6 ай бойы бейімдеу және кіріктіру бойынша қызметтер көрсететін «Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» жұмыс істейді. Бүгінде бейімдеу қызметін 19 отбасынан 52 адам алуда.

Президент Жолдауында: «Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты



саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды. Қуатты ұлттың дінгеі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбеккерлік қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады» деуі көп жайттан хабардар екенін де аңғартады.

Халық санын көбейтіп қана қоймай, сапасын да арттыруға бүгінде нақты қа-

дамдар жасалуда. Қандастарды жұмыспен қамту мәселесі назарға алынып, Шымкент қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі» орталығы арыз-шағымдарға сай жұмыс істейді. Бүгінде орталық қызметіне барлығы 135 қандас жүгінген. Олардың ішінен 86 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылған. Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мамандары аталған бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын айтады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

«Әлімтау» КС-І вахталық қалашығы алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Әлімтау» КС-І вахталық қалашығы алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Әлімтау» КС-І вахталық қалашығы алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 102 456 428,57 теңге, ҚҚС-сыз)

Сатып алынатын жұмыстары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «04» желтоқсанда, сағ. 15:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «04» желтоқсанда, сағ. 16:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алинтау»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке работ «Разработка РП "Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 "Алинтау"» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке работ «Разработка РП "Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алинтау»». (Количество лотов – 1, на общую сумму 102 456 428,57 теңге без учета НДС). Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 15:00 часов «04» декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16:00 часов «04» декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«Әлімтау» КС-І компрессорлық станция алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Әлімтау» КС-І компрессорлық станция алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Әлімтау» КС-І компрессорлық станция алаңында жаңадан құрылыс салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 129 182 142,86 теңге, ҚҚС-сыз)

Сатып алынатын жұмыстары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «04» желтоқсанда, сағ. 15:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «04» желтоқсанда, сағ. 16:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке компрессорной станции КС-1 «Алинтау»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке компрессорной станции КС-1 «Алинтау»» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке компрессорной станции КС-1 «Алинтау»». (Количество лотов – 1, на общую сумму 129 182 142,86 теңге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 15:00 часов «04» декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16:30 часов «04» декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Қайта ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «ГАА RR арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«ГАА RR арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА RR арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 4 084 300,00 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 04 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 04 желтоқсанда, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-79.

Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА RR»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Запасные части для ГПА RR» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА RR». (Количество лотов – 1, на общую сумму 4 084 300,00 теңге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 04 декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 04 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону:

+ 7 (727) 393-02-79.

«МГ ЖБ кран тораптарындағы CCTV ауыстыру» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «МГ ЖБ кран тораптарындағы CCTV ауыстыру» тауарларын сатып алудың, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қашгарская көшесі, 77, мекенжайында орналасқан, БСН 070240011044, «МирАС инжиниринг» ЖШС жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке товаров «Замена CCTV на крановых узлах ЛЧ МГ»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке товаров «Замена CCTV на крановых узлах ЛЧ МГ» ТОО «МирАС инжиниринг», Республика Казахстан, город Алматы, Бостандыкский район, ул. Кашгарская, дом 77, БИН 070240011044.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«КС-4-тегі ГПЭС 30000 м/с күрделі жөндеу» жұмысын сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-4-тегі ГПЭС 30000 м/с күрделі жөндеу» жұмысын тендерлік өтінімі лоттар бойынша №1, №2, №3 «Caspian Oiltech Services» (Каспиан Ойлтек Сервис) ЖШС: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5, БСН 041240003942, жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 30000 м/ч на ГПЭС на КС-4»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке работ «Капитальный ремонт на 30000 м/ч на ГПЭС на КС-4» по лотам №1, №2, №3 тендерную заявку ТОО Caspian Oiltech Services» (Каспиан Ойлтек Сервис), Республика Казахстан, г. Алматы, пр-т Аль-Фараби, 5, БИН 041240003942.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«СКС-6-дағы ГАА-3 ОТҚ күрделі жөндеу» жұмысын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКС-6-дағы ГАА-3 ОТҚ күрделі жөндеу» жұмысын тендерлік өтінімі «Актобе мұнай маш комплект» ЖШС: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Промзон көшесі, 19г құрылыс, БСН 031040005996 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт ЦБН ГПА-3 на СКС-6»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке работ «Капитальный ремонт ЦБН ГПА-3 на СКС-6» тендерную заявку ТОО «Актобе мұнай маш комплект»: Актюбинская область, Мугалжарский район, город Кандыагаш, улица Промзона, строение 19Г, 030700, БИН 031040005996.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

Актерлік өнер – адам бойынан мамандыққа деген адалдық пен махаббатты, шынайылықты талап ететін көпқырлы сала. Себебі кейіпкерінің болмысын тануда психолог болсаң, рөлінің өмірлік мәнін көптің санасына сіңіру үшін философиялық танымың болғаны жөн. Бұл – актердің потенциалын түпкілікті ашуға, өзінің шынайы болмысын тануға себеп болмақ. Сондай бір өмір арнасын өнермен қатар рухани толысуға арнаған талант иелерінің бірі Жанаргүл Жаныманова. Бала кезімізден рөлдерін көріп өскен актрисаның есімі мен тұлғасы оқырманға жақсы таныс.



ТЕАТР –

ЖАНЫҢ ЖАЛАҢАШТАНАТЫН МЕКЕН

– Жанаргүл ханым, бүгінде ғұмырыңыздың он жылға жуық уақытын «Әкемтеатрдағы» қызметіңізге арнап келесіз. Өңгімізді шығармашылық тынысыңыздан бастасак.

– Мен Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназияда білім алдым. Мектебіміз Қазақфильм студиясының жанында орналасқан еді. Сол кездері түсірілімге балалар қажет болып жатса, студиядағы мамандар біздің мектепке келіп алып кететін. Студия қабырғасында 4-сыныптан бастап жүргендіктен, сол сәтте өнерге деген махаббатым оянда. Қазіргі М.Әуезов атындағы драма театрына бала кезімізден алып келетін. Әр келген сайын Меруерт Өтекешова, Фазиза Әбдінәбиева апайларымыз бізбен суретке түсіп қарсы алатын. Сол кездері осындай дәстүр қалыптасты, ал қазір жоқ. Біз де жастайымыздан аға буынға қарап бой түзедік. Ең алғашқы көрген қойылымым – «Турандот ханшайы» және «Мәңгілік бала бейне» еді. Мектепті тәмамдаған соң «Музыкалық драма» мамандығы бойынша өнер академиясының табалдырығын аттадым. Есмұхан Обаев пен Алма Кәкішеваның шеберханасына оқуға түстім. Біз оқуға қабылданғаннан бастап ұстаздарымыз үзінділер беріп, үлкен сахналарға дайындады. «Әкемтеатрдың» кіші залында қойылған дипломдық қойылымымыз – Антон Чеховтың «Шағала» шығармасында басты рөлді сомдадым. 2013 жылы оқуды аяқтаған соң магистратураға оқуға түстім. 2015 жылы магистратураны аяқтап, қара шанырақ М.Әуезов атындағы драма театрына қызметке келдім.

– Таяуда ғана F. Мүсірепов театрында өткен I Республикалық жастар театрлары фестивалінде сіздер сахналаған «Кассандра таңбасы» қойылымы үздік бағаланды. Режиссер де осы қойылымның арқасында «Үздік режиссер» номинациясын иеленді. Сіз қандай тағдыр иесін сомдадыңыз? Қойылымның түпкі мәні неде?

– Кассандра таңбасы – маңызды ерекше рухани дүние. Бұл жай қойылым емес. Өзге қойылымдардан басты ерекшелігі – мұнда қасиетті кітаптардың сөздері қамтылған. Қойылымды сонысы үшін де келіп көруге болады. «Кассандра таңбасы» – эстетикалық биік шығарма. Мұнда әр кейіпкер рөліне жеке көзқараспен қарай отырып жұмыс істейді. Режиссер бізге еркіндік берді. Шыны керек, мәтініміздің 50-60 пайызын өзім өзгертерген шығармын. Мәтіндіде, мизансценаларды да өзім жасадым. Жеке тарапымынан өзгертулер енгізуге режиссер қарсылық білдірген жоқ. Ал өзгертуімнің негізгі себебі, мен соңғы 7-8 жылдан бері рухани ізденіс үстінде келе жатырмын. Осы күнге дейін әлемдік деңгейдегі рухани ұстаздардан білім алдым. Джон Фэйворс атындағы қолданбалы рухани технологиялар институтында оқыдым. Аталған институттағы қасиетті кітаптардан «Кассандра таңбасының» мазмұнына жақын мәтіндерді алдым.

– Сізді театр сахнасында ғана емес, көгілдір экранда да көріп жүрміз. Кино

мен театрда ойнаудың айырмашылықтары қандай? Театр мен кино тілі деп бөліп жатамыз ғой...

– Кино – жұмыс. Киноға қарапайым жұмыс түрінде қараймын. Ал театр – жаныңның жалаңаштануы, әртіске рахат сезімді сыйлайтын мекен. Керісінше кинодан мұндай ләззат ала алмайсың. Өйткені кинода кадрлар мен дубльдер тез ауысып отырады. Түсірілім тобы бір күнде бірнеше нысанды түсіреді. Сондықтан да болар, толыққанды ләззатты сезіне бермейсің. Меніңше, кино мен театр сахнасының айырмашылығы осында. Театр – тұрақтылық. Киноның белгілі бір уақыт аралығы болғандықтан, мұнда тұрақтылық жоқ.

– Көзі қаракты көрермен өзіңізді «Ана жүрегі», «16 қыз», «Ғашық жүрек» және т.б. туындылар арқылы жақсы таниды. Байқасақ, әр фильмнің бағыты, жанры әрқайдай. Рөлді сомдар алдында ішкі талаптарыңызға сүйенесіз бе?

– Белгілі бір ішкі талаптарым бар. Бірақ бұл рөлді ойнай алмаймын деген пікір болған емес. Себебі мен әр рөлімнің әртүрлі болғанын қалаймын. Театрда да бір рөлді екіншісіне ұқсамайды. «Ойыннан от шығар» қойылымында қарттар үйіндегі жетпіс жастағы кемпірдің рөлі мен «Кассандра таңбасындағы» кейіпкерім екеуі екі түрлі. «Қоштасқым келмейді» қойылымындағы Шумилова мен «Лир патшаның» қызы Регананы алып қараймын. Регана – өкінісін үйіне кіргізбей қуып шығатын кейіпкердің бейнесі. Сондай-ақ физикалық, психологиялық тұрғыда менің барлық рөлім бір-біріне ұқсамайды. Кинода да тап солай. Алайда мен өзімді әлі күнге дейін кинода бүкіл потенциалымды ашып көрсете алмадым деп есептеймін. Оған себеп – бізде қалыптасқан менталитетке байланысты актерға ампула қойып қояды. Режиссерлер де уақыт тығыз болғандықтан, ампуласы бар актерлерді рөлге алады. Актердің бойында не бар, сол қабілеттерімен жұмыс істей береді. Мысалы, жолдасым Рүстем Жаныманов бұрын біршама сериалда жағымды кейіпкерлердің рөлін сомдайтын. Бір күні Ернар Нұрғалиев есімді режиссер келді де, Рүстемге мүлдем басқа ампуланы берді. Мәселен, Кәмшат Жолдыбаеваның бейнебаянындағы немесе «Келінжан» сериалындағы рөлдерін алып қараныз. Халық көріп таңғалды. Меніңше, осындай дүниелерден режиссерлер үлгі алуы керек. Актер маманы болғандықтан ол біржақты ғана ойламауы тиіс. Актерге ішкі потенциалын толыққанды аша алатын рөл беру керек. Сол секілді мен де жағымды рөлдерді ойнап шықтым. Бірақ осы күнге дейін мінезді кейіпкердің рөлін сомдап көрмеппін.

– Актердің сомдаған рөлі өміріне әсер етеді деген пікірлерді де естідік. Сіздің өнер мен өмір жолыңызда мұндай жағдайлар кездесті ме?

– Есмұхан Обаев, Алма Кәкішева, магистратурада сабақ берген Болат Атабаев ұстаздарым мамандықтың жұмыс екенін айтып кенесін беретін.

Актерлік сала да дәрігер, банкир, мұғалім сияқты мамандықтардың бірі екенін миыма күйіп тастаған. Сондықтан өз ісіме мамандық есебінде қараймын. Жұмысымды жоғары дәрежеде көрсете алатын шынайы маман болуым тиіс. Жұмысты жеке өміріме араластырмаймын. Миллиондаған жүйке талшықтарымен сахнада барымды салып, көрермен алдында жүрегімді жалаңаштаймын. Бірақ қойылым аяқталған соң, күнделікті өмірдегі үш баланың анасы кейпіне ораламын. Үйіме барып тамақ әзірлеп, балаларыма сабағын оқытамын.

– Сіз жайлы көпшілік біле бермейтін факт – киносценарий жазумен айналысады екенсіз. Осы уақытқа дейін қағаз бетіне түсіріп, уақыты келгенде жарыққа шығады-ау деп әзірлеп қойған жобаларыңыз бар ма?

– Иә, қазір бірнеше киносценарий жаздым. Бірақ ол жобаларымды ешкімге ұсынған жоқпын. Болашақта өзімді кинопродюсер ретінде көргім келеді. Қазір осы мақсат тұрғысында жұмыс істеудемін. Алдағы уақытта рухани құндылығы мол, жас ұрпақтың санасында сақталатын жобалардың бірі болуы мүмкін. Киносценарийде рухани, мәңгілік тақырыптар қамтылған. Бүгін бар, ертен жоқ емес, мәңгілік тақырыптар дер едім.

– Өзіңізді актриса ретінде сынап қоймай, университет қабырғасында куратор көмекшісі ретінде қызмет етіп, сон-

дай-ақ өнер академиясында студенттерге сабақ берген екенсіз. Кез келген маман үшін базалық білімнің болуы маңызды. Ал кино әлеміне кәсіби білімі жоқ адамдардың келуін қалай бағалар едіңіз?

– Мен осы тұста сахнадағы өкем Дулыға Ақмолдамен келісер едім. Өнер ол – қасиетті, киелі. Білімі мен тәжірибесі жоқ адам біреуге ота жасай алмайды. Актерлік өнер де сол секілді. Адамдар сырттан қарап: «Осы сала маған ұнайды, бұл – менің бағытым екен», – деп ойлауы мүмкін. Ол уақытын босқа өткізіп жүрген шығар. Мүмкін басқа бағытта жүріп адамзатқа пайдасын тигізер іс қалдырар ма еді деген ой келеді. Қандай іспен айналыссаң да, ең біріншіден білімнің болуы тиіс. «Білімдіге дүние жәрық, білімсіздің күні ғаріп». Киноға кәсіби білімі жоқ адамдардың келуіне қарсымын деп те айта алмаймын. Әркімнің өз таңдауы бар.

– Қазір театр және кино саласында қоғамда болып жатқан қандай оқиғалар сізді толандырды?

– Егер сұрағыңызды айлық жалақы тұрғысынан қарастырар болсақ, театрда жалақы жақсы. Өкінішке қарай, кинода аз деп ойлаймын. Бізде қазір киноны толыққанды бағалай алмайды. Сөздің ашығы, коммерциялық мақсатта түсіреді. Актерлерден киноға кім арзанырақ түседі, сол адамды бекіте береді. Киноның сапасына, тақырыбына аса көңіл бөлмейді. Бұрынғыдай көркемдік кеңес деген жоқ. Кім не түсіргісі келеді, қалауына қарай түсіре береді. Ал киноның халыққа пайдасы бар ма, жоқ па, оған әй дейтін әже болмай түр.

– Отбасыңызға оралсақ. Өмірлік жолдасыңыз да өнерден алыс емес. Бірге түскен фильмдеріңізбен танысыз. Өнер жолы – ауыр жол дейді. Бір шанырақ астындағы екі талант өнерде бір-біріне қалай қолдау білдіреді?

– Рүстемнің сегіз қырлы, бір сырлы болуы – бір-бірімізді түсінетін отбасы болып, ұйып отырғанымыздың себебі шығар. Заман өзгерді, заң тозды дейді ғой. «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген сынды қалыптасқан стереотиптерге келіспеймін. Бүгінде өзінің өзектілігін жоғалтты деп айтсам да болар. «Мүмкін емес деген сөзді есі кеткен адам ғана айтады» дейді. Өмірде болмайды деген сөз жоқ, бәрі мүмкін. Мен жолдасым 100 пайыз қолдау білдіремін, ол да маған 100 пайыз қолдау білдіреді. Тіпті бір-бірімізге үнемі кеңесімді айтып отырамыз. Үстел басында шай ішіп отырып әңгіме қозғасақ та екеуіміздің ойымыз бір жерден шығады. Отбасы үйлесімділігінің бір құпиясы сол шығар. Біз бір-бірімізбен жиі сөйлесеміз. Ең жақын досым Рүстем.

– Өңгімізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Сезім суреткері

«Kotonoha no Niwa («Сырлы ойлар саябағы») анимесі туралы айтар болсам, мұнда еуропалықтарға тән нәзік махаббатты емес (жапондарда оны «ай» деп атайды), көбіне-көп жапон жұрты «кой» дейтін сезім жайлы баяндалады. Ал «кой» – махаббатының қайғы-мұң, жалғыздық сипатын ұғындыратын ежелгі иероглиф.



Жапон аниматоры әрі режиссері Макото Синкай аталмыш туындысы хақында осылай деген еді. Шын мәнінде, бар-жоғы 40 минутқа созылатын қысқаметрлі аниме бұл мақсатын асыра орындады. Онда әлеткі тұрмыс-тіршілікке әбден еніп кеткен «жатпаңа» толы күйінде қалады. Туынды желісі жасыл желек толы бақтағы самалжайдың бірінде өрбиді. Такао жаңбырлы күндері сабақтан қашып, осы бақшаға келіп, жаңа аяқкиім үлгісін жасағанды ұнатады. Сондай «дәстүрлі» күндердің бірінде сыры мен сымбаты келіскен Юкариге жолығады. Жаңбырлы маусым аяқталғанға дейін қос ғашық жүрек осы бақта кездесіп, сырлас болып жүреді.

Синкай – сезімді шебер суреттейтін сценарист. 27 жастағы Юкари мен 15 жастағы Такаоның жас алшақтығына қарамастан, олардың арасында қандай да бір сезім болғанына сенесіз, сендіреді. Екеуінің бір-біріне ынтықтығын әдемі баяндалатыны соншалық, жауын тоқтамаса екен, жаңбырлы маусым аяқталмаса шіркін деген тілекте боласын. Кейін белгілі болғандай, Юкари – мұғалім, ол Такао оқитын мектепте жапон әдебиетінен дәріс оқиды. Ересектігі бар, ұстаздығы бар, өзінен 12 жас кіші бозбаламен сезім құруы өсте мүмкін емес-ті. Әйтсе де, екеуінің үнсіз ұғынысуы, сезіммен сырласуы, өздеріне ғана ортақ әлем жасай алуы болашағы болмас қарым-қатынасқа тілектес етеді.

Синкай – шебер, бар-жоғы 40 минутта көрерменнің өзін бірнеше сезімге бөлейді. Фильм кейіпкерлері алғаш кездескенде олардың қарым-қатынасына, көбіне-көп жас айырмашылығы үшін іштей наразы боласын. Одан соң екеуінің сырлы сезіміне тәнті болатынын соншалық, жаңбырлы маусымның бітіп қалғанына ренжисін. Кейін қос жүректің тәуекел етіп, бірге болуға тырысқаны үшін бұртиып қаласын, тағы

сол жас алшақтығы кедергідей көрінеді. Соңында бір болудан бас тартқанына налысың, күреспесе, түрлі кедергіні жеңе алмаса, несі махаббат дейсін. Такао: «Маған шынайы сезім болмағанын білсем, саған дәптерімді көрсетпес едім ғой» дегенде өз басың ең асқақ арманыңмен бөліскенің үшін өкінгендей күй кешесің. Әйтсе де, бұл фильм – «кой» – махаббаттың қайғы-мұң, жалғыздық сипатын ұғындырмақ болды.

Аталмыш анименің өзіне баурап алатын, тіпті сан мәрте тамашалауға ынтықтырып, тәуелді ететін тағы бірнеше тұсы бар. Табиғаттың көркем көрініс табуы – «Парк пейзажы» – фильмнің толыққанды кейіпкері. Ал жауын-шашын тіптен бас кейіпкер – қос жүректің түрлі сырлы маусымның жөні бөлек, онда философия бар. «Kotonoha no Niwa – алдымен махаббат жайлы емес, жауын тұрасындағы хикая. Дәлірек айтқанда, жаңбырлы күндерді бастан кешіру жайын баяндайды. Мәселен, менің кейіпкерлерім жиі кездесетін самалжай олардың басына түскен проблеманың аяқталуын, яғни жауынды кезеңнің бітуін күтетін орын ғана, әрі қарай әркім өз ісімен кетеді. Меніңше, әр адамның өмірінде жаңбырдың қойғанын күтетін осындай орны болғаны өте маңызды», – дейді автор.

Бұдан бөлек, фильмнің лирикалық бояуын қанық қылатын музыкасы (пианино, ішекті аспаптар, тіпті барабанның үні мен үлде-сүйін шебер орындағы Дайсукуэ Касивидің шығармалары), графикасы, дизайны тәнті етпей қоймайды. Оның үстіне, Макото – адам болмысын әртүрлі детальмен ұтымды баяндайтын режиссер. Мәселен, аяқкиім үлгілерін шимайлап жүретін дәптерін көрсету арқылы Такаоның ұқыпты, арманшыл, ұялшақ оқушы екенін, ал үнемі сыра ішіп, шokolod жеп отыратын, яки бақтағы орындаққа қарғып мініп, аяғының үлгісін сызуды ұсына қоятын Юкаридің болмысы бөлек, өзгеше ұқсамайтын еркін әйел екенін ұқтырғандай болады. Бір сөзбен айтқанда, саф сезімге тұнып тұрған сырлы хикая.

NooNAH



Жарты ғасыр бойы теміржолдан өтетін өткел болмай әбден зықысы шыққан Ерейментау ауданына қарасты Еңбек ауылы тұрғындары үшін жақында жылт еткен үміт ұшқыны қайта тұтанды. Осыған дейін қыс басталса болды омбы қардың салдарынан сыртқы әлеммен мүлдем қатынассыз қалатын ауыл талайдан бері теміржолдан өту үшін қауіп-қатерге қарамастан басын бәйгеге тігетін. Кейде, тіпті жолдан өтіп бара жатып тұрғындардың бірінің мотоциклі құлап, жанармайы төгіліп, пойыздың астына түсіп қалуға шақ қалған да кездері де болыпты. Дегенмен 50 жыл бойы тоң болып қатқан түйткілді жайттың беті бері қарап, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардан кейін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы техникалық шартқа түзетулер енгізді. Ауылға өткел салу үшін жобалық-сметалық құжаттама жобасы ақыры әзірленетін болды...



ЕЛУ ЖЫЛ КҮТКЕН ӨТКЕЛ

Естеріңізге сала кетсек, жуырда AIQYN газетінде өткел салмаса Еңбек ауылы тұрғындарының тұтас ауыл болып теміржол бойына отыруға әзір екенін айтып наразылық білдіргенін жазғанбыз. 300-ден астам үйі бар Еңбек ауылының тұрғындары жарты ғасырдан бері теміржол өткелін салуды жергілікті билік пен құзырлы органдардан жалына сұрап келеді. Бірақ түйткілдің түйіні тарқатылмай-ақ қойған. Ауылдың дәл түбінде кесе көлденең өтетін теміржолдан республикалық маңызы бар трассаға шығу үшін тұрғындар теміржолды кесіп өтуге мәжбүр. Ал бұл жол мен ауылдың арасы небәрі 800 метрді ғана құрайды.

Ауылдың көнеқаз тұрғындарының айтуынша, ауылда сонау ертеректегі кенес заманында арнайы салынған теміржол өткелі болған. Бірақ оны кейін белгісіз себептермен жауып тастапты. Содан бері ауылдағы ағайын адам өмірі мен денсаулығы үшін аса қауіпті әрі заман катан тыйым салынса да теміржолдың үстінен жүгіруге мәжбүр. Ал қыс түскенде жолды омбы қар басып қалатындықтан, қалың қарды күрепкен аршып өтетін кездері де жиі болған. Себебі ауылға жеткізілетін азық-түлік пен дәрі-дәрмек, тіпті жедел жәрдем көлігі де осы теміржол өткеліне дейін ғана келе алатын.

Түйінді мәселенен жергілікті билік пен қатар облыстық құзырлы органдар да хабарлар. Тіпті, бір кездері теміржол өткелін бюджет есебінен де салу жоспарланған. Облыс әкімдігі де жағдайдан хабардар болып бюджет қоржынынан тиісті қаражат та бөлінген. Өткел салуға Еңбек ауылынан өтетін теміржол өткелі де кіретін теміржолдың Павлодар учаскелік бөлімі де қарсылық білдірмеген. Дегенмен нақты іс өне-міне басталайын дегенде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ауыл халқы асыға күткен өткелін салынуын үзілді-кесілді тоқтатқан. Ұлттық компания жергілікті билікке техникалық шарт қойып егер теміржолға өткел салса 95 шақырымнан 103 шақырымға өткелді жылжытуды ұсынды. Облыстың мәслихат депутаттары 95 шақырымдағы өткелді жаппастан 103 шақырымға өткелді ашу жөнінде шартқа өзгерістер енгізуді сұраған. Бірақ «Қазақстан темір жолы» мұның нормативтік-құқықтық актілерге қайшы келетінін жеткізіп қарсылық білдірген.

Дегенмен ауылдағы тұрғындардың жайын ойлаған облыстық мәслихат депутаттары мен жергілікті белсенді тұрғындар ауылдың тіршілігі үшін аса маңызды өткелді салдыру үшін соңына дейін күресіп бақты. Ерейментау ауданынан облыстық мәслихат депутаты Бекім

Әкімов ауыл тұрғындарының ашы жанапайқайын облыс әкімі Марат Ахметжановқа жеткізген. Тараптар ақыры өзара келісімге келіп, түйін тарқатылатын болды.

— Жақында ғана тағайындалған облыс әкімі Марат Ахметжанов сіздер жазған мақала арқылы бұл мәселеге қанық болыпты. Сөйтіп ол Еңбек ауылы тұрғындарының өтінішін толықтай қолдады. Ауылды алаңдатқан теміржол өткелін салу мәселесін өзінің жеке бақылауына алды, — дейді Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Бекім Әкімов.

Ұзақ уақыт тараптар арасындағы келіссөздерден кейін жағдайдың шынымен ауыл үшін өте күрделі екенімен келіскен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «Ерейментау-Торғай» жолының сегізінші шақырымындағы Тайбай ауылдық округындағы өткелді жауып, Еңбек ауылында өткел ашатын болды. Ал Тайбай ауылына қажет болған жағдайда теміржол арасынан мал айдап өтетін өткел бюджет қаржысы есебінен салынбақ.

— Тиісті өзгерістерді енгізу үшін осыған дейін берілген техникалық шартқа осы өткелді жабу үшін Ерейментау аудандық әкімдігі мен әкімшілік полицияның келісімі қажет, — дейді «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясынан.

Жылдар бойы ымыраға келе алмаған мәселенің ақыры оң шешімін тапқанын Ерейментау ауданы әкімі де қуана мәлімдеді. Аудан әкімінің айтуынша, Тайбай ауылдық округының халқы өткелдің жабылуына қарсылық білдірмеген. Әкімдік «Қазақстан темір жолы» ұсынған жолмен келісіп мәселені шешудің жолын тапқан.

— Еңбек ауылы теміржолдың 103 шақырымында тұр. Осыған дейін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы 95 немесе 98 шақырымдағы өткелдердің бірін жабу туралы ұсынған. Бірақ 98 шақырымда да біздің облыстық маңызға ие жол болғандықтан одан айырылып қалуға әсте болмайтын. Ал 95 шақырымда ірі елді мекендер болғандықтан бұл өткелді жабуға үзілді-кесілді қарсы болдық. 4 қазан күні тараптар арасында үлкен кездесу өткізіліп, қабылданған шешім бөрінің де көңілінен шықты, — дейді Ерейментау ауданының әкімі Нұрлан Мұқатов.

Еңбек ауылына болған жиынға ұлттық компанияның Жол құрылысы департаментінің бас инженері, аудандық және облыстық мәслихат депутаттары мен аудан әкімдігінің өкілдері қатысқан. Жиын барысында тараптар Ерейментау

Торғай бағытындағы 8 шақырымындағы өткелді ауыстыру жөніндегі нұсқаға тоқтады. Тайбай ауылдық округының тұрғындарымен жергілікті әкімдік кездесу өткізіп, ауыл тұрғындары қарсылық білдірмеген. Ендігі мәселе техникалық сипатта алуға тірелді. Ұлттық компания рұқсатын берсе облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, өткел салатын мердігер де анықталмақ.

Тұрғындар осыған дейін бөлініп қойған қаржының жылсоңына дейін игерілмесе қайтадан қазынаға кетіп, теміржол өткелі туралы арман біржола қиялға айналып кете ме деп қауіптенген. Теміржол өткеліне байланысты мәселенің басы-қасында болған депутат Бекім Әкімов бөлінген 14 миллион теңге қаржының келер жылға ауыстырылатынын жеткізді. Сондықтан алаңдауға да еш негіз қалмаған. Мәслихат депутаты ұлттық компанияның қажетті техникалық шартқа өзгерістерді енгізілгені туралы қуанышты жаңалықты жеткізді.

— «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясынан құжаттар келді. Енді жобалық-сметалық құжаттама жасауға да кірісе беруге болады. Бұл дегеніңіз алдағы жылы Еңбек ауылында көптен күткен теміржол өткелі ақыры пайдалануға берілетін болады, — деді Бекім Әкімов.

Депутат аса күрделі болса да ауылдастарының өмірі мен денсаулығы үшін сонына дейін күрескен ауылдың белсенді азаматтарына алғысын білдірді. Сондай-ақ түсіністік танытқан басқа ауыл тұрғындарына да ризашылығын жеткізді.

— Еңбек ауылындағы жағдайды түсініп өз келісімдерін берген Тайбай ауылдық округының тұрғындарына шынайы рахметімді айтамын. Олар егер адамдардың өміріне қауіп төніп тұрса біздің өткелді жаба берсін. Бізге жағдай олар сияқты аса қиын емес. Мәселеге аудан әкімінің орынбасары Саят Кенжетай мырза да үлкен ықпал етті. Еңбек демалысына қарамастан құжаттармен айналысып, бар мүмкіндіктерді жасады. Сондай-ақ облыс әкімі Марат Ахметжановтың да халықтың жанайқайына құлақ түріп мәселенің шешілуіне жағдай жасағанына алғыс білдіргіміз келеді, — деп түйіндеді Бекім Әкімов.

Осыған дейін түйінді мәселе жайлы бізге жеткізген ауыл тұрғыны Айбек Хуат та теміржол өткелінің ақыры пайда болатынына шынайы ризашылығын жеткізді.

— Ауылдағы талай жылдардан бері аса күрделі болған жағдайға назар аударып, оң шешімін табуына ықпал еткен әрбір азаматқа алғыс айтамын. Біздің Еңбек ауылы үшін бұл керемет жаңалық болды. Әрқашан еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, — деді Айбек Хуат.

Сонымен Еңбек ауылы көптен күткен өткелдің келер жылы негізі қаланбақ. Ондаған жыл халықтың мұнына айналған мәселенің ақыры шешімін табатынына біз де қуандық. Мәселе одан әрі де біздің жіті назарымызда болмақ...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Қарағанды облысында биыл 14 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылса, бизнесті дамыту аясында биыл 180-ге жуық грант беріледі. Осындай көмектің нәтижесінде, Қарағанды қаласында виртуалды курс ашылды, онда жастар физика, химия, анатомия, биология және басқа да пәндер бойынша білім ала алады. Сондай-ақ қалада дастарқан, майлық, сүлгі, халат тігетін цех ашылды. Кезекті баспасөз турында кәсіпкерлікке араласқан жастардың еңбекқорлығына көз жеткіздік.

ЖАС КӘСІПКЕР САНЫ АРТТЫ

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

СӘУЛЕ АШҚАН SAULELI UI

Қарағанды қаласының тұрғыны Сәуле Ақылбек бұдан үш жыл бұрын Sauleli UI тігін цехын ашып, тігіншілерімен бірге дастарқан, майлық, халат, сүлгі сынды бұйымдар тігіп пайдасын көруде.

— Бизнесімді дамыту үшін екі грант алдым. Алғашқысы шамамен 600 мың теңге болса, ал былтыр алғаным — 2 миллион теңге. 2020 жылы қызым дүниеге келді. Ол кезде мен жұмыс істемейтінмін, қолыма 157 мың теңгеден сәл артық сома түсті. Мен бұл ақшаны бизнеске салғым келді. Карантин уақыты елі, тойханалар жабық, той үйде өтетін. Арнайы матамен дастарқан тігітім. Оның туыстарыма ұнады. Кейін тапсырыспен дастарқан тіксем деген ой келді. Құлшына кірістім. Тапсырыстар түсе бастады, — дейді Сәуле.

Баласы бір жасқа толғанда Жұмыспен қамту орталығына хабарласып, тігін өндірісі бойынша үш айлық оқуды аяқтап, құжат тапсырған жас тігінші бизнес-жоспар құрып, жобаны қорғап, алғашқы грантка 2021 жылдың соңында қолы жетеді. Алған қаржыға Сәуле екі өнеркәсіптік тігін машинасын, үтіктеу тақтасын, үстел сынды керек-жарак алады.

— Екіншісі — облыс әкімінің гранты. Мен үшінші балам туғаннан кейін өтініш бере бастадым және оны 2022 жылдың желтоқсанында жеңіп алдым. Түскен қаражатқа халат тігуге арналған өндірістік зат, кесте тігу машинасын сатып алдым, — дейді Сәуле Ақылбек.

Бүгінде Сәуленің тігін цехында өзін қосқанда үш адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың орташа жалақысы — 120 мың теңге. Тапсырыстар артқан. Алыс-жақын шетелден де онлайн тапсырыс берушілер бар.

НЕО ДЕГЕН НЕ ОЛ?

2021 жылдан бері білім беру саласында бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеумен айналысып жатқан NEO компаниясының жетекшісі Әділ Хамит болса Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде виртуалды әлемге жетелейтін (VR) көзділігінен сынауда.

— Жасанды интеллект біздің қосымшамызда интерактивті мұғалім ретінде әрекет етеді — бірақ ол толыққанды мұғалімді алмастырмайды. Оқытушы жетіспейтін ауылдық жерлерде бұл бағдарламаның берері мол. Виртуалды оқытуға келетін болсақ, ол қазірдің өзінде іске қосылды. 13 пән бойынша оқуға және виртуалды зертханаларға баруға болады. Бұл әзірлеме Қазақстанның 30 мектебінде жүзеге асты, Қарағандыда алдағы уақытта екі

мектеп қосылмақ. Сонымен қатар еліміздегі бірнеше жоғары оқу орны бізбен осы бағытта жұмыс істеп жатыр, олардың қатарында ҚарТУ да бар, — дейді Әділ Хамит.

Салмағы 2 гигабайттан асатын NEO қолданбасы қазір Windows және Android операциялық жүйелерінде жұмыс істей алады, оны басқа жүйелерге енгізу әзірленіп жатыр. NEO қолданбасы орыс, ағылшын, қытай, француз, испан және қазақ тілдерінде сөйлей алатын толыққанды виртуалды платформа.

— Біз қосымшаны әлі де жетілдірудеміз, сонымен қатар қоғамдағы қауіпсіздікке қатысты басқа жобалармен жұмыс істеп жатырмыз. Осы бағдарламалардың бірі білім беру саласында қолданылатын болады: ол мектеп оқушылары бетпе-бет келетін оқыс оқиғалардың алдын алуға арналған. Яғни, мұнда AI сенсордың бір түрі ретінде әрекет етеді, адамдар арасындағы агрессивті мінез-құлық пен жағымсыз көзқарастарға жауап береді және мектеп басшылығы мен қауіпсіздігіне сигнал береді, — дейді жоба жетекшісі.

Облыс әкімінің 2 миллион теңге гранты компанияға ең алдымен бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуді аяқтауға мүмкіндік тудырған. Мысалы, NEO компаниясы бұл қаржыға VR көзділіктерін сатып алған болатын.

700-ден АСТАМ АЗАМАТ ГРАНТҚА ИЕ БОЛДЫ

Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Ұлан Омаров 2005 жылдан бастап Қарағанды облысында жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға гранттар бөліне бастағанын айтады. Осы уақыт аралығында 700-ден астам азамат грантка ие болған. Бұл санның басым үлесі — 20 жас-тан асқан жастар.

— Бұрын грант сомасы 500 мың теңге болса, кейін 1 миллион, қазір 2 миллион теңге болды. Биыл да былтырғыдай облыс әкімінің грантын 50 адам алады. Өтінімдерді қабылдау аяқталды, конкурстық комиссия жұмысына кірісті, желтоқсан айында жаңа иегерлерге гранттар беріледі. Әрине, біз бөлінген қаражаттың игерілуін қадағалаймыз. Конкурстық комиссия өз кезегінде жобалардың өзектілігін, олардың қазір қажеттілігін және әлеуметтік әсерін бағалайды. Жобалардың жұмыс істеп тұрғаны және қоғамға қажет болуы өте маңызды. Грантка ие болғандардың басым бөлігі — медициналық, қоғамдық тамақтандыру, білім беру және өндірістік жобалар. Облыс әкімінің жастар кәсіпкерлігі саласындағы гранттарына өтінімдер туралы толық ақпаратты жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың сайтында жариялаймыз, — деді Ұлан Омаров.



ТҮЛЕГЕН ТҮРКІСТАН: ТЕҢГЕ. ТҮСІМ. ТАБЫС

Түркістан облысы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер бойынша Республикада 2 орынға шығып отыр. Биылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша өңір бюджетіне 123,5 млрд теңге көлемінде кіріс түсіп, жоспар 106,7%-ға немесе 7,8 млрд теңгеге асыра орындалған. Былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда түсім көлемі 8,3 млрд теңгеге артып, өсу қарқыны 7,2%-ды құрап отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

БҮЛ ТҮСІМ КАЛАЙ ТҮЗІЛДІ?

Бірінші орында — Алматы қаласы. Оның қантар-тамыз айларындағы бюджет кірісі — 1,054 трлн теңге Екінші орында — Түркістан облысы (832,6 млрд теңге), үшінші орында — Астана қаласы (805,9 млрд теңге). Экономиканың қозғаушы күші шағын және орта бизнес десек, елімізде жылдан жылға осы сегменттегі компаниялар санының артып келе жатқаны қуантады. Мәселен, 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, елімізде 2,2 млн ШОБ субъектілері тіркелген екен. Бұл жыл басымен салыстырғанда 10,4%-ға көп, ал 2022 жылдың басымен салыстырғанда өсім — 32%. Осы көрсеткіштің бойынша да Түркістан облысы — алғашқы үштікте. Үздіктер құрамы да сол — Алматыда 389,6 мың, Астана 257,4 мың және Түркістан облысында 217,8 мың субъект. Бұл жерде осы екі қала бір облыстағы кәсіпкерлік нысандарының саны республикадағы жалпы көрсеткіштің үштен бірін, яки 38,7%-ын құрайтынын атай кету керек. Ranking.kz сайты ұсынып отырған бұл ақпараттардан экономика салалары бойынша тіркелген компаниялардың ең көп үлесі көтерме және бөлшек сауда, автожөндеу (35,9%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (14,4%), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі (5,6%) екенін көруге болады. ШОБ субъектілерінің негізгі үлесін жеке кәсіпкерлер (ЖК) құрайды. Олар — 66,8% немесе 1,5 млн нысан. Соның ішінде 20,5%-ы немесе 459,4 мың нысан — шаруа қожалықтар немесе фермерлік шаруашылықтар.

Ел бюджетінің ендігі бір табыс тиегі — инвестиция. Осы ретте, биыл қантар-маусым аралығында елімізде ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында негізгі капиталға инвестиция 432,7 млрд теңгеге жеткеніне назар аударта кеткен жөн. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда бұл 26,2%-ға артық. Инфляцияны ескерсек, нақты өсім 22,1% деуге болады. Мұндағы инвестицияның көп бөлігі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына, аң аулауға және қызмет көрсетуге жұмсалған. Негізінен, ауыл шаруашылығымен айналысатын Түркістан облысы бұл көрсеткіште алғашқы бестікте тұр. Олар — Солтүстік Қазақстан (86,4 млрд теңге), Павлодар (62,7 млрд теңге), Қостанай (48,7 млрд теңге), Ақмола (41,8 млрд теңге) және Түркістан (41,3 млрд теңге) облыстары. Азық-түлік өндірісі саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша да қасиетті өлке алғашқы бестікте. Биылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша мұндағы жалпы көрсеткіш — 62,5 млрд теңге болса, Алматы облысы (15,6 млрд теңге) бірінші орында, одан кейін Солтүстік Қазақстан (14,1 млрд теңге), Ақмола (5,1 млрд теңге), Түркістан (4,5 млрд теңге) және Шығыс Қазақстан (4,1 млрд теңге) облыстары.

Мемлекеттік кірістің басым бөлігін бірінші кезекте салық түсімдері құрайтыны белгілі. Соған сәйкес, Түркістан облысы бойынша бюджетке түскен салықтар мен төлемдер көлемі жыл сайын орта есеппен 102,3% өсімді құрап келеді. Мәселен, 2022 жылы өңір қазынасына барлық салықтың түрлерін қосқанда 112,6 млрд теңге түскен. Оның ішінде әлеуметтік және жеке табыс салығының үлесі — 81%. Биыл жыл басында облыстық Мемлекеттік кірістер департаменті мен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп отырып, алдағы уақытта салық түсімдерінің көлемін тағы 28 млрд теңгеге арттыруды межелеп отыр деп хабарланған болатын. Ендеше, үш тоқсан қорытындысындағы осынау ақжолтай хабарды соның бастамасы деуге толық негіз бар. Бұл қарқынмен жыл соңына дейін қалған жеңілдік орыны толатынын сенімнен айтуға болады. Оған бір мысал ретінде, алғашқы жарты жылдықтың өзінде-ақ кенедік төлемдер мен салықтардың 21,8 млрд теңге құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 120% артық екенін келтірсек те жеткілікті. Ал жаңа заңнамаға сәйкес биылғы 15 тамызынан бастап тауарларды декларациялау үшін 6 АЕК (20 700 теңге) міндетті алым енгізілгені бұл ойымды нақтылай түседі. Мемле-

кет қазынасына түсетін табыс тиегін ағытқан мұндай жаңашылдықтардың бұдан да басқа түрлері аз емес. Жалпы, 2023 жылдың 7 айында салықтық түсімдер бойынша, өсу қарқыны 125%-ды құрап отыр. Ал тіркеу алымы мен мемлекеттік баж сияқты бір реттік түсімдерді есепке алмағанда түсімдердің өсуі 23% немесе 7,4 млрд теңгеге артық. Төлем көздері бойынша, өсу қарқыны жеке кәсіпкерлердің жеке табыс салығы мен бюджеттік емес мекемелердің жалақы қорынан ұсталатын салықтарға тиесілі. Атай кетерлігі, түсімдер жоспары барлық аудан-қалалар бойынша да асыра орындалған. Соның ішінде жергілікті бюджеттің салықтық түсімдерінің 48% бюджеттік мекемелерінің түсімдері құрайды. Аудандар бойынша, бюджеттік мекемелер түсімдерінің едәуір үлесі Келес, Мақтаарал, Жетісай, Сауран, Бәйдібек, Төлеби, Қазығұрт аудандарына тиесілі. Жалақы қорынан ұсталатын салықтарға келетін болсақ, бюджеттік мекемелерді үлесі 2023 жылдың 7 айында 69,5%-ды құраған.

Осы тұрғыда қоса кететіні, 2023 жылдың қантар-қыркүйек айлары аралығында Түркістан облысында негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң өсім сақталып отыр. Тіпті, бірқатар салаларда көрсеткіш жақсара түскен. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 680,6 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 104,7%-ды құрады.

Ал өнеркәсіп саласындағы өнім көлемі соңғы 5 жылда 2 есеге өсіп, 2022 жылы 866,6 млрд теңгеге жетті. Ал 2023 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша 519,3 млрд теңгенің өнімі өнді-



міннің көлемін 3,5 трлн теңгеге жеткізу, яки 3,6%-дық өсімге қолжеткізу межеленген. Бұдан бөлек, облыс экономикасының өсімінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2024-2028 жылдарға арналған Әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының II кезеңі әзірленуде. Болжамға сәйкес 2028 жылға дейін өңірдің жалпы өнім көлемін 1,5 есеге көбейтіп, 5,2 трлн теңгеге жеткізу көзделіп отыр.

КӨБЕЙТУДІҢ БІР ШАРТЫ — ҮНЕМДЕУ

Жұмыспен қамту демекші, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында республика бойынша Электронды еңбек биржасында 330,7 мың үміткер тіркелген болса, солардың ең көбі — Түркістан облысынан (76,3 мың). Одан кейін Қызылорда (28,3 мың) және Жамбыл (23,1 мың) облыстарын атап өтуге болады. Осы аталған кезеңде елімізде ЭЕБ арқы-

салаларына басымдық берілуі тиіс екенін ескертіп отыр.

«Мемлекет басшысы жыл сайын «10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орнын» ашуды тапсырды. Жыл қорытындысымен бекітілген индикатордың толық орындалуын қамтамасыз ету қажет. Аудан, қала әкімдеріне «Өңірлік жұмыспен қамту картасында» көрсетілген межелерге қолжеткізуді тапсырамын. Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтудағы және мемлекеттік бағдарламаларды орындау барысында анықталған кемшіліктер жойылсын. Бюджеттік мекемелерге ғана емес, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салаларына да тұрғындарды тартқан жөн. Қосымша инвестицияларды тарту арқылы жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу керек», — дейді ол.

Өңір басшысының айтуынша, биыл 466 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге

ланған. Осы мақсатта 2,9 млрд теңге қаржы қаралды. Бүгінде 933 жоба конкурстық комиссия қарауына ұсынылып, нәтижесінде 583 адамның жобасы 2772,7 млн теңгеге мақұлданып, 490 адамға 2236,7 млн теңге қаржысы аударылған.

Осы ретте, көңіл аударта кететін бір жайт — жұмыспен қамту шараларын жан-жақты жүргізудің арқасында және өзге де жұмыстар нәтижесінде өңірде биыл АЭК алушылардың саны өткен жылмен салыстырғанда 22%-ға төмендеген екен. Ендеше, көбейтудің бір шарты — үнем десек, бұл тұста мемлекеттік шаралардың мультипликативті әсерін көріп отырмыз. Әрі бұл ілгері қадамның басы деп сенеміз.

ХАЛҚЫ ДА, БЮДЖЕТІ ДЕ ЕН КӨП ӨНІР — ТҮРКІСТАН

Аймақтар арасында бюджеті ең көп өңір — Түркістан облысы. Былдыққа екі рет нақтыланған оның жылдық бюджеті — 1 триллион 325 млрд теңгені құрады. Ол қаржының 58,5%-ы әлеуметтік салаға бөлінген. Бұл өз кезегінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар міндеттерді шешуге септігін тигізуде.

«Жыл басындағы сайлаудан кейін алғашқы сессияда 3 тұрақты комиссия құрылып, олардың төрағалары сайланған болатын. Олар жалпы, елдің алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік міндеттерді орындауға ықпал етеді. Мәслихат маңызды рөл атқарады. Жыл басынан бері облыстық мәслихаттың 4 сессиясы өтіп, түрлі салаға қатысты маңызды мәселелерді реттейтін 53 шешім қабылданды, оның ішінде 9 шешім облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеу депт», — дейді Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы, «AMANAT» партиясының мүшесі Нұралы Әбішев.

Әрине, бюджет көлемінің көптігі облыста халық санының көптігімен, соның ішінде ауыл тұрғындарының басым (80%) болуымен байланысты екені түсінікті. Соңғы санақ бойынша облыс халқы 2 миллион 137 мың адамды құрап отыр. Еліміздегі көпбалалы отбасылардың 1/3 бөлігі Түркістан облысында тұрады. Олардың саны 180 мыңнан асады. Мұндай жағдайда ауылдық жерлер әрдайым субсидияланып, мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болатыны белгілі. Тағы бір фактор — облыстың жаңадан құрылғаны. Сол кезде облыстағы негізгі өнеркәсіп пен табыс көзі Шымкентте қалған еді. Бұл әрине, үлкен демографиялық дүмпу жағдайында қалыпты нәрсесі. Осы қаражаттың жартысынан астамы мектептерді, балабақшаларды, жалақыны және басқа да әлеуметтік бағыттарды ұстауға жұмсалып отыр. Мәселен, биыл 25 елді мекенге ауызсу құбырын тартып, тозығы жеткен сумен қамтамасыз ету желісін жанару жоспарланып отыр. Сондай-ақ 56 елді мекен табиғи газ құбырына қосылып, 47 елді мекеннің электр желілері жанартылады. Былтыр 54 мектептің құрылысы жүргізіліп, оның 21-і пайдалануға берілген болса, биыл тағы 20 мектептің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 63 білім мекемесінің құрылысы мақұлданды. Одан бөлек, биыл ауылдық жерлерде 49 медицина нысаны салынады. Тізе берсе, атқарылар шаруа ұшан-теңіз. Осының бәрін бір арғаға тоғыстырып, қиыннан қиыстыра білу — уақыт талабы. Ендеше, адам саны көп және тығыз орналасқанына қарамастан, облыстың республикада бюджет түсімі бойынша екінші орынға шығу — үлкен жетістік.



“

Түркістан облысы бойынша бюджетке түскен салықтар мен төлемдер көлемі жыл сайын орта есеппен 102,3% өсімді құрап келеді. Мәселен, 2022 жылы өңір қазынасына барлық салықтың түрлерін қосқанда 112,6 млрд теңге түскен.

ріліп, нақты көлем индексінің 104,5%-ын құрады. Аталған салада 350-ден аса кәсіпорын жұмыс атқарып, 31,7 мың адам жұмыспен қамтылған.

Одан бөлек, негізгі салаларға тоқтала кетсек, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 802,6 млрд теңгеге немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 101,8%-ды құрады. Ет, сүт және жұмыртқа өндірісі орташа есеппен 2,4%-ға көбейді. Инвестиция көлемі 661,6 млрд теңгені құрап, былтырмен салыстырғанда 36,5%-ға артып. Жеке инвестициялар 469,3 млрд теңгеге жетті немесе 1,7 есеге өсті. Облыста атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 230,8 млрд теңгені құрап отыр. Пайдалануға тапсырылған тұрғын үйлер алаңы 7,1%-ға артып, 669,4 мың шаршы метр үй тапсырылды.

2023-2026 жылдары Түркістан облысында 186 инвестициялық жоба іске асып, нәтижесінде 12 мыңға жуық жұмыс орны ашылып, бюджет 9,4 млрд теңгеге толығымен деген болжамды жоспар бар. Ал биыл облыстың жалпы өні-

мі 100,1 мың жұмыс іздеуші жұмысқа орналастырылған екен. Бұл — осы биржа арқылы тіркелген барлық жұмыс іздеушілердің 30,3%-ы. Бұл көрсеткіш бойынша да Түркістан облысы (28,6 мың) алда тұр. Мұның барлығы, өңір басшылығы жұмыспен қамту мәселесін бірінші кезекте қарастыратынын білдіреді. Мәселен, биыл облыста 109,7 мың жұмыс орнын ашу бойынша «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» бекітіліп, онда 72,4 мың — тұрақты, 37,4 мың — уақытша жұмыс орындарын ашу қарастырылған. Соның негізінде, «Кәсіпкерлікті дамытуға арналған Ұлттық жоба» аясында, жалпы саны 109,6 мың адам жұмыспен қамту шараларына жолданған, яки 99,9%. Оның ішінде 39,1 мың адам тұрақты, 35,9 мың адам субсидияланған уақытша жұмыс орындарымен қамтылыпты. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аппараттың апталық отырысында бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де ширата түсу керектігін, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік

асыру барысында 5 мың жұмыс орнын ашу көзделген. Оның бүгінде 411 жобасы басталып, жалпы 3 мың жаңа жұмыс орны ашылды. «Еңбек» бағыты аясында, жалпы 75,1 мың азамат тұрақты және субсидияланған жұмыспен қамту шараларына жолданды. Жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруды қолдау мақсатында 2,3 млрд теңге қаржы қаралып, 1688 тұрғынға мемлекеттік грант беру көзделді. Грант берудің 3 кезеңі өткізіліп, 11,3 мың адам өтініш қалдырды. Бір орынға орташа көлемде 7 адамнан келді. Нәтижесінде, 1688 адам грант алып, өндіріс саласы, техникалық қызмет көрсету, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, көкөніс өнімдері, қол өнер бұйымдары, тамақ өндірісі салалары бойынша өз кәсіптерін ашуда екен.

Ал облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және Әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсия Темірбаева биылғы 17 қарашадағы дерек бойынша республика көлемінде Ұлттық жобалар негізінде, 47,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылса, оның ішінде Түркістан облысы бойынша, 3 мыңнан астам жұмыс орны құрылғанын айтып отыр. Жұмысқа орналасқандардың 82%-на зейнеттақы аударымдары түсіп, 97 мыңнан астам азаматпен электрондық еңбек келісімшарты түзілген. Бұл көрсеткіш бойынша, Түркістан өңірі елімізде бірінші орында тұр. Сондай-ақ биыл Президенттің сайлауалды тапсырмасы негізінде, 35 жасқа толмаған 594 тұрғынға 2,5 пайыздық өсіммен 5 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несие беру жоспар-

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дубаніров

«Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы

АРА



25.11.2023 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Мінез


Қалада бір ерекше орталық ашылыпты. Яғни, адамның мінез-құлқын анықтап, жазып береді екен. Қазір кімде оңған мінез бар дейсің?

Сөз көтермейді, қаны бетіне шабады. Жұмыр жұдырығын ала жүгіреді. Жаңалық естісек, кезекке тұра қалатын санаға сінген әдетіміз ғой.

Орталыққа барсам, адам едәуір жиналып қалыпты. Ауылда тұратын Қолқамыс дейтін жеңгем бар еді, ол да енгезерлей болып кезек күтіп тұр. Оның мінезін орталыққа келмей-ақ мен айтып бере аламын. Ағамыздың шашын ағартқан осы кісі. Таңертеңнен үй жағалап шәй ішіп, өсек айтқаннан басқа шаруасы жоқ. Үйіне түнеп шығуға ғана келеді.

— Келесі кім? — деді орталықта жасайтын жас қыз.
— Мен, — деп, Қолқамыс жеңгем алдына жетіп барды. Әлгі қыз бір затты басына кигізді де, тетікті басып қалды. Жеңгем селк ете қалды. Компьютерден қағаз басылып шыға бастады.

— Сіздің мінезіңіз «ешкі мінезі» екен, — деп теріліп шықты. Жеңгем қызарып кетті. Ол ойлаған болу керек «батыр мінезі»



деп. Қабағы түсіп, ерні салбырап кетті. Қағазды бір бүктелді де, орталықтан тайып тұрды.

Келесі болып ауданның беткеуістар ақыны келді. Бұл енді өлеңді жазғанда қатырады. «Елім, Отаным, Жерім», — дейді. Әйтеуір, жазғандары газет бетінен түспейді.

— Аты-жөніңіз кім аға? — деді жаңағы қыз.
— Айтқышбек Жазғышбеков.
— Кәсібіңіз?
— Ақынмын...

— Жарайды, мынаны басыңызға киіңіз де, қозғалмаңыз. Компьютер көпке дейін үнсіз қалды. Ақындардың мінезін анықтау қиын-ау деймін, озық техникада ұзақ ойланды. Ақыры қағазды басып шығара бастады.

— Сіздің мінезіңіз «қорқақ қоян», — деп қойып қалды. Арқалы ақынның шашына бастады.

— Бұл қалай? Дұрыс емес, менің мінезімді батыр, арыстан жүрек деп жазу керек. Мен халқым үшін туған жанмын, — деп, орталықтың ішін у-шу қылды.

— Әй, шырағым, — деді бір қария, — Сен неге соншама шатақ шығарып тұрсың?

— Енді, әжей бұл әділдік емес қой

— Әділдікті техникадан емес, биліктен сұра, — деді. Орталық үнсіз қалды.

— Менің намысым бар, — деп Айтқышбекте қояр емес.

— Немене, бізде намыс жоқ деп кім айтты? Сенен бұрын бұл орталыққа бірінші мен келгем, маған «түлкі мінезің» деп, жазып берді. Бұл — техника. Кімге өкпелейсің?..

Айтқышбек бірдене түсініген болу керек, мінез туралы анықтамасын алып шығып кетті. Бір кезде ербенеде аудан әкімі Талтанбай да келе қалды.

Ол кезекке де қараған жоқ.

— Сәлеметсіз бе қарындас, асығыс едім менің мінезім туралы анықтама бере қойыңызшы, — деп әкім сызыла қалды.

— Аты-жөніңіз кім болады? — деді әлгі қыз. Аудан әкімінің беті шымырлап кетті. Қаршадай қыз ел ағасын танымай тұр. Бұдан өткен қорлық бар ма?

— Талтанбай Салпанбаев деген аудан әкімі мен боламын, — деп қаттырақ қойып қалды.

— Жаксы, хош келіпсіз қазір шамалы күтіңіз. Компьютер көп күттірмеді.

Зыр еткізіп анықтаманы шығарып берді.

— Сіздің мінезіңіз «қомбайын» сияқты депті техника. Талтанбай ойланып қалды. Түкке түсінбей қалды. Қағазды көзілдірігімен қайта-қайта қарады.

— Сонда қалай? Қомбайын, мен тірі жан емеспін бе, қызық екен, — деді танырқап. Ол ештеңе деместен артына қарамай зытып кетті. Бір әйел сол арада қомбайынның шешуін айтты.

— Қомбайын дегені, ауданның бар қаражатын, мал-мүлкін жұта береді, жұта береді дегені ғой, — деді. Кейбірулер оның сөзін дұрыс десе, кейбіреулер жокқа шығарып жатыр. Кезек маған келді. Бірінші айып болмаса өзін туралы айтайыншы. Мен — бір мекемеде директормын. Мекеменің басым бөлігі — жасы келген зейнеткерлер. Оларды жұмыстан шығару керек деп бұйрық шығарамын. Ертеніне жоғарыдан біреулер қоңырау шалады да, бұйрығым өзгеріп, күйірігім қызарып кетеді. Мекемеге бірдене сатып алайын десем, жалтақ-жалтақ етіп өркімнен сұрай беремін. Қызметкерлерімнің еңбек ақыларына үстемәкі қосамын деймін де, кейін орындай алмай қаламын. Өтірік үдені жиналыс сайын үйіп-төгемін. Қазақша бірдем де, орысша ойланамын. Үйде бәрі толып тұрса да келеділене беремін. Ай сайын әр банктен кредит алғанды қатты ұнатамын. Ағайын-туыс, жора-жолдастың бәрине қарызбын. Сонымен не керек, басыма әлгі қорапты кигізді. Компьютер ызыңдап тұр. Менің жүрегім қобалжып кетті. Бір кезде де қағазда басылып шықты. Қағазға тостағандай етіп, сенің мінезің «Қазақстан сияқты» депті. Мен қуанып кеттім. Бұл керемет қой.

— Мен өз елімді шын сүйемін. Патриотпын, — деп айқайлап жібердім. Бір ақсақалды қария басын шайқады.

— Шырағым, сен түк түсінбедің, ойлан, — деді.

— Мен сол қағазды ұстап әлі ойланып жүрмін...



Қазір «микроб» десе бәрі шошиды. Біздің әйел дүниенің бәрін «микроб» деп, далаға шығудан қалды. Жұмыстан келгенде үйдегі жүгірмектерді рахаттанып сүюден де қалды.

Әйелім:

— Ойбай, баланы сүйме микробың жұғалды, — деп баж ете қалады. Сол «микроб» демекші, бірде бір әжеміз үйде немересін бетінен сүйіп жатса, келіні жүгіріп келіпті:

— Әже, сүйменіз, микробыңыз жұғалды, — депті.

Сонда әжесі:

— Әй, келін, бұл бала менің миробымнан шыққан микроб, — деген екен. Әжей өте дұрыс айтыпты.

Сол «микробтар» баяғыда болмаған-ау деймін, өйткені мына үлкен кісілер біледі, жөңгелеріміз тамақ ішуге дастарқан басына жиналғанда, қасықты тілімен бір жалап, етегіне сүртіп-сүртіп «мә, тамақ іш» деп бере салады.

Одан микроб жұқпайды. Бұрын, Совет үкіметі кезінде сағыз деген ауылдық жерлерде мүлдем сатылған жоқ. Тапшы болды. Түсінде ғана шайнап, шайнаңдап жатасын. Сол кезде сағызды тек дүкенші әйел немесе совхоз директорының баласы ғана мектепке шайнап келеді. Барлық оқушылар соның шайнаңдаған аузына қызығып қарап отырады. Әлгі дүкеншінің қызынан жалынып жүріп әрен дегенде бір түнге әлгі сағызды шайнауға сұрап аласын... Үйге келіп ол сағызды рахаттанып інілерінен тығылып отырып шайнайсың, ертеңіне мектепке әкелуге ұмытып кетсең болды, мектепке дүкенші апай қызын ертіп, жүгіріп келеді де, сені алдына салып үйіне келеді:

— Әй, осы үйде менің қызымның сағызы бар, қайтарыңдар, — деп айқайға басады. Содан жүгіріп барып, жапсырып қойған столдың астын қарасаң, әлгі сағыз жоқ, сүйтсем, үйдегі екі оқитын жүгірмек көшеге шайнап кетіпті. Оны іздеп әрең дегенде сағызды тауып қайтарып бересің. Сол дүкенші апайдың қызының сағызын бүкіл ауылдың балалары кезек-кезек шайнап шығады. Бірақ ешкімге «микроб» жұқпайды. Ешкім жұқпалы аурумен ауырмайды.

Микроб

Ол уақытта бір-бірінен жеркены деген атымен болған жоқ. Қазіргі адамдарға түсінбеймін, қасындағы отырған адамнан мұрнын басып жеркенип отырады. Мына көпшілік біледі, әжелеріміз жаңа туған балаға печениені аузымен езіп-езіп береді. Тіпті, олар «бутербордты» ауызбен жасайды. Әжеміз бірінші етті аузына салады езілгенше шайнайды, одан кейін нанды салады, оны да шайнайды да, сосын:



— Әй, құлыным, аузыңды аш, мә же, — деп, баланың аузына салып жібереді. Нағыз диеталық тағам, баланың асқазанына жеңіл. Бірақ одан балаға «микроб» жұқпайды. Баяғыда бір әжеміз, үйге келген қонақтарына шелектен айран құйып беріп жатыпты:


— Ішіндер айналайын құлдықтарым, қою айран, майлы айран, — деп жатса, айран құятын ожау қасығы шелектің түбіне бірдене тіреліп қалады.

— Құдай-ау, бұл немене, — деп, әжеміз шелекке қолын салып жіберсе, бір зат ілініпті. Айран ішіп отырғандар аң-таң дейді. Содан әжеміз, әлгі шелектің түбінен тауып алған затты тілімен жалап-жалап былай депті:

— Әй, іше біріңдер, ештеңе етпейді, бұл Сайлыбекжанның ұлтары ғой, — депті. Мына қазіргі адамдар қолымен ет жегуге қорқалды. «Ойбай, ішімізге микроб кетіп қалады», — дейді. Бұрындары аталарымыз ауылда той болып, ет жеп болғандан кейін, «әй, бала бері кел, аузыңды аш» деп, қолымен етін майын, нанын, жуасын, сінірін салып «хот-дог» жасып аузына асатып жіберетін, соны біздер үйге дейін шайнап барамыз. Бірақ микроб жұқпайды. Сол микроб демекші, менің бір құрдасым іссапармен бір ауылдық жерге барады. Ол өзі

қалада туып, қалада өскен жігіт қой. Машинамен ол алты сағат жүріп, шөлдеп қарны ашып әлгі ауылға әрен жетеді. Бір ауылдың шет жақтағы үйіне қонақ болып түседі. Сол үйдегі жеңгеміз, аяғы-аяғына тимей, шәй жасап жүгіріп жүр дейді. Далада қой сойылып жатыр. Содан дастарқан жайылып, шәй әзір болып, құрдасым төрге отырады. Содан құмшекер салатын ас қасық іздей бастайды. Оны аңғарған жеңгеміз. «Ойбай, шапқылып жүріп ас қасықты қоюды ұтытып кетіптің», — деп, қасындағы баласының жарма жеп отырғы ас қасығын жулып алып, аузымен жалап-жалап, етегіне сүртіп:

— Мә, ала қойыңыз, — депті. Шөлдеп келген құрдасымның шөлі бірден қана қойыпты. Содан өзін-өзі жұбатып, «шәй ішпесем, қуырдақ жермін» деген оймен далаға шығады. Далада ошақта отта қазан қызып жатыр. Бір кезде жаңағы жеңгеміз үйден жүгіріп шығады да, әлгі қазанға келіп, «тфу, тфу» деп аузының ұшымен қазанға түкіреді. Қызған қазан «бьж» еткенде, жеңгеміз, «ойбай, етті әкеліңдер қазан



қызды» деген екен. Оны көрген құрдасым қуырдақтан да қағылады. Сосын әбден қарны ашып, қой ең болмаса етті жермін деп өзіне өзі келіп үйге кіреді. Ет дайын болғанда, әлгі бала сияқты қалбаңдап жүгіріп жүрген жеңгеміз, қолына құман мен леген алып жүгіріп келеді. Құрдасым, қолын жуып болып дастарқан басына отырады. Пысық жеңгеміз болса, әлгі қол жуған легенді төгіп, мұздай сумен шайып-шайып ет салып дастарқан басына алып келіпті. Құрдасым ақыры сол ауылдан аш қайтыпты.

ЖОМАРТТЫҢ ЖАУАБЫ



— Ол не пәле? — деп Айбаттың шешесі Биғаным өре түрегелді.

— Шрек деген былайша айтқанда есек қой, — деді директордың орынбасары.

— Өзің есек, менің балам қасқыр болады.

— Қасқыр Биғаштың баласы Арман болады, — деп, Безеугұл орнынан безілдеп ұшып тұрды.

— Жок, менің балам есек болмайды, — деп Биғаным айқайға басты. Биғаным — байына бағынбайтын әйел. Жыны ұстаса, жиналысыңды быт-шыт етеді.

— Тыныш, тыныш, құрметті ата-аналар, сабыр сақтаңыздар! Шректі әлем біледі. Ол — ақылды, жақсы есек, — деді директор

— Есектің жақсысын көргенім жоқ, менің балам ендеше Ерғөстек болады, — деді Биғаным. Бұл ұсыныс басылыққа ұнамай қалды.

— Келесі кезекте мектептің озат оқушысы Мұрат Терминатор болады.

Мұраттың әжесі шошып кетті.

— Қарағым, Тірменатыр деген не?

— Ол робот қой, темір адам.

— Әй, олай деп менің басымды қатырмандар, менің балам ешкімнен кем емес, ол Тірменатыр болмайды, Алпамыс батыр болады. Көпшілік ата-аналар әжейдің сөзін қолдап жатыр. Бір атай тұрып айтты:

— Айналайындар, сендер шетелдің кейіпкерлеріне еліктегенше өзіміздің ертегілердің кейіпкерлерін неге көрсетпейсіңдер? Таусалы: Алдар Көсе, Сакқулак, Таусоғар, Желаяк, көп қой айта берсең...

— Ата, сіз біздің жұмысымызға кедергі келтірмеңіз, өзіміз білеміз, — деп, директордың орынбасары Безеугұл бедірейіп қалды. Жиналыс әрі қарай жалғасты.

— Үшінші кластың оқушысы, Балтабайдың баласы Жомарт Аватар

болсын деп шештік, — деді мектеп директоры Бәтима. Аватардың не екенін ата-аналар тіпті ұқпай қалды. Бетін шымшып бір-біріне қаралды.

— Аты бір түрлі екен құбыжық шығар, — деп жатыр біреулері.

— Апей, мен Жаңа жылға Аватар емес, ұлттық киіммен келемін, — деді Жомарт.

— Сонда ұлттық киіммен кім боласың?

— Қазақ боламын...

Мұғалімдер үнсіз қалды. Оқушының бұл жауабы бүгінгі жиналысқа қорытынды жасағандай болды.



Бетгі дайындаған Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

Шалғайдағы Шуашты ауылының тұрғындары шаңқай түсте бүлініп, шабылды да қалды. Көптен бері адам бас сұқпаған клубтың есігі айқара ашылып, ауыл әкімі күндіз-түні содан шықпайтын болды. Клубтың ауласында Ауғанбайдың асау есегі, он шақты тоқты-торымы жүруші еді. «Малыңызды осында енді жіберсеңіз, кәуәпханаға өткізіп жібереміз» дегеннен соң Ауғанбай қойы мен есегін орталық саябаққа қарай қапattы.

Шал-шауқанды, кемпір-сампырды, бала-шағаны шала бүліндіріп, бұл клубта не болғалы жатыр? Атанбек сияқты бірді айтып, екінші мәселеге қияндап шығып кетпей тұрғанда негізі айтпағымызға құрық салайық. Ауылдағы клубка комиссия келгелі жатқан жоқ. Мұнда қаладағыдай дүркіреп дискотека да өтпейді. Ендеше бұл дүрлігу қай дүрлігу? Сөйтсек, мұнда бүгін аудан әкімі келіп, есеп бергелі жатыр екен. Ауыл әкімі Көпірбайдың көрініп қалар кезі-ақ. Өзіне жоғары жақтан тапсырма тым қатал берілген-ау шамасы, екі-үш күн бойы осы ауылдың аузы дуалы ақсақалдары мен атқамінер азаматтарының үйлерін айналышықтап шықпай қойды. Мәнді руының мықтылары алдын ала бір ақсақалдың үйінде бас қосып, аудан әкімі Асқарға қорған болу жағын мықтап ойласты. Сөйлейтіндердің тізімі алынды. Не деу керек екені тиянақталды.

— Анау Сарыбай сынды сандырақтағыштардың аузына құм кую керек. Мүмкіндігінше оларды сөйлетпеуге тырысайық. Бүйтпесек, біздің мәнді атты мықты руымызға сын. Бірауызды болайық, бауырлар, — деді ауылдың төбе биі Дәндібай.

— Олай етпесек, ағайын болғанымыздан не пайда? Ұйымшыл болмасак, мәндірілігімізден мән кетеді ғой, — деп Айтжан ақсақал көзіне жас алды.

Ұйымшыл, бірауызды болмаққа серт байласып, тіс шұқысқан топ түн жарымында тарқасқан-ды.

Енді міне, қыстай от жағылмаған көне клубты жылыта алмай ауылдың барлық белсендісі алаөкпе болып жүр. Ауданнан «Зима-лето» деген жылыту құралын әкеліп еді, оған үшфазлы ток керек екен, шөккен түйдей шонқып, бір бұрышта шошайып қалды. Не істеу керек? Ауылдағы жалғыз моншаның от жағушысы Ошақбай «екі-үш жерге темір пеш қоялық» деген ұсыныс айтты. Алайда мұржа шығаратын тесік жоқ. Ақыры ақылдаса келе, терезенің бір көзін алып, темір пештің мұржасы шығарылды. Тамызық кеппеген бе, әлде көмірі түскір нашар ма, пеш түтеп, түтіндеп, клуб ішінде адам кіре алмастай иіс қаптады.

— Ойбай, көзімді ашытып барады. Мына түтінге тұншығып өлмесек не қылсын, — деп жиыннан қандай өсек тындап қалар екенмін деген өзіндік жоспармен алдын ала жеткен қатпа кара кемпір сыртқа атып шықты.

— Ініне кіріп кеткен түлкіге түтін салушы еді, мына әдістерін сонның бір түрі екен. Тегі, бізді де клубтарына кіргізілерің жоқ-ау, — деп Серік насыбай шакшасын ұрғылады.

Жұрт жиналып, осылай түрлі әңгімеге тамызық тастап тұрғанда сүліктей кара «Мерседес» ауладан кіріп келе жатты.

— Әкім келді, әкім!
— Жол беріңдер, жол беріңдер!
— Ой, өншен... Ұйыққан малдай топырламай, жол беріңдер, түге!
— Ассалаумағалейкум!
— Қош келіңіз, әкім мырза! Өзіңізді тағатсыздана күтудеміз.

«Мерседес» сырғып келіп ортаға тоқтады да, артқы есігі ашылып, алдымен әкімнің аяғы көрінді. Асқар машинадан жеңіл қарғып түсіп, жағалай тұрған жергілікті тұрғындармен қырық жыл көрмеген құдасын жолықтырғандай құшақтасып көрісті. Кейбіреулерін арқадан қағып, біреулерін сүйіп жатыр.

Өмір — қызық. Біз білетін Асекен тәкаппардың тәкаппары болатын. Оның сұсынан талай адам бұғып жүретін. Соны білетін Асекең талайға улы тілін сұғып жүретін. Бұл жолы мүлдем бөлек. Адам біткеннің аккөңілі, жан біткеннің жайдарлысы. Үлкендерді қойып, кішілердің де қолын сілкілеп жатыр. Білмейді екенбіз ғой, әкімнің жүрегі мақтадай жұмсақ, ел дегенде майдай еріп кетеді екен. Бәсе, тегін адам таз болар ма?

— Алдына барғанда талай мәрте тауым шағылып қайтып еді. Бұл жолы қалай мүсепірі бола қалған? «Алладан шынымен



де жарлық түссе, Ай-дағы жерге түсер аспандағы» деп халық бекер айтты деймісіз. Аспандағы мына әкіміңіз жерге түсіп тұр ғой», — деп Серік аузындағы насыбайын сонадайға ытқытып жіберді.

— Енді қайтпек, аудан әкімдері ауыл аралап барып, есеп берсін деп жатса. Егер осы жолы сүрінсе, оңайлықпен оңалмайды, — деп Жандар пәлсапа соқты.

Жандар айтса, білгенін, естігенін айтып отыр. Кеше ғой, Көпірбай көкесі: «Ойбай, бұл жиналысқа облыстан белді кісілер қатысады. Журналшылар да мұндайда етекке оралып, жағаласып жүреді. Солардың құлағына бірдене ілікпесін. Іліксе олар індетеді. Сондықтан сак болайық», — деп есеп беруден соң сөйлейтіндердің тізімін алдын ала жасатқан. Кілен мәнді руының мықтылары, яғни әкімнің жақындары сөйлемек. Олар сөйлеп біткен соң жиналысты тезірек аяқтау керек. Жылы жауып қоя салу керек. Міне, мәселе қайда жатыр?

Асекен аспандатып сөйлеп кеп берді. Қарап отырсақ, табыс деген толағай. Ішкенін алдында, ішпегенін артында. Ас та төк тоқшылық заман. Құдай-ау, қаншама құрылыс салып тастағанбыз. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдері еселеп артыпты. Кіріптарлар мен кедейлерге көл-көсір көмек көрсетілген. Мәдениет ошағы маздаған. Денсаулық, білім беру, спорт саласы жанданған. Бұдан артық не керек? Коммунизм кезінде де жете алмаған көрсеткіш қой мынау.

«Абылайдың асында шаппағанда көкпарды атанның басында шабасың ба?» демекші, бұған қол соқпағанда қашан қол соғасын. Клуб іші шарт-шұрт шапалақтан құлақтұндырды. Сапалақшал: «Ойпырымай, ә!» деп шөп сындырды.

— Қалай-қалай сайрайды, ә! Егер жағдай әкім айтқандай болса, біздің ауыл былай құлазып тұрмас еді-ау. Клубымыздың күрделі жөндеу көрмегеніне түп-тура жиырма жыл болыпты. «Әкім келе жатыр» дегеннен соң ғана ішін тазалағанысып, от жақтық. Ауруханамыз анау, былтыр ішінде бір келіншектің жана туған нәрестесі суықта қатып қалды. Дәрі-дәрмегі ділгір. Соқыршек болып барған Ілекеңнің баласын о дүниеге аттандырып тынды. Жол жол емес, ойдым-ойдым бірдене. Мектептегі балаларымыз шетінен тұмау. Әкімшілік кеңсесінің іші толған шылау. Ал аудан әкімінің айтып отырғаны мынау, — деп Серік сабырсызданып, жан-жағына сыбырлап жатты.

Баяндама бітті. «Жарыссөзге жазылыңыздар. Алғашқы сөз ауылымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Диірменовке беріледі», — деді ауыл әкімі Көпірбай.

Диірменов әңгімені диірменше үйіріп әкетті. Пәлсапаны одан-бұдан қайырып әкеліп, Асекеннің ауқымды істеріне айрықша тоқталды.

— Осы жетістіктердің бәрі Асекеннің арқасы. Оның баяндамасына, бір жылдық

атқарған ісіне «өте жоғары» деген баға беруге лайық, — деп тізгінін бірақ тартты.

— Сонда Президенттің жүргізіп отырған саясаты далада қалады ма? Мынау не деп сандырақтап тұр? — деп Қалдан қапаланды.

— Әй, күбір-сыбырды тоқтатындар. Ендігі сөз ауылдың төбе биі Маусымбек Мырзаұлына беріледі, — деді ауыл әкімі жұртты тыныштыққа шақырып.

Маусымбек мінберге маңғаздана көтерілді. Әйткенмен айтары тым шолақ болды. Ол Асекеңнің еңбегіне баяғдан қызығып жүреді екен. Былтыр Асекеңнің арқасында ауыл ауызсулы болыпты. Айттып отырса, Асекеңнің арқасында егін бітік шыққан. Асекеңнің арқасында ауылдың келіндері былтыр егіздетіп-сегіздетіп, ұл-қызды мольнан туып тастапты.

— Ой, мынау не деп оттап кетті? Сонда Асекең келіндеріміздің қойындарына кірген бе? Бүйтіп жағымпазданғанша, жерге кірсейші, — деп Күмісай әжей күңк етті.

Күмісайды қостағандар қарасы көбейді. Әр-әр жерден күңкіл-сынқыл шығып, клуб ішінде толқын жүріп өткендей болды. Оралбай Диірменов орыннан қатулана көтеріліп, біраз адамдардың аузына қақпақ қойып ұлгерді. Зал тынышталғанда отырған жұрт Маусымбектің аудан әкімінің бір жылдық есебіне «өте жоғары» баға бергенін бірақ аңғарды.



Мұнан соң мінберге көтерілген шаруа қожалығының төрағасы Арқарбек Сейсенбаев пен мектеп директоры Алдияр Қауынбаев ауылдағы телефон, интернет байланысының нашарлығын, көлік қатынасының ретсіздігін айтқанынанмен, шенберден асып шылбыр үзіп кете алған жоқ. Аудан әкімінің есебіне «өте қанағат-

танарлық» деп баға беріп, орындарын адаспай тапты.

— Ау, жарандар! Маған қарандар! Былтыр осы аудан әкімінің ұлы тапа-тал түсте адам қағып кетіп, өлтіріп қойса да сотталған жоқ. Сосын мына мақтап отырған Асекеңдеріңіз өткен жылы екі зауытты сатып жіберді. Елбасы «балалар бақшасын көбейтіндер» деп жатқанда ол біздің ауылдағы садикті жекешелендіріп, туысына тарту етті. Қызметке тек өз руластарын ғана жинап отыр. Айтқыш болсаңдар, неге осы «ерекшеліктерін» айтпайсындар? — деп Әбен орнынан қарғып тұрды.

— Ой, әкеңнің!.. Қаңғып келген қу кірме. Қайда отырғаныңды білмейсің-ау әлі, — деп Нуралы оны құлақ шекеден салып қалды.

— Полиция, полиция! Мына Әбен бүлікшіні әкетіндер, — деп Оралбай Диірменов дір-дір етті.

— Асекеңнің ауылымызға әкім болғалы бірінші рет келіп отырғанын неге айтпайсындар? — деп қалды Мәрия апай.

Ол мектепке қырық жыл мұғалім болған, туралықты сүйетін кісі еді.

— Мына кемпір жынданған шығар. Әй, Мәрия, бүлік шығармай тыныш отыр, жәйына, — деп Орекен оны да жекіп тастады.

Орнынан Сарыбай тұрғанда Көпірбай сазарып отырып қалды. Тек Орекең ғана: — Сәке, қысқа қайырыңыз, уақыт жоқ, — деп оның алдын кес-кестелді.

— Аузымызға қақпақ болсаңдар, клубка неге жинадыңыздар? Мына Көпірбай «аудан әкімімен туыспын, мұртымды балта шаппайды» деп көкіп жүр. Асқарының да дұрыс басқарып жүрген түгі жоқ. Адамдарды ру-руға бөліп, алалап бітті. Аудандағы ең шұрайлы жер тек осыларда. Қалған адамдар сонда ауамен күн көреді ме? Міне, осыларды неге айтпайсындар, халқым-ау! — деп бурқырап барып орнына отырды.

Мұнан соң Жұман жұлықнды.

Бірақ оны мінберге жіберген жоқ. Орекен ойбайлап Жұманға жұдырық көрсетті.

— Өншен шылбырдағы шешендер мен бағулы бұлбұлдар, қарғыбаулы қарғалар ғана сөйлейтін жиын болды ғой бұл. Қалғанына сөз жоқ болса, онда мен үйіме кеттім. Кемпірімнің ыстық шайын ішейін, —

деп Ынтымақ орнынан көтерілді. Келушілерді сұсымен сескендірген Көпірбай мен Оралбай жиналысты «жабық» деп жариялап жіберді. Жиналғандар аудан әкімінің бір жылдық есебіне бірауыздан «өте жоғары» деген баға беріп тастады.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢБЕЛТІНАШ

Ат әсемейтін,
Ащы шоптің,
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойынады.
Омбай ойбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйпа-туйпа,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жиспақы,
Тап-таза,

Түп-түз,
Бұл кім?
Ұқытты болуға ұттыла!

Мамал
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуізі» дейді.

Табанынан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытырық боп,
Түбі күйді.

Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.

ЖҮРЕГІҢ

жандурамастың...



Соңғы үш жылда Атырауда 500 грамм мен 2 келі арасындағы салмақпен 1 200-ге жуық нәресте перзентханадан шығарылған. Шала туған нәрестелерді аман алып қалуда медициналық көмектен бөлек, таза жүннен тоқылған киім-кешектердің де маңызы зор. Атыраудағы 50-ге жуық еріктіні біріктіріп отырған «28 ілмек» клубының нәрестелерге арналған киім-кешек тоқып келе жатқанына 11 жылдан асты. Біз осынау ерекше клубтың үйлестірушісі Валентина Верцанға хабарласып көрдік.

тоқылған киімдер сәбидің денесіне қажетті температурамен тезірек жылынуына ықпал етеді. Сонымен бірге жүннен тоқылған киімдер емдік массаж есебінде де әсер етеді. Осы арқылы баланың бойындағы моторикалық қызмет жүйесі жақсарды», — дейді Валентина.



«Осыдан он бір жыл бұрын Ақтауда қыдырып жүріп, осындай қозғалыстың еріктілерімен таныстым. Олардың өз қызметтері туралы ерекше мақтаншыпен айтып отырғандарына күә болғаннан кейін, сол еріктілердің жұмысын зерттеп көрдім. Көп нәрсе үйрендім. Сөйтіп, Атырауда «28 ілмек» клубының үйлестірушісі ретінде жұмыс істей бастадым. Уақыт өте келе, «28 ілмек» клубының құрамы кенейе түсті», — дейді Валентина.

Валентина Верцанның айтуынша, таза жүннен тоқылған киімдер шала туған сәбилердің тыныс алуына оң әсер етеді. «Сәби мерзімінен бұрын өмірге келгендіктен, оның бойындағы жылу алмасу үрдісі бұзылады. Сондықтан медициналық көмектен бөлек, нәрестелерге жылу керек. Әрине, күзде сәбиге қажетті температура сақталады. Бірақ жүннен



недегі жылуды сақтау маңызды. Сондықтан күздегі температураны сақтаудан басқа, балаларға жүннен жасалған шұлық сияқты ұсақ заттар қажет.

«Аурухананың бюджетінде шұлық сатып алу қарастырылмаған. Сондықтан шала туған шақалақтарды аман алып қалу миссиясына «28 ілмек» қозғалысы еріктілерінің көмегі ауадай қажет. Экологиялық таза жүннен тоқылған киімдер мерзімінен бұрын әрі кішкентай салмақпен туған нәрестелердің өмір сүруге тез бейімделуіне оң әсер етеді. Яғни, жүннен тоқылған киімдер сәбидің терідегі рецепторларына әсер беріп, баланың оянып, дұрыс демалуына әсер етеді. Шала туған балалардың дамуына уақыт керек. Сол үшін де мұндай технологияны қолдану әрі

қауіпсіз, әрі қажеттілік. Жүннен тоқылған киімдер жылуды да өте жақсы сақтайды. Көбіне салмағы бір келіге де жетпейтін шала туған сәби үшін бұл өте маңызды. Өйткені жаңа туған нәрестенің теріасты майы болмағандықтан, мұндай балаларда бойына жылуды сақтау қабілеті төмен болады», — дейді Атырау облыстық перинаталдық орталығының ресми өкілі Нұргүл Исмағұлова.

Валентина Верцанның айтуынша, «28 ілмек» клубының қатарын толықтыру ниетімен келетін еріктілердің бәрі бірдей тоқу өнерін меңгермеген.

«Еріктілерді тоқуға өзіміз үйретіп аламыз. Біздің еріктілеріміздің қатарында 73 жастағы Зинаида Ивановна да бар. Әдемі жасына қарамастан, ол кісі тоқу өнеріне бар зейінін қойып жүр. Әрі жергілікті «Гуревчанка» хорында ән де айтады. Біздің еріктілеріміздің жұмысбастылығы «сәбилерге көмектесу» деп аталатын миссиямыздың сәтті орындалуына кедергі емес. Перзентханаларға таза жүннен тоқылған жиынтықтарды үзіліссіз тапсырып жүрміз. Жиынтық құрамында баскиім, шұлық, күртеше, жөргек, тіпті нәрестені психологиялық тұрғыдан тыныштандыруға арналған ойыншық сегізаяқ та бар. Сондықтан қолдау көрсеткісі келетін тұрғындардың қозғалыс мүшелеріне иірілген жіп алып беруіне болады. Тоқымашылар қандай көмекті де қуана қабылдайды», — дейді Атырау қаласындағы «28 ілмек» қозғалысының үйлестірушісі Валентина Верцан.

Жыл басынан бері Атырау облысында 287 нәресте мерзімінен бұрын өмірге келген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемде жыл сайын 15 миллион бала мерзімінен бұрын, яғни жүктіліктің 37-аптасына жетпей өмірге келеді. Бұл — әрбір оныншы бала ерте туады деген сөз.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Air Astana әуекомпаниясы «2023-2024 жылдардағы қысқы маусымға дайындығы» тақырыбында баспасөз брифингін өткізді. Жиында әуекомпаниясы астаналық мұздануға қарсы машиналар паркін көрсетті.



Ауа райының қолайсыздығынан көп жағдайда барлық әуекомпанияларының жұмысы қиындайды, әсіресе қыста рейстер жиі кешіктіріледі. Әуе рейстерінің кешігуі мен тоқтатылуының негізгі себебінің бірі — қолайсыз метеорологиялық жағдайлар. Air Astana компаниясының биылғы соңғы 10 айдағы рейс уақытылығының орташа көрсеткіші 80%, бұл көрсеткіш былтыр қыстағымен салыстырғанда 10%-ға төмен деген сөз. Рейстердің уақытылы орындалу көрсеткіштерінің маусымдық төмендеуі салалық орташа деңгейге сәйкес келсе де, әуекомпаниясы тобы көрсеткішті одан ары жақсарту мақсатында жұмыс жалғастыруда.

Биылғы күзде әуекомпаниясы екі заманауи мұздануға қарсы машинаны сатып алды. Одан бөлек, 2025 жылдың соңына дейін қосымша төртеуін сатып алмақшы. Астана әуежайының аумағында Air Astana компаниясы мұздануға қарсы сұйықтықты сақтауға арналған жеке қойма салып жатыр. Аталған шаралар қысқы кезеңдегі рейстердің уақытылы орындалуына ауа райының тигізетін әсерін азайтуға бағытталған.

Брифинг барысында Air Astana техникалық қамтамасыз ету жөніндегі аға менеджері Аслан Әбілпейісов мұздануға қарсы өңдеудің маңызына тоқталды.

— Мұздануға қарсы өңдеу күзгі-қысқы кезеңде әуекемелерінің ұшу алдындағы дайындығында басым рөл атқарады. Бұл ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Air Astana қауіпсіздікпен компромис жасамай, уақытылы ұшу үшін қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың әсерін азайтуға тырысады. Ұшу қауіпсіздігі біздің тұрақты ба-сымдығымыз болып қала береді, — делді ол.

ҚР заңнамасына сәйкес, Air Astana әуекомпаниясының рейсі кешіккен немесе орындалмаған жағдайда жолаушыларға 2 сағаттан кейін жеңіл тағамдар мен сусындар, 4 сағаттан кейін ыстық тамақ беріледі, 6 сағаттан кейін немесе түнгі уақытта қонақүйге орналастырылады, ал 8 сағаттан кейін (күндізгі уақытта) тегін қайта брондау жүзеге асады. Сондай-ақ рейс 5 сағатқа кешіккен кезде билет құны толық қайтарылады.

АЙСАМАЛДЫҢ КҮМІСІ

Мексиканың Гвадалахара қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Айсамал Сансызбаева күміс жүлдегер атанды.



Спортты дамыту дирекциясының мәліметінше, Айсамал Сансызбаева 87 келіден жоғары салмақта өнер көрсетіп, қосайсы қорытындысы бойынша 250 келіні еңсерді.

Қазақстандық спортшы жұлқа көтеруден 107 келіні бағындырып, кіші күміс медальға ие болды. Ал серпе көтеруден 143 келі нәтижемен кіші алтын медаль алды.

Айтулы доданы Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 1 алтын, 1 күміс медальмен аяқтады.

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4380

Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114